оқушының өзін қоршаған, өмір сүретін жаңа табиғи және әлеуметтік ортаға үйренуін, онда жаңа әлеуметтік мәртебе – оқушы мәртебесін қалыптастыру;

оқу, ойын, еңбек, қарым-қатынас т.б. сияқты әрекет түрлерін қажетті деңгейде меңгерту. Жаңа буын оқулықтарының ғылыми негізі ретінде дамыта оқыту жүйесі алынып отыр. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсынылады. Сабақ төмендегідей құрамдас бөліктерден тұрады:

- оқу мақсаттарының қойылуы;

оны шешудің жолын бірлесе қарастыру;

шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл үшеуі дамыта оқытудың Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов жасаған

жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде. Шешім табылған кезде әркім

оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптардың бәрі бірдей дұрыс бола бермейді. Дегенмен, әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірбиесін қортындылауға үйренеді. Баланың тапқырлығын, зерделілігін дамытатын шығармашылық тапсырмалар үлкен нәтиже береді. Мысалы: Әдебиеттік оқу сабағы. 4 класс. Н.Ақышевтың «Компьютер жанындағы жанжал» әңгімесі бойынша өтілген сабақта мәтіннің мазмұны талданып болған соң, сұрақ қою арқылы әңгіме жүргізіліп, оқушылардың өз ойларын жүйелі дәлелдеп жеткізуге көңіл бөлінді.

- Әңгіме неден басталады?
- Оқиға қалай өзгерді?
- Әңгімені қалай жалғастырар едің?
- Автор осы әңгімесі арқылы не айтқысы келді?

Дамыта оқыту сабақтарында жаңа материалды таңдауға зор көңіл бөлінеді. Өйткені талданбаған шығарма бала жүрегіне жетпейді деп есептелінеді. Ізденіс барасында мұғалім әр баланың көңіл-күйін бақылауға, ой-пікірін байқауға мүмкіндік алады. Өз тәжірбиемде сабақ сапасын арттыру, жақсы білім дәрежесіне жетуде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданудамын. Мысалы: эвристикалық әдіс, оза оқыту әдісі, деңгейлік оқыту, т.б. Өздік жұмыс балалардың шығармашылық әрекеті мен ынтасын дамытуда зор әсер білдіреді. Өздік жұмыс түрлерін әр пәннің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, алдын-ала жоспарлап отыру керек. Күнделікті сабақта қолданылатын өздік жұмыс түрлері:

- сурет бойынша есеп құрастыру;
- жұмбақ есептер, ребустар шешу;
- сөзжұмбақ құрастырып, шешу;
- тест құрастыру.

Әдебиеттік оқу. 4 класс. «Жылқы. Жылқышы».

Төрт түліктің бірі жылқы малы жайлы түсінік беру мақсатын көздеген сабақта оқушылардың сөйлеу шеберлігін жетілдіру, белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамытуға баулу қарастырылады. Аралас түрде өтетін сабақта сұрақ-жауап, сахналау, баяндау, көрнекілік, жинақтау әдістері қолданылады. Алдымен үй тапсырмасын тексеріп, қортындылап, ой түйінделеді. Сосын жаңа сабақ барысы талқыланады. Оқушылардың бұрынғы білімдері еске түсіріледі.

- * Төрт түлікті атату.
- * Төрт түліктің ішіндегі жүйрігі, адамға серігі және көлігі қай жануар?
- * Жылқы жылы
- * Жылқы жүрісі

Мәтінмен жұмыс. Мәтін мазмұнын түсіндіру, оқыту. Мәтінді талдау.

Әңгіме кімнің атынан баяндалған?

Қос деген не?

Жылқы етінің қасиеті қандай?

Жылқының адамға пайдасы қандай?

Жаңа сабақты тиянақтау.

Мәтіннен табиғат көрінісін беретін жолдарды тауып оқу;

Мәтіннен жылқының аналық мейірімі жөнінде айтылған тұсын тауып оқу;

Шығармадағы мақал мағынасын түсіндіру;

Қортындылау.

Қазақ халқы жылқыны неге ерекше қастерлеген?

Жылқыға байланысты ұлттық ойындарды ата

Не білеміз?	Нені білдік?	Нені білгім келеді?
Жылқы- суыққа төзімді, көлік, тамақ, сусын, ауруға ем жануар	ү Терісінің иісіне жылан жоламайды. Еті салқында қатпайды, таза су ішеді, құнарлы шөп жейді.	Батырлар мінге аттар туралы, жылқының түрлері туралы

Сол сияқты баланы ойлауға үйрететін тәсілдердің бірі – салыстыру әдісімен сабақ жүргізе отырып, оқу материалын оңай көрнекті етіп ұсынуға мүмкіндік алады. Бала қиялын дамытуға септігін тигізеді.

Міне, осындай озық технологияларды тиімді пайдалану арқылы бастауыш класс оқушыларының пәнге қызығушылықтарын арттыруға болады. Бүгін жас - біздің келешегіміз екенін есте сақтағанымыз жөн.

ЖУКЕНОВА Г.Б., КАНИЕВА К.

БІЛІМ БЕРУДІҢ АҚПАРАТТАНДЫРЫЛУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ МОТИВАЦИЯСЫ

Білім беру жүйесі ақпараттық технологиялардың жетілуіне қарай, қазіргі уақытта өте жедел қарқынмен дамуда. Болашақ мамандардың кәсіби біліктілігі осы жағдайға мотивациялануы қалыпты көрсеткіштер қатарына жатады. Болашақ мамандар яғни білім саласында жүрген, оқу ақпаратын күнделікті қолданатын білім алушылар, осыған орай кәсіби түрде мотивациялануы заңды құбылыс ретінде танылады. Демек біз осы тақырыпта мотивацияның ақпараттық дамудың кәсіби білім беруде орын алуы қандай болмақ?, Мотив сөзі мағынасында, болашақ мамандар нені білуі керек?, деген сұрақтардың мәселесіне тоқталатын боламыз.

Алғашқы сауал бойынша, мәселе ретінде бүгінгі кезеңдегі заманауи ақпаратты қоғамдағы даму бағытының жалғасы, білім беру саласына да тоқталмай кетпеу мүмкін емес. Яғни заман талабына сай, жаңадан

шығарылып отырған ақпарат технологияларын білім беру саласында пайдалану. Ғылымды жетілдірудегі бұл игіліктің орны әрине ерекше. Тақырыптың маңыздылығы да осында. Өзіміз білетін күнделікті қолданып жүрген компьютер, радио, аудио, бейне көрсетілім құрылғылары, ақпарат алу көзі білім саласына тиімді қолданылады. Ғылыми ақпарат көздерін сақтау мен жетілдіруде орны ерекше. Арнайы аудиториялардағы интерактивті көрнекіліктер, түрлі теориялардың іс жүзінде қолданысқа енуін қамтамасыз ететін, лабораториямен, зертханалар, эксперименттік орталықтар, лингафондық кабинеттер т.с.с білім беруге негізделген орындар, нақты, сандық, сапалы бейнелі көріністерімен, жадқа ұғынықты әсер ететін ақпарат жетістіктерімен білім алушыға жан-жақты қолдануына жағдай жасайды.

Иоганн Гуттенбергтің бұқаралық ақпаратты ойлап табуы, кезеңді таң қалдырған, жаңалықтар өзгерісін экономика мен коммерция, саясат пен қоғамдық қатынастар, әдебиетпен идеология салаларында аса қарқынды жылдамдықпен тездетті. Ақпараттық әлемде тоқтала кететін мәселе ол көптеген информатикалық жобалардың жүзеге асуы, соның ішінде World wide web гипермәтін, мультимедиа, және глобальді компьютер желілерін (сеть) біріктіріп, бұқаралық ақпарат буын ашты. Web аса қарқынмен дами келе, баспа әлеміне де көптеген өзгерістер енгізіп отыр. Сол себептен әлемнің түкпір-түкпірінен жарнама, жаңалықтарды жеткізуге әркімнің мүмкіндігі мол [1,56].

Яғни ақпарат алу, жинақтау, оны тарату болашақ мамандық иегерлері мен кез келген адамның қолынан келеді деген сөз.

Кітап, әдістемелік құрал, оқулықтардың еш қиындықсыз басылып отыруы, бұларды әрбір адамның қолдана білуі, оған қоса электрондық оқулықтардың шығуы, болашақ мамандардың білімдерін жетілдіруіне арналған таптырмас ақпарат көздері болып табылады. Білім беру жүйесінде арнайы оқу орнының білім алушылары, өз мамандықтарын арақашықтықтан оқыту әдісі бойынша алып жатқандығы да таң қаларлық жағдай емес.

Екінші сауал бойынша Білім берудің ақпараттандырылуы болашақ мамандардың кәсіби түрде мотивациялануына алып келеді. Мотивацияны біз бұл тұрғыда қалай түсінеміз? Тоқтала кетсек мотив (латын сөзі - қозғаймын) іс-әрекетпен қылықтардың жасалынуына итермелейтін, материалды немесе идеалды ұстам. А. Леонтьев пікірінше: «мотивтің пайда болуына себепші болатын қажеттілік, ол іс-әрекеттілік мотив ақылы жүреді» (яғни мотивтендірілмеген іс-әрекет, ол өзін бақылаушысымен субъектісінен жасырын болғандығы). Іс-әрекет кей кезде бірнеше (яғни жартылай мотивтендірілген болып табылатын) мотивтің басын құрайды, ол кезде бұл мотив бірнеше қажеттіліктерді қанағаттандырылуға арналуы мүмкін.

Біз болашақ мамандарды кәсіби біліктілігін арттыру үшін ақпаратты пайдалану іс-әрекетін мотивациялы түрде ұштастыруымыз керек. Демек іс-әрекет мотив арқылы жүрсе, білім беру саласында алға қойған мақсатты осыған қарай бағыттағанмыз абзал.

Ең бір маңызды мәселелердің бірі – бұл іс-әрекеттің – кең мағынада қозғаушы күш жайлы мәселе, яғни оның мотивтері туралы мәселе. Мотив-қазақша ұғым бойынша түрткі немесе себеп дегенге саяды. Болашақ маманның қандай да әрекеті оның алдына қойған мақсаттарына, міндеттеріне байланысты анықталады. Егер мақсат болмаса, әрекет те жоқ. Іс-әрекет адамда белгілі бір түрткіге байланысты туады. Мотив мақсатқа ойысады. Адам мамандығында алдына түрлі мақсаттар қояды.

Мақсат – болашақ адамның белгілі бір істі орындауға талпынуы. Ол «Адам не үшін әрекет етеді?» - деген сұраққа, ал мотив – «Адам неліктен әрекет етеді?» - дегенге жауап береді. «Мақсат- не үшін?, ал мотив – неге?» - сұрағына жауап береді. Осыған орай, мысалға өздеріңнің неге оқуға келгендеріңе жауап іздеңдер! Мысалы: біріншісіне, «Сенің мақсатың қандай?», сұрағына «Мақсатым – оқуды үлгілі бітіру және мамандық алу», деп жауап беру заңдылық. Екінші, «Неменеге, не себептен оқуға келдің?», деген сұраққа, «Оқу орнына түсу, өзім үшін қажеттілік болар», деген мотивтің жауабын алуға болады [3,114б].

Іс-әрекеттің мақсаты дегеніміз – сол іс-әрекеттің түпкі нәтижесін көру үшін алдын-ала санада болжам жасау. Мақсат болашақ маманның әрекетінің сипатын, әдіс-тәсілдерін анықтайды, соларды маманның өзі белгілейді және әрекет үстінде жүзеге асырады. Іс-әрекетте үлкен, ауқымды мақсаттың адамдары қиыншылықты жеңе алады, алған жолынан таймайды. Адамның әрекеті әдетте бір мотивпен шешілмейді, ол әр түрлі жағынан – алыстағы, не жақындағы, не жалпы мақсат пен мотивтер болуы мүмкін [3,115б].

Болашақ маманның немесе адамның кәсіби білім алуын жетілдіру іс-әрекеті оның өз алдына қойған мақсатымен сипатталады. Егер мақсат болмаса жоғарыда сөз еткендей іс-әрекет те болмайды, тек жеке кездейсоқ қимылдар ғана болады. Адам өз алдына белгілі мақсат қана қоймай бірдене істейтін кездері де болады. Бірақ естен шығармаға тиіс қағидалар да кездеседі. Әр жағдайда адамның әр-әрекеті бір қалыпты деуге болмайды. Яғни кенеттен болған тосын жағдайда, мақсатсыз бір қылықтар орын алуы мүмкін, оның өзі дұрыс немесе бұрыс, қай бағытқа ауысары белгісіз.

Болашақ маманның білім беру жағдайында кәсіби біліктілігін нақты айқындау үшін мотивациялы түрде, түсіндіре кетсек іс-әрекет жасауындағы мұқтаждылық көрінісінде мынадай мәселелерді қаперіне алуы тиіс. Яғни ақпарлы тұрғыдағы білім беру жағдайында жасалған кәсіби іс-әрекетте әр түрлі жағдайлардың орын алуы сөзсіз. Демек адамның іс – әрекетінің бөлек саласы – әрекет деп аталады. Бұл да мақсат пен мотивтер арқылы жүзеге асады. Кейде әрекет санадан тыс, автоматты

көңіл – күйдің әсерімен, кейде тіпті қаперге алынбаған (импульстік) әрекеттер жасалынуы да мүмкін. Осындай аз ойланып жасалған әрекет, көңіл-күйдің күшімен, сыртқы тітіркендіргіштердің әсерімен, көбіне күтпеген істерді істеу импульстік деленеді. Мысалы: терезеден ескі саябақ көрінеді, оның ағаштары бөгетке иіліп тұр. Қар жауды. Сыныпта тыныштық орнаған, балалар есеп шығарып, тақтадағы тапсырманы орындап жатыр. Кенеттен, біреу: «қоян қашты, тазыны қара, тазыны», деп айқайлап жіберді! Балалар түгелдей терезеге жалт қарады, көпшілігі ұшып тұрып, терезенің алдына шығып та алды. Қоянды тазылар қуып келеді, қоян ақшақтардың үстімен бөгетке түсіп-ақ зулай жөнелді, иттер де соңынан бір елі қалмайды. Осының салдарынан балалар да, мұғалім де сабақты ұмытып, естері кетіп, қоян бұталарға тығылып, көрінбей кеткенше көз алмай қарап тұрды.

Бұл әрекет бұрын ойластырылмаған, кенеттен келген импульстік жағдайға мысал бола алады [3,116 б].

Бұл жағдайда адамның қылықтары іс-әрекеттілік сипат алған жоқ, импульстік қылықтар болды (яғни, импульстік қылықтар алғашқы бой ұру әсерімен жасалады, латынның *impulsus* ,бір нәрсеге итермелеу, бой ұру деген сөзінен шыққан).

Мұқтаждықтар негізінде болашақ маманда іс-әрекеттің мотивтері пайда болады, яғни белгілі бір мұқтаждықты қанағаттандыруға байланысты оған бой ұру пайда болады. Сөйтіп мотив дегеніміз іс – әрекетке итермелейтін себеп, ал мақсат дегеніміз – адамның белгілі бір істі орындауға талпынуы. Мақсат мотивке үнемі сай келе бермейді. Бірақ мақсаттың іс-әрекетінің мотиві болуы маңызды. Мұнда ол адамда алдына қойған міндеттерді мүмкін болғанынша жақсы орындауға талпыну пайда болады. Бұл оның мұқтажына айналады.

Іс-әрекет процесінде адамның алдында бір ғана мақсат тұрмайды, бір-біріне байланысты мақсаттардың бүтін бір жүйесі тұрады. Егер мектеп оқушысы алгебра жөнінде есеп шығаратын болса, оның алдында тұрған ең таяу мақсаты – оған дұрыс жауап тауып шығару. Ал оның бұл тікелей міндетіне қоса алгебралық білім алуға ұмтылу мақсаты тұрады. Ал бұл мақсат неғұрлым кең өрісті міндетке – математиканы зерттеп білуге бағынады. Бұл шәкірттің соңғы мақсаты емес. Бұл міндетке жалпы, басты мақсат – білімді адам, шебер маман, ұжымдық қоғамды құрушы, оның мүшесі болу мақсаты болу да тұрады [4,107б].

Мотивация қызметінің мазмұнын ашу тұтастай алғанда еңбек іс-әрекетінің мотивациялану мәселесімен байланысқан, бұл осы мәселенің кеңдігі мен кешенділігіне байланысты оның шешілу қиындығын туғызады.

Еңбек іс-әрекетінің мотивация теориясындағы жалпы ережелердің бірі – мотивация қажеттілігі бірлескен іс-әрекет кезіндегі еңбек бөлінісінің нәтижесі болып табылатындығы. Оның әрбір мүшесі үшін, ол өзі жеке қызметкер ретінде атқарған міндетіне байланысты алатын жетістіктері

нақты мотивациялануы болып шығады. Мотивация жүйесінің екі принципі бар:

тек материалдық жағдайға емес, қызметкерге тиесілі барлық қажеттіліктердің типтері мен түрлерінің барлығына бағдарлануы;

әрбір атқарушының қорытынды нәтижеге нақты үлесін баламалы бағалау және осы үлеске сай ынталандыруды қамтамасыз ету.

Екінші принцип ұйымдастыру құралдарын қолдануға, ал біріншісі тұрақтанады. Сондықтан мотивация барлық басқару қызметінің ішінде «психологиялық» ретінде қарастырылады. Бұл – басқарудың практикалық психологиясы. Мотивация қызметінің мәні – жоғарыда көрсетілген екі принципті қанағаттандыратын жүйе жасау. Тұлғаның мотивация әлеуетін толық жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін материалдық мотивация мен ынталандыруды дараландыру қате болып табылады. Бұл әлеуетті тиімді пайдалану үшін жетекші оның қандай факторлардың негізгі категорияларынан тұратынын білуге тиіс. Мотивация жалпы психологиялық тұрғыда – іс-әрекетке саналы түрдегі ішкі ұмтылысы [2,48 б].

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің 2012 жылға арналған кезекті жолдауында: «білім беруде жаңа заманға сай ақпараттық технологияларды енгізу керек» деді, осыған орай келешекте білім беру мәселісі одан әрі технологиялық ақпараттандыру жүйесін жетілдіре туседі деген соз. Сол себептен болашақ маманның білім беру саласында ақпараттық жетістіктерді өз кәсіби мамандығына сай мотивациялық түрде қолданып одан әрі дамытуы негізгі бағыт болып табылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есімов «Қазақстан» теле арнасында 09.02.2012ж сағат 19:30 да берген сұхбатында: «әлемдік ақпарат көзі болып табылатын ғаламтор, өскелең ұрпаққа білім бере ме, әлде тәрбие беру мәселесін қолға ала ма?, осы іспетті сұрақтар бізді ойландырмай қоймайды, келешекте , дұрыс ұрпақ тәрбиелеудегі мақсатымызда, осы мәселелерді жолға қою керек және келешекте тәрбиеден жырақ жасандылық қоғамын қалыптастырудан аулақ болу үшін, білім мен тәрбие беру саласы күш жігерін осы аталмыш мәселеге жұмсау керек сияқты», деп ақпаратпен даму жолындағы ойға алатын басты қағиданың өзектілігін өлшеп бергендей болды.

Тақырыпты қорытындылай отыра біз болашақ маманның ақпаратпен қамтамасыз етілген жағдайындағы мотивациялық жетілу мәселесінде, әр маман өз мамандығы бойынша алдына қойған мақсатты орындай білуі тиіс, ал мотивтендірілу кәсіби біліктілікке мұқтаждандырады, сол себептен іс-әрекет ақпараттық қоғамдану кезеңіндегі жоғарыдағыдай мотивациялық өзгеріске биімделе білуі керек.

Әдебиеттер:

Абдикасова Г.А. Ақпаратты технология. Оқулық – Алматы: Қаз ҰТУ, 2005 – 372 бет.

Ахтаева И.С., Әбдіғапарова А., Бекбаева З.Н. Басқару психологиясы: Оқу құралы – Алматы: Бастау баспасы, 2009. – 250 бет.

Берікұлы. Н. Жантану. Курстық дәрістер. Оқу құралы. Ақтөбе, NOBEL - 2006. 452 б.

Жұмасова Қ. С. Психология: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2006. – 292 б.

ЖУБАНЫШЕВА Г.И., ТАВАНОВА Н.М.

**ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНАЛОГИЯЛАРДЫ МАТЕМАТИКА
ПӘНІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУ**

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: “... экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру...” және “кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады...” деп атап көрсеткен.

Мемлекеттік бағдарламада оқу үрдісіне педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану-жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттары делінген.

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне Республика мектептерін көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталынып, осы жүйедегі басты міндеттерінің біріне айналып отыр. “Қазақстан - 2030” стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады.

Дербес компьютерлерді математика сабағында пайдаланудың мынадай міндеттерін бөліп айтуға болады:

оқыту үрдісінде кері байланысты қамтамасыз ету;

даралап оқыту үрдісін жүзеге асыру;

компьютердің графикалық мүмкіндіктерін пайдаланып, жаңа сабақты түрлендірудің көрнекілігін арттыру;

қажетті ақпаратты іздеуге байланысты тапсырмалар;

математикалық есептердің мәнінде немесе математикалық модельдермен сипатталатын әдістер мен құбылыстарды модельдеу;

Дербес компьютерлерді математика сабағына пайдаланудың негізгі түрлеріне әртүрлі бағдарламалар жатады.

Компьютер арқылы оқыту үрдісін толыққанды түрде ұйымдастырудың негізгі үш аспектісін бөліп айтуға болады:

оқушылардың танымдық белсенділігін басқару;

оқу әрекетін «мұғалім – компьютер – оқушы» жүйесі түрінде басқару;

мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеті мен ынтымақтастығын оқушылардың өзі басқарады;

Математика сабағында компьютерлік оқытудың әрі алуан түрлері бар. Мысалы, бір түрінде оқушы компьютермен тікелей қарым – қатынас жасайды. Компьютер оқушыға берілген тапсырманы анықтап, тиісті көмек көрсетеді. Бұл жерде оқу мұғалімінің қатысуынсыз өтеді. Екінші бір түрінде компьютер оқушылармен емес, мұғалімдермен әрекетке түседі. Ол мұғалімге сабақ жүргізуге көмек болады, мысалы, оқушыларға орындаған бақылау жұмыстарының нәтижесін шығарып, жұмсалған уақытпен жіберілген қателерді көрсетеді. Компьютер оқушыларға қатысты қандайда бір оқыту әрекетін қолданудың мақсатқа сәйкестігі жөнінде кеңес береді. Бірінші түрдегі оқушының жауабынан кейін шешім қабылдаса, екінші теккен ауқымды шешімдерді қабылдап, оқыту сценарийін жасап шығарады. Соныменен бірге ол математиканы оқыту құралдарының бай арсиалын кеңінен пайдалана отырып, әр түрлі оқыту шеңберіне кіреді. Дербес компьютер оқушының оқу үрдісіне белсене араласуына жағдай жасап, қызығуын оятып, оқу материалын түсініп әрі есте сақтауына жәрдемдесуі тиіс.

Студенттерге математика әдістемесін оқытқанда оларға оқушыларға қажетті білік дағдыны – қалыптастыру үшін математиканың оқу материалын үйретудің тиімді әдістемесін жасауды талап етіп шарт қою керек.

Студенттер компьютерді өз қызметіне тиімді аспап етіп қолдана алатындай етіп, оқытуға жағдай тудыру қажет.

Матиматиканы оқыту әдістемесі курсына студенттер математиканы оқытудың оқу- тәрбие үрдісін бағдарламалық- әдістемелік қамтамасыз ету ісімен танысуы тиіс. Бұған жататыны: педагогикалық бағдарламалық құралдар, әдістемелік нұсқаулар, педагогикалық бағдарламалар құралдарды пайдаланып математика сабағын жүргізу әдістемесінің сипаттамасы.

Соңғы курстың студенттері компьютерлік оқыту технологиясының жалпы ұстанымдарын түсініп оларды математиканы оқытудың технологиясын жасау үшін қолдана білуі, соларды пайдаланып педагогикалық бағдарламалық құралдарды және оқыту нәтижесін бағалай білуі тиіс.

Математика пәнін оқытуда жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты-студенттерге білім алу процесінде көмектесу.Бұл мақсаттарға оқыту программалары, дәрістерді қолдауға арналған электрондық оқулықтар, тексеру программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді.

Болашақтың адамы тек сауатты емес,сонымен қатар оның «екінші» компьютерлік сауаттылығы да болу керек.

Қашықтан оқыту,мультимедия құралдарының дамуы оқушының білім алуын,олардың белсенділігін арттырады.

Студенттердің сабақта көзделетін нысандары, құбылыстары туралы өз бетінше оқу тәрбие процесінде ақпаратты жинауы, өңдеуі, оны жүзеге асыра білуі қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың даму өрісіне байланысты.

Сондықтан пән оқытушыларын дайындауда тек информатика курсын оқытуда пайдалану ғана емес, сонымен қатар, нақты пәннің оқу бағдарламасында ақпараттық технологияларды қолданылуын жүзеге асырылуын енгізуге баса назар аудару керек.

Математика пәндерінің оқытушыларына төмендегілерді білуі қажет:

әр түрлі объектілерді кескіндеуді,оны салып тұрғызуды дисплей бетінде іске асыру және олардың динамикалық елестетілуін;

есептеу процесін,ақпаратты іздеу жұмыстарын,сонымен қатар мәліметтерді жинау,өңдеу жұмыстарын автоматтандыру және көрсетілген оқытылған объектілер,құбылыстар,процестер туралы мәлімет жинау;

математиканы оқытуда ақпараттық технологияларды қолдануды қосымша оқытуды жүзеге асыру;

оқушылардың білім деңгейін бағалауға қойылатын негізгі критерийлер;

қолданушының білімін,дайындығын бағалауға арналған компьютерлік тестік және диагностикалық әдістерді қолдана білу;

Сонымен қатар математика пәнінің оқытушылары өзінің кәсіби қызыметінде келесі негізгі бағыттарды бөліп алуға болады:

1.Математика пәнін оқудағы ақпараттық технологиялардың педагогикалық мақсаттары:

қолданушы мен ақпараттық және коммуникациялық құрылғылар арасындағы жылдам байланыс;

оқытылу ақпараттық компьютерлік көзге елестетілуі;

- ақпараттық-әдістемелердің оқыту процесін ұйымдастырудағы бақылауын автоматтандыру.

2.Жергілікті және жалпы тораптағы ақпараттық қарым-қатынас.

3.Оқыту-тәрбиелеу процесінің білімді ақпараттандыру шарттарындағы ерекшеліктері,сонымен бірге әдістемелік практиканың қолданылуы,соның ішінде,математикалық ақпараттық жүйелері.

4.Электрондық құралдардың құрылымын,қолдануларын,жобалауы және бағаланылуын,және мазмұндық-әдістемелік құндылығын білу.

5.Электронды-есептеуіш техниканың, ақпараттық және коммуникациялық құралдардың әдістемелік-эргономикалық шарттары.

6.Тестік диагностикалық әдістемелердің компьютерлік қолданылуының ерекшеліктері,оның оқушылардың білім деңгейін бағалауы және анықтауы,сонымен бірге,бақылауы және өз білімін бағалауы.

Оқытудың бұрынғы жүйесін сүйемелдеу бағытында ең тиімді технологияларға мыналарды жатқызуға болады.

Презентациялар технологиясы. Бұл технология, бір жағынан, оқушыларға жаңа материалдарды (иллюстрациялар, фотографиялар, бейнелік дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекі түрде көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды дайындауды және оны қолдану процесін жеңілдетеді. Алдын ала жүргізілген тәжірибелер презентациялар технологиясын пайдалану балалардың оқуға деген ынталығын арттырып, сабақтың қызғылықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындау мерзімін қысқартады, ең басты – мұғалімдерді жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдаландыруға дағдыландырады. Үлгерімді тексеру және оқушылардың білімін жетілдіру. Компьютерлік технологияларды осы мақсатта пайдалану, біріншіден, оқушының жұмысын өнімділігін арттырып, оқу нәтижелерін тексеруге көбірек уақыт бөлуге көмектеседі; екіншіден, объективті түрде қадағалай отырып, балалардың алған білімін бағалауды жүзеге асырады; үшіншіден, бақылау технологиясына ғылыми элементтер енгізіп, оны кейіннен де пайдалануға болатындай етіп, білім мекемелерінен алынатын білім мен дағдылану деңгейлерін нақты түрде стандарттау технологиялары (азғантай болса да) жайлы айтуға негіз бола алады. Өкінішке орай, біздің осы тәжірибелеріміз бақылау мақсатында АКТ-ны пайдалану бұрынғы оқу процесіне ешқандай жаңа өзгеріс енгізе алмайтынын көрсетті, өйткені бақылау ісі оқушылармен кері байланыс ұйымдастырудың алғашқы сатысы ғана болып саналады. Бұдан гөрі қомақтылау нәтижеге қол жеткізу үшін оқушылардың алған білімдеріндегі ақтаңдақтарды тиянақты түрде қадағалау негізінде білім тексеру процесін автоматтандыру керек екені белгілі болады.

Бұл процестің негізгі мынада – мұғалім тексеру нәтижесі жайлы толық ақпарат ала отырып, балалардың әрқайсысына олардың қатесіне байланысты қағазға жазылған қосымша тапсырма береді. Бұларды орындау нәтижесінде тағы да компьютерлік тест немесе мұғалімнің өзі тексеріп шығады. Мұнда бір айта кететін жайт – соңғы бақылау баға қою мақсатында емес, оқушының қай тақырыпты қалай меңгергені жайлы мәлімет беретін дидактикалық тест алу мақсатында жүргізіледі. Осындай технология өзінің тиімділігін, әрі қызықтылығын көрсетті, оның мысалы

ретінде математика ережелерін оқып үйрену кешенін пайдалануды келтіруге болады. Мұндағы негізгі мәселе объективтілік, сенімділік және дұрыстық (валидность) талаптарына сай келетін, ғылыми тұрғыдан негізделген компьютерлік тестер жасау керек екендігі белгілі болады. Осы презентациялар технологиясына Екінші ретті беттер атты арнайы мысал келтірілді. Мақсаты оқушыларға формуласы берілген теңдеулердің бейнесін MatLab бағдарламасында фигурасын салып көрсету.

“Қазіргі заманда жастарға ақпаратты технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет” деп, Ел басы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Ю.М.Колягин, В.А.Огенесян «Методика преподавания математики» Москва «Просвещение» 1975
2. А.Я.Блох, В.А.Гусев «Методика преподавания математики в средней школе» Москва «Просвещение» 1987
3. Информатика негіздері журналы №3, 2006.
4. Информатика негіздері журналы №1, 2004.
5. Информатика Физика Математика журналы №3, 2005.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ЕГИЗБАЕВА Л.Е.

**АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕТІСТІКТІ
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МАҒЫНАЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ
ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАРЫ**

Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер, сыры ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші - көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ал осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі - фразеологизмдер болғандықтан, әлем жұртшылығы ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған бүгінгі таңда әдеби тілдің фразеологиялық қорын зерттеудің теориялық және практикалық жағынан да өз негізі бар. Фразеологияның жан-жақты теориялық негізін және сөздіктер материалдарын басшылыққа ала отырып, ағылшын және қазақ тілдерінің етістікті фразеологизмдерінің лексика-семантикалық сипатын ашу - ғылымға енгізгелі жүрген жаңалықтардың бірі болып табылады. Фразеологизмдер тілдік бірлік ретінде лексика-семантикалық құрылым-құрылысы жағынан сан қырлы. Көптеген еңбектерде (ізденістерде) тілдерді салғастыру барысында қажетті де соңғы тұжырымдар жасалынып, тіларалық фразеологиялық сәйкестіктер мен ерекшеліктер айқындалды. Бірақ, бұл мәселелерді теориялық жағынан дамыту толық шешімін тапты дей алмаймыз, өйткені тіл-тілдегі фразеологизмдерді салғастыруда туындаған әр түрлі пікірлер фразеологиялық тіркестердің ғалымдар назарынан тыс қалған жақтары бар екендігін көрсетеді. Сондықтан да ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипатын ашу - теориялық та, практикалық та жағынан қажетті еңбек болып табылады деп ойлаймыз.

Етістік мағыналы фразеологизмдер тілімізде салыстырмалы түрде, атап айтқанда сындық мағыналы, заттық мағыналы, үстеу мағыналы фразеологизмдерден саны жағынан мол, мағыналық топтарының көптігін қос тілден жинаған деректеріміз арқылы айқындадық.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерді мағыналық топқа жіктеу, оларды мағыналарына байланысты тақырыптық топтарын анықтауға негіз болады.

Тақырыптық топтау — халықтың салт-дәстүріне, таным-түсінігіне, мәдени өміріне байланысты екені белгілі. Қазақ тіл білімінде фразеологияның теориялық негізі қалыптасқан, ал ағылшын фразеологиясы лексикография аясында ғана дамыған деп айта аламыз.

Біз зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарын негізге ала отырып, фразеологиялық бірліктердің жалпы мағыналарын, яғни берілген құбылыс немесе заттың мағыналарын ескере отырып жүйелеу қажет деген Ә. Қайдаров пен Р. Жайсақова сынды ғалымдардың тақырыптық топтауда қолданған теориялық пікіріне қосыламыз.

Екі тілден жинастырған деректерімізді елеп-екшеп келген кезде етістікті фразеологизмдердің мағыналарына байланысты 5 тақырыптық топтарын анықтап, оларды "Адам өмірінің күнделікті тіршілігіне байланысты қалыптасқан етістікті фразеологизмдер" деп атадық.

1. Ис-әрекет мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер; *ағаштан түйін түйю-jack of all trades*

2. Сезіну мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер; *аза бойы қаза болу- take one's fleast [skin] creep*

3. Эмоция, көңіл-күй мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер; *көзі алақандай болу-to bat an eyelash*

4. Адамдар арасындағы қарым-қатынас мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер; *көзін аларту-give a warning look*

5. Сапа-белгі мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер; *көйлегі көк, тамағы тоқ болу-live in a life of ease т.б.*

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерді семантика жағынан 5 түрлі топқа бөліп топтастыру — етістікті фразеологизмдердің мағыналық сипатына кеңдігі, өрістілігі деп білеміз, себебі фразеологиялық мағына — астарлы және тұтас мағына, ал етістікті фразеологизмдердің өзіне тән мағынасы мағына құрастырушы сыңарлардың мағынасына тәуелсіз екендігін байқаймыз. Сонымен бірге әр тақырыпты топты өз ішінде де бірнеше кіші семантикалық топтарға бөліп, топтастыра қарастырдық.

Екі тілдегі етістікті фразеологизмдерді өз ішінен былайша топтастырдық:

1. Сөйлеу мәнді етістікті фразеологизмдер:

айтқаны айдай келу- it hit the nail on the head

ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеу- put someone in the shade; shoot way ahead of someone.

2. Ойлау мәнді етістікті фразеологизмдер:

ойынан шатасу; ойы онға бөліну-be completely at a loss
тілін жұтып қою- lose one's tongue т.б.

Сөйлеу мағынасын білдіретін фразеологизмдердің ауызекі тілде қолданылуы - маңызды процесс, себебі осы процестің дамуы тіл-тілдің дамуының айшықты белгісі. Сөйлеу мәнді етістікті фразеологизмдер әр түрлі функциялар атқарады. Олар белгілі бір информацияны біреуге жеткізу, адамның ойлаған, естіген, көрген-білгенін айтуда қолданылады. Сөйлеу мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер сан жағынан мол, көпшілігінің жасалуы сөйлем мүшелерінің анатомиялық атаулары ауыз, тіс, тіл, ерін, таңдай мен әр түрлі мағыналы етістіктердің тіркесуі түрінде болады.

Сөйлеу мәнді етістікті фразеологизмдер сөйлеудің мазмұны мен мәнерлігін сипаттап қана қоймай, сонымен қатар баяндау, хабарлауды білдіреді. Сөйлемей ұғымын білдіретін етістікті фразеологизмдер жалпы сөйлемей – «тіл қатпауды» — «үндемей» ұғымын білдіреді. «Сөйлемей» ұғымындағы етістікті фразеологизмдерді адамның сөйлемейуінің түрлі себептеріне байланысты өз ішінде 3 мағыналық топтарға бөлдік:

- а) адамның көңіл-күйіне байланысты ерікті түрде сөйлемейуі;
- ә) адамның түрлі қалып-жағдайына (ауру, қысылу, сасқалақтау т.б.) байланысты сөйлемейуі;
- б) адамның еркінен тыс, біреудің, ие бір нәрсенің ықпалынан туған сөйлемейуі.

Ойлау - іс-әрекеттің бір түрі. Адамның атқаратын іс-әрекеті актив және пассив әрекеттер екені баршамызға белгілі. Біз қарастырып отырған ойлау мәнді етістікті фразеологизмдер пассив әрекетке жатады. Ойлау процесін ойлау мағыналы фразеологиялық тіркестер арқылы айтамыз. Ойлау мәнді етістікті фразеологизмдер аз болса да, бұл топ фразеологизмдері ой-болжам, тұспалды; жалпы ойлауды; есте сақтау, ұмытуды білдіреді.

Сезіну мағынасындағы етістікті фразеологизмдер — адамның сезіну мүшелері арқылы білінеді, сондықтан сезіну мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдерді адамның сезім мүшелерінің әсерінен туындайтын іс-әрекет деп айта аламыз. Бұл топтағы етістікті фразеологизмдерді лексика-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты өз ішінде үш топқа бөлуді жөн көрдік:

1. көру мәнді етістікті фразеологизмдер;
көзін айырмау-dive smb.the big eye
көз қиығын салу, көз тасмау- peer into smth.
2. есту мәнді етістікті фразеологизмдер;
құлағы түрік болу-to prick up (or perk up) one's ears

3. ұялу мәнді етістікті фразеологизмдер.

табанды, өкшені жалтырату- take to one's heels; sling (slip, take) one's hook

Көру мәнді етістікті фразеологизмдердің беретін ұғымы осы топтағы тұрақты тіркестердің көпшілігін құруға ұйытқы болып тұратын - "көз" сөзі. Осы "көз" сөзі арқылы құрылған көру мағынасындағы қос тілдегі етістікті фразеологизмдерді талқылау барысында, олардың "көру", "қарау" ұғымын беретінін анықтадық.

Есту мәнді етістікті фразеологизмдер — адамның өз еркімен бір нәрсені білуі арқылы жасалатын іс-әрекет.

Есту етістікті фразеологизмдерін жүйелеу барысында бұл топтағы тұрақты тіркестердің «Тыңдау, тыңдамау» және «есту, естімеу» ұғымын беретінін көрдік. «Есту» етістікті фразеологизмдердің ауқымы басқа топтағы етістікті фразеологизмдерге қарағанда санаулы екенін анықтадық.

Ұялу мәнді етістікті фразеологизмдер - сезіну мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдердің бір түрі деп алдық, себебі бұл топтағы етістікті фразеологизмдер - сезімнің жоғарғы белгісі деп саналады.

Эмоция, көңіл-күй мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер - көңіл-күй мағынасын білдіреді. Екі тілдегі етістікті фразеологизмдер адамның көңіл-күйіне байланысты жағымды эмоция және жағымсыз эмоция болып, екі ұғымда қолданылады.

Жағымды эмоция ұғымындағы етістікті фразеологизмдерді қуану, күлу мәнін білдіретін екі топқа бөлдік.

Жағымсыз эмоция ұғымындағы етістікті фразеологизмдерді ашулану, жылау мәнді етістікті фразеологизмдер деп топтастырдық.

Екі тілдегі қарым-қатынас мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдерді өз ішінде жіктеу барысында, көрсетілген еңбектегі мағыналық топтарды негізге алдық. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың әр түрлі болуына байланысты (құрметтеу, көмектесу, татулық, менсінбеу, алдау, жақсы көру, жақтырмау, мазалау) бұл топтағы етістікті фразеологизмдердің қарым-қатынас ұғымын әр қырынан көрсететіндігін көрдік.

Сапа-белгі мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер адам өмірінің өсіп-өну үрдісін қамтиды. Екі тілдегі сапа-белгі етістікті фразеологизмдердің талдау барысында бұл мағыналық топтың құрамындағы сапа-белгіні білдіретін етістіктер екенін анықтадық.

Ғалым А. Османова сапа-белгі ұғымындағы етістіктерді жеке топ деп қарастырған. Осы пікірді негізге ала отырып сапа-белгі мағынасындағы етістікті фразеологизмдерді жеке мағыналы бір топ

деп қарастыруды жөн көрдік. Бұл топтағы етістікті фразеологизмдер адам өмірінің күнделікті тіршілігіне байланысты сапалық белгілерін білдіреді. Осыған орай сапа-белгі білдіретін етістікті фразеологизмдерді 2 топқа бөліп талдадық. Олар мыналар:

1. Өсіп-өну ұғымындағы етістікті фразеологизмдер;
2. Қартаю-тозу ұғымындағы етістікті фразеологизмдер.

Берілген тақырыптық топтарға жеке-жеке токталып, оларды өз ішінде тақырыпшаларға бөліп, мысалдар келтірдік. Келтірілген мысалдарды талдау барысында, қос тілдегі етістікті фразеологизмдердің қос тілде қатар кездесіп бір мағына беретіндігін анықтадық. Сонымен қатар қарастырып отырған екі тілдегі етістікті фразеологизмдердің тек қана ағылшын тілінде не қазақ тілінде қолданылатындығын мысалдар арқылы көруге болады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің мағыналарына байланысты тақырыптық топтарын ажырату, олардың мағына ұқсастығы мен спецификалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Етістікті фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты өте бай, сондықтан да біз қарастырып отырған тақырыптық топтар әлі де болса әр қырынан зерттеле бермек.

Әдебиеттер:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977.
2. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. — Алматы: Санат, 1996.
3. Қожахметова Х.Қ. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. - Алматы: Мектеп, 1972.
4. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері // Лексикология мәселелері. – Алматы,
5. Попов Р.Н. Фразеологические единицы современного литературного языка с историзмами и лексическими архаизмами. – Вологда, 1967.
6. Есимжанова М.Р. Межъязыковые фразеологические соответствия. АҚД. Алматы – 1998.
7. Телия В.Н. Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. -М.: Школа. Языки и русская культура, 1996.
8. Сағидолдақызы Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. – Алматы, 2003.
9. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. - Алматы, 1999.

Резюме

Деление глагольных фразеологизмы по значению тематических групп в английском и казахском языках, дает выявить их особенности смысла и специфические особенности.

Resume

The verbal idioms division by thematic groups in English and Kazakh languages, makes sense to identify their features and peculiarities.

ЖАНУЗАКОВА Ж. А.

КОММУНИКАЦИЯНЫҢ МЕТАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК БІРЛІКТЕРІ

Қазіргі тіл білімі зерттеу нысанының кеңеюімен, зерттеу барысында аралас ғылымдардың әдіснамалары мен әдістерін пайдалануымен, қолданбалы бағыттағы жетістіктерімен сипатталады. Осының барлығы тіл білімінің ғылымда алатын орны мен маңызына басқаша көқараспен қарауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда тіл білімі ақпараттық қамтамасыз ету тиімділігін арттыратын кең ауқымды білімді өңдеумен, сақтаумен байланысты өзекті мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді.

Кез келген ғылым саласы, оның ішінде тіл білімі де өз зерттеулерінің онтологиясы мен әдіснамасына үнемі жаңашылдықпен зер салуды қажет етеді. Тіл білімінде бұған метатілдік негіздеме жасау қажеттілігі туып отыр.

Тілді қарым-қатынас құрал ретінде қолдану деңгейі (тілді білу деңгейі) қоғам мүшелерінің бәрінде бірдей емес... Қоғамның басым көпшілігі тілді тілдесім деңгейінде ғана біледі, яғни сол тілде қарым-қатынас жасайды (сөйлесім, тыңдалым, жазылым, оқылым). Ал сол қоғамның бір әлеуметтік тобы тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сол тілде сол тіл туралы ізденістер жүргізу үшін де қолданылады. Басқа сөзбен айтатын болсақ, сол тілде сол тіл туралы ғылыми тілдесімдік қызмет жасайды. Тілдің құрамындағы осы тілді метатіл (метаязык), метатілдіесім (метаречь) дейді. Тіл білімі сөздігінде метатілдің түсіндірмесін былай берген: «Метатіл (грек meta – арқылы, кейін)... тіл – құрал көмегімен объект – тілдің сипатталуы ...» [1, 220]. Бұл түсіндірмеге «жүйелендіру» сөзін де қосуға болар еді, себебі метатіл тек сипаттаймайды, жүйеге де келтіреді [2, 297-298].

Сонымен тілдің құрамындағы бұл тілді (метатілді) арнайы тіл, «екінші қатардағы» тіл десек те болады [3, 232]., себебі бұл тілдің құрамында тілді ғылым саласы ретінде зерттеп сипаттайтын, жүйелендіретін, осы салада қолданылатын тіл бірліктері – терминдер (сөздер, сөз тіркестері) болады.

XX ғасыр ғылымында кеңінен сөз болған проблемалардың бірі – ғылым тілі. Аталмыш термин философия және лингвистика салаларында қарастырылды. Философтардың көпшілігі оны бір жағынан ғылыми білім ретінде, екінші жағынан сол ғылыми білімді игеруге қажетті ғылыми аппарат ретінде түсінді. Алғашқы кең мағынадағы философиялық түсінік бойынша ғылым тілі – жүйесі мен құрылымы бар жалпы ғылыми білім ұғымын қамтиды. Екінші, тар мағынадағы логикалық түсінік бойынша ғылым тілі – формалды таңбалық жүйелердің жиынтығы болып табылады. Тар мағынадағы түсінік кең мағынадағы түсініктің құрамына кіреді. Формальды логикалық тіл білімі бірінші, кең мағынадағы ғылым тілін бейнелеудің, сипаттаудың тәсілі болып табылады. Тіл білімі ғылымында қарастырылатын лингвистикалық түсінік бойынша, кең мағынадағы ғылым тілі – ғылыми мәтіндердің тілі. Тар мағынадағы ғылым тілі – ғылыми пәннің өзіне тән салалық метатілі. Ғылыми мәтіндерді зерттеушілердің бір тобы оларды функционалды тіл ретінде, екінші тобы функционалдық стиль ретінде қарастырып келеді. Ғылыми мәтіндерді функционалдық стиль ретінде қабылдайтын ғалымдар оны стилистиканың нысаны ретінде түсінеді. Осы мәселені арнайы қарастырған ғалымдардың бірі С.Әлісжанов: «Ғылыми тіл – адам қызметіндегі ғылыми аяны қамтамасыз ететін тілдің бір түрі, осы саланы сипаттайтын мәтіндердің жиынтығы. Ғылыми стиль функционалды, бұл термин тілдің ғылыми мәтіндердегі синтезделу заңдылықтарын қарастыру үшін қолданылады. Ғылым тілі ұғымы ғылыми стильдің ядросы мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және семантикалық құралдарының тұтас жүйесі. Бұл ұғымдар өзара байланысты. Сондықтан контекстік синонимдер ретінде қолданыла береді» деген пікірді ұстанады [4, 38].

Ғылым тілі бойынша XX ғасырдың соңғы ширегінде жүргізілген зерттеулер жаңа нәтижелер әкелді. Ғылым тілінің дербестігі туралы, оның «шағын тілдің» бір түрі болып табылатындығы жөнінде кеңінен сөз бола бастады. Ғылыми қолданысқа алғаш XX ғасырдың 60-жылдары енген «шағын тіл» (sublanguage, подъязык) термині жалпылама қолданысқа енді. Оның жалпыхалықтық тілдің функционалдық бір түрі екендігі, әр түрлі кәсіби қызмет аясында қолданылатындығы белгілі болды. Жалпыхалықтық тілдің негізгі бөлігін құрайтын әдеби тіл мен жалпылама қолданысқа тән емес салалық ғылым тілдерінің ара қатынасы айқындала бастады. Шетелдік ғылыми ортада бұл кезде халықтық тілдің ерекше бір түрі ретіндегі арнайы мақсатта қолданылатын тілдер (LSP – language for special purposes) зерттемелер жасалды. Шынында да, ұғымдардың нақты

салаларда қалыптасқан жүйесін ашып көрсету үшін қолданылатын тілдік құралдардың жиынтығын арнайы мақсатта қолданылатын тіл деп те, кәсіби тіл деп те атауға болады. Жалпы халықтық тіл негізгі қатынас құралы ретінде өмірдің барлық саласында қолданылады. Жалпы халықтық тілді белгілі бір жүйеге, нормаға салатын әдеби тіл. Қоғамда қарым-қатынастың түрлері әр түрлі болуына байланысты тіл де бірдей пайдаланылмайды. Сондықтан тілді жүйелі түрде пайдалану үшін белгілі бір тәртіп болуы қажет. Тілдік белгілердің дұрыс қолданылуын зерттейтін ғылым саласы стилистика деп аталады. Адамдар күнделікті қарым-қатынас кезінде стильдердің әр түрін қолданады. Стильдердің ішінде кейіннен қолданысқа түскені ғылыми-көпшілік стиль. Бұл стильдің пайда болуы ғылым мен техниканың дамуымен тығыз байланысты. Ғылыми-көпшілік стилінде қолданысқа түсу үшін салалық кәсіби ғылым тіліндегі терминдік бірліктер жалпы халықтық қолданысқа түсуі керек. Жалпы халықтық қолданысқа түскенде олардың салалық кәсіби тілдегі тар мағынасы өзгеріске ұшырайды. Ғылым тілінің синтаксисі де өзгеріске ұшырайды. Енді терминологиялық бірліктер әдеби тілдің синтаксистік ережелеріне бағындырылады. Енді бұл бірліктер тар салалық ғылым тілінің бірлігі болудан қалады. Бірақ өзінің бұрынғы мағынасында сол салада қолданыла беретіні түсінікті. Алайда, бұл екеуінің арасына тіндік белгісін қоюға болмайды.

Ғылым тілі бойынша кейінгі кезеңдерде жүргізілген зерттеулердің негізінде қалыптасқан жаңаша көзқарасты қолдайтын ғалымдар оны жеке функционалдық тіл ретінде қабылдағанды жөн көреді. Терминология саласының белгілі маманы А.В.Суперанская өзінің «Әдеби тіл және терминологиялық лексика» [5] атты зерттеуінде осы мәселені жан-жақты талдайды. Атап айтқанда, ғалым терминологиялық лексика әдеби тілдің құрамына кіреді деген пікірдің қаншалықты ақиқаттығына көз жеткізу үшін бірнеше қарама-қарсылықты салыстырма жасайды. Бірінші қарама-қарсылық: «жалпы лексика – арнаулы лексика». Жалпы лексика сөздің жалпылама қолданыста болуын білдіреді. Яғни, бұл сөздің жалпылама қабылданған ұғымының болуын, оның мағынасын түсіндіріп жатпай-ақ барлық мәтіндерге қосуға мүмкіндік беретін түсінігінің болуын білдіреді. Ал арнаулы лексика тобына кіретін сөзді қолданарда оның мағынасын түсіндіру қажет болады. Себебі, сыртқы формасы жағынан жалпы лексикалық бірлікпен бірдей тұлғада болғанымен, арнаулы ғылыми мәтінде ол өзгеше мағынаны иеленеді. Мысалы, су, айналыс, мүлік деген сөздер күнделікті қолданыстағы сұйықтықты, айналу процесін, заттың жалпы атауын білдіретін болса, олардың арнайы салалық лексикадағы мағынасы өзгеше. Химиктер үшін су – «сутек пен оттектің химиялық қоспасы», экономистер үшін айналыс – «сатып алу және сату арқылы еңбек өнімін, ақшаны, басқа да меншік объектілерін айырбастаудың тауырлы өндіріске тән нысаны», заңгерлер үшін мүлік – «меншік

құқығының материалдық нысаны». Екінші қарама-қарсылық: «әдеби тіл – арнайы мақсатта қолданылатын тіл». Арнайы мақсатта қолданылатын тілде терминологиялық бірліктердің сипаттамалары жасалады, терминологиялық сөздіктер мен стандарттар түзіледі

Сонда, метатіл дегеніміз – адамның сөйлеу тілі «тіл-нысан», яғни лингвистиканың пәні ретінде қарастырылатын «екінші қатардағы» тіл. Лингвистиканың және өзге гуманитарлық ғылымдардың метатілі сөйлеу тілі тәрізді вербальдық негізде құрылған, сондықтан да оның коммуникация барысындағы көрінісі кейде лингвистикалық екінші деңгей ретінде қарастырылады. Қазақ тіл білімінде жарық көрген «Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі» атты авторлар ұжымымен жарық көрген еңбекте тілдік тәжірибеде қажетті деңгейде сипат алды [1].

Математика мен логиканың метатілі өз кезегінде тек қана вербальді бірліктерді ғана иемес белгілерді сандар мен формулаларды және т.б. қамтитын формалданған тілден тұрады. Гуманитарлық және қоғамдық ғылымдардың метатілінің вербальді негізі біркелкі емес. Ол әдеби нормадағы сөздерден басқа ғылыми дискурстың бояуын келтіретін жалпы ғылыми лексика мен терминдерден тұрады. Метатілдің терминдік жүйесі терминдердің сипатына сай ерекшеленеді.

Ғылым қоғамның рухани және материалдық дамуына әсер ететін өзінің әлеуметтік функциясы бар қызметтің ерекше түрі. Ғылымның әлеуметтік статусы қоғам дамуына қосқан үлесіне тәуелді. Бұл үлестің мәні түрлі тарихи кезеңдерге сай өзгеріп отырады. Бірақ «ғылыми жетістіктің» құқықтық мәні жоқ, ол тек кәсіби мамандар тобында ғана емес жалпы қоғамда танылады. Ғылымның әлеуметтік қызметінің жетістіктің белгілі ғылым саласындағы терминдік жүйенің өсуімен байланысты.

Метатілдің де сөйлеу тілі сияқты қоғам үшін өзге құндылықтар сияқты әлеуметтік маңызы бар. Сондықтан да терминдерді жүйелеу мен стандартттау мәселесі әлеуметтік аспект екені мәлім. Мамандар метатілдің әлеуметтік «маңыздылығы» мәселесі туралы сөз еткенде, әр тілдің құрылымына сәйкес кездесетін лингвистикалық қиындықтарды да ескерген жөн.

Әлеуметтік коммуникациялық тұрғыдан қарағанда метатілдің ерекше қабаты болып табылатын, өзінің мамандандырылған мағынасы бар кәсіби сөздер ерекше қызығушылық тудырады. Олардың өзіндік ерекшелігі экспрессивтілігінде.

Коммуникация барысында метатіл қызметі айтылым мен дискурс барысындағы сөйлеу тілі сияқты актуалданады, металингвистикалық деңгейдің коммуникативтік бірліктері де сондай өлшеммен қарастырылады.

Жоғарыда айтылғандарды саралай келе, метатілдік коммуникацияның өзіндік ерекшеліктерін төмендегідей саралап көрсете аламыз.:

- жалпы сөйлеу тілімен салыстырғанда вариативтіліктің шектеулігі, терминнің бір мағыналық интерпретациясына ұмтылу;
- ақпаратты адекватты жеткізу міндетін қамтитын ақпараттық қызметтің жетілдірілуі;
- жалпы ғылыми және терминдік лексика қолданылатын сөйлеу актілерінің стереотиптілігі;
- тілдік қарым қатынас жасаушылардың ғылыми күзіреттілігі мен кәсіби мамандануы тұрғысына сәйкес әлеуметтік бағытталуы;
- ғылыми салада коммуникацияда қалыптасқан сөйлеу этикетінің жүйелі түрде сақталуы.

Ғылыми дискурстың композициясы (кіріспе, негізгі тезисті баяндау, дәйектемелердің бірізділігі, қорытынды) оның баяндау, суреттеу, түсіндіру, дәлелдеу және т.б. типтері арқылы анықталады. Коммуникациялық тұрғыда ғылыми дискурс коммуникацияның метатілдік деңгейінің ерекшеліктерін ескере отырып шегі, мазмұны және тәсілі сияқты параметрлерімен сипатталады. Тақырып шегінде негізгі рөл терминдерде, себебі тақырыпты солар анықтайды және коммуниканттарды белгілі ақпарат алуға бағыттайды.

Қорыта айтқанда, түрлі ғылым саласының метатілі терминдерінің номенклатурасы, олардың мазмұны және ғылыми ұғым–түсінігіне сай тұжырымдалауы тұрғысынан ерекшеленеді. Осы ерекшеліктерді білмей тұрып ғылыми тұрғыда тілдік қарым-қатынас жасау мүмкін емес.

Әдебиеттер:

1. Тіл білімі сөздігі / Жалпы ред. басқарған проф. Э.Д.Сүлейменова. - Алматы: Ғылым, 1998. - 544 б.
2. Большой энциклопедический словарь. Языкознания / гл. ред. В.Н.Ярцова. - М., 2000. - 687 с.
3. Ахманова О.С. Предисловие // Словарь лингвистических терминов. - М., 1966. - 608 с.
4. Әлісжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі. - Алматы: Арыс, 2007. - 304 б.
5. Суперанская А.В. Литературный язык и терминологическая лексика
6. Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. - М.: Наука, 1983. С. 81-90.

Резюме

Объекта исследования теперешнего языкознания увеличением, в ходе исследования смешиваться науки использовать способы методик, характеризуется достижениями на направлении. Языкознания наличия этого иначе смотреть взглядом на важность места, которая берет в науке.

Эффективность того, что на сегодняшний день информационное обеспечивает языкознание, просторной масштабной образованной обработкой, которая увеличивает, связываться основные вопросы решать, хранить, обеспечивать.

Resume

Object of research of nowadays linguistics of enlarging, during research mixed up sciences to use the methods of methodologies, by achievements. Linguistics of presence of it differently. Efficiency that to date the informative provides linguistics, by spacious scale well-educated treatment that increases, to associate to decide basic questions to keep, to provide.

Н.М.ЖАНПЕИСОВА

ЯЗЫКОВОЕ СТРОИТЕЛЬСТВО В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН В ПЕРИОД С 1996 ПО 2010 гг.

Языковая политика в РК характеризуется специалистами, как поли субъектная. В качестве субъектов называются государство (различные государственные институты), казахская интеллектуальная элита, представители так называемой «русскоязычной контрэлиты», представители многочисленных диаспор Казахстана [1, С.24-25]. Каждый из названных субъектов языковой политики имеет собственные мотивы и интересы, которые должны учитываться в ходе языкового строительства. В роли объектов языковой политики, по словам А.Нысанбаевой, в республике выступают несколько групп населения, определяемые как "носители языковой политики" [2]. В первую языковую группу, на взгляд А.Нысанбаевой, входят казахстанцы, появившиеся на свет до 1995 года, ко второй языковой группе можно отнести остальную часть казахстанцев, родившихся после 1995 года. Первую группу составляют носители языковой политики, проводившейся в СССР. Данную языковую группу характеризует отсутствие готовности адаптироваться к новой языковой среде: по мнению А.Нысанбаевой (на наш взгляд, достаточно спорному), смену языковой среды представители данной группы воспринимают болезненно и остро. Вторая языковая группа представлена подрастающим поколением казахстанцев, готовых адаптироваться к новой языковой среде и участвующих в создании этой языковой среды. Мы считаем объектами языкового планирования все национальные, социальные, возрастные группы казахстанцев, одним словом, все население Казахстана.

В последние годы, по словам ученых, произошло изменение фокуса объектов языкового планирования, обусловленное повышенными

требованиями к русскоязычным казахам и младшим поколениям казахстанцев [1,С.62].

Приоритеты языковой политики Республики Казахстан четко прописаны в законодательных и нормативных документах, принятых в промежутки между 1996-2009 годами.

В данной статье мы попытаемся проанализировать концепции, программы и стратегические планы, в которых наглядно вырисовывается вектор изменений с учетом внутренних и внешних факторов развития страны. Речь будет идти, в первую очередь, о состоянии и развитии казахского языка как государственного, поэтому сведения, касающиеся проблем сохранения и развития других языков, функционирующих на территории Республики Казахстан, нами рассматриваются в ограниченном объеме и только с указанных позиций.

Впервые вопрос о языковом строительстве, механизмах реализации закона о языках в республике был поднят после принятия в 1989 году «Закона о языках в Казахской ССР». Механизм введения и реализации закона о языках и пути внедрения государственного языка в различные сферы жизни рассматриваются в одноименной брошюре Б.Х.Хасанова [3]. Ученый предлагает системный подход к реализации указанного закона с соблюдением четырех принципов (планомерное, поэтапное внедрение государственного языка в служебное общение; внедрение в делопроизводство; организация цикла мероприятий по пропаганде государственного языка, периодическая отчетность) и настаивает на необходимости следующих мер: обеспечить население свободой выбора языка обучения, школой с родным языком обучения; прекратить процесс сокращения казахских школ и уменьшение удельного веса казахских детей, обучающихся на родном языке; приостановить неоправданное открытие русских школ в казахских районах, укрупнение малокомплектных школ; углубить внедрение государственного языка в детских домах; внедрить государственный язык во всех школах республики в качестве предмета обучения; начать введение делопроизводства и служебного общения на том языке, какой является языком обучения, а также ряд других мер частного характера.

Наиболее существенными предложениями, на наш взгляд, являются тезисы о необходимости пересмотра лингвистических основ народного образования в республике в целом и создания конкретной программы развития дошкольных учреждений с казахским языком.

Рассмотрим важнейшие законодательные и нормативные акты, определившие языковое строительство в Республике Казахстан в последние 10-15 лет.

В Концепции языковой политики Республики Казахстан от 4 ноября 1996 года (далее – Концепция) дан обстоятельный анализ языковой ситуации в Республике Казахстан. Определена цель Концепции –

«разработка стратегии государственной политики в области сохранения и функционального развития языков в переходный период, определение задач государства по созданию условий для развития казахского языка как государственного» [4]. В качестве задач намечено определение приоритетных направлений языкового развития и выработка механизма функционирования языков. Подчеркивается, что формирование языковой ситуации обусловлено различными обстоятельствами, в том числе взаимодействием языковых и неязыковых (социальных, политических, экономических, психологических, исторических, географических и иных) факторов. Констатируется, что в настоящее время в Казахстане при существовании реального многообразия языков в функциональных целях используется свыше ста языков.

Особо подчеркивается тот факт, что статус казахского языка как государственного лишь декларирован, но не подкреплён в достаточной мере механизмом, который обеспечил бы его повсеместное изучение и использование. Известно, что десятилетиями функционирование казахского языка ограничивалось несколькими языковыми подсистемами, что было обусловлено объективными социально-политическими факторами, поэтому в концепции ставится проблема расширения его возможностей в отображении новых социокультурных реалий путем взаимодействия с другими мировыми языками, а также путем использования в этом внутреннего потенциала языка.

Своевременно, на наш взгляд, поднят вопрос о недопущении крайностей, связанных с языковым пуризмом: «Нельзя мириться с тенденцией обеспечить "чистоту" языка, отказавшись от укоренившихся в нем заимствований и международных терминов» [4].

В разделе 2. «Оптимальная модель функционального развития языков» подчеркивается, что создание оптимального языкового пространства государства требует четкого определения функционального соотношения языков, при котором государственный язык должен занять достойное место.

В Концепции прописываются характеристики государственного языка, функции, сферы его применения, правовой статус. Указывается, что требования к государственному языку и его статусу, изложенные выше, должны стать основными параметрами модели, к которой должен постепенно, последовательно приближаться казахский язык. Со временем казахский язык должен стать языком межнационального общения. Исходя из постулата, что «государственная политика в отношении создания условий для развития языков должна быть ориентирована на корректировку реально существующей иерархии языков в направлении приоритетного развития государственного языка», следует, что «задачи государства по отношению к государственному и другим языкам будут различны» [4].

Значительное место уделено проблеме научного и научно-методического обеспечения статуса казахского языка как государственного:

- Социологический и социолингвистический мониторинг должен обеспечить постоянную коррекцию языковой политики.

- Статус государственного языка, расширяющий его социальные функции, требует серьезного научного анализа происходящих в нем инновационных изменений.

- Приоритетной задачей выступает выработка системы орфографических, орфоэпических и пунктуационных правил казахского языка, обеспечивающих его унификацию и стандартизацию. Крайне необходимо создание корпуса казахской терминологической лексики.

- Необходимо обеспечить выпуск видео- и аудиовизуальных материалов для изучающих государственный язык[4].

Проблемы нормативно-правового обеспечения получили отражение в следующих тезисах Концепции:

- Реализация концепции будет успешной только при условии ее подкрепления законодательными актами и организационными мерами.

- Вместе с концепцией на обсуждение выносятся проект нового Закона "О языках в Республике Казахстан", где найдут отражение правовые основы языковой политики. Необходимо будет затем внести изменения и дополнения в Гражданский Кодекс, Кодекс об административные правонарушениях, КЗОТ и другие законы [4].

Концепция стала отправным документом, и в ней отражены практически все направления, получившие развитие в последующие годы в зависимости от конкретного воплощения в жизнь.

В Государственной программе функционирования и развития языков на 2001-2010 годы, принятой Указом Президента Республики Казахстан от 7 февраля 2001 года N 550 (далее - Программа), определены стратегические цели и задачи языкового строительства в Казахстане на долгосрочную перспективу, а также намечены основные направления, конкретные механизмы реализации языковой политики, проблемы экономической поддержки развития государственного и других языков, функционирующих на территории Республики. Конкретные действия по осуществлению намеченных целей, задач и приоритетов разрабатываются в форме двухгодичных краткосрочных планов мероприятий по реализации Программы (на 2001-2002, 2003-2004, 2005-2006, 2007-2008, 2008-2009гг.).

Анализируется ситуация в системе образования. Так, «В 1999-2000 учебном году, по данным Министерства образования и науки, из 3,5 миллиона учащихся школ республики 1,6 миллиона обучались на казахском языке (50,6%), 1,5 миллиона - на русском (45%), 80 тысяч - на узбекском (2,3%), 23 тысячи - на уйгурском (0,6%), 2,5 тысячи - на таджикском (0,07%) и более тысячи - на других языках. Несмотря на то,

что общее количество школ с казахским языком обучения постепенно растет и к 2000 году достигло почти 43% (7910) от общего количества школ в республике, их распределение по регионам, а также по схеме "город-село" остается неравномерным. Существует проблема так называемых "смешанных школ", в которых классы с казахским языком обучения в силу их непропорционального представительства оказываются оторванными от соответствующей языковой среды. Кроме того, зачастую в школах с казахским языком обучения наблюдается недостаточно высокий уровень преподавания. То же можно отметить и в отношении школ с другими языками обучения. Эти проблемы менее остро стоят в школах с русским языком обучения, в которых наработан богатый учебно-методический потенциал» [5].

В качестве острой проблемы, заслуживающей особого внимания, указывается состояние дошкольных учреждений: «число детских дошкольных организаций сокращается. Их количество к 2000 году не превышало 25% (1158) от общего числа аналогичных организаций в целом по стране. Таким образом, из сферы государственного регулирования языковых отношений выпадает поколение, отличающееся наибольшей лингвистической восприимчивостью» [5].

В начальных и средних профессиональных организациях образования ведется обучение на государственном языке по 200 специальностям, в высших учебных заведениях республики по 75 специальностям. Количество студентов на отделениях с казахским языком обучения составило к 2000 году около 32% (85300), количество студентов на русских отделениях - около 68% (181000). Большие перспективы в обучении государственному языку открываются в результате разработки новых интенсивных методик преподавания, применения аудио- и видеоматериалов, компьютерных технологий. Так, на сегодняшний день разработана и установлена в центральных исполнительных органах компьютерная программа по обеспечению электронного документооборота на государственном языке, разработаны программы распознавания компьютерных шрифтов через сканер, проверки орфографии казахского языка, автоматического перевода текстов с казахского языка на русский и с русского языка на казахский.

Особое внимание уделяется созданию и совершенствованию терминологической базы казахского языка. Государственной терминологической комиссией утверждено 610 новых терминов, впервые осуществлено издание серии отраслевых терминологических словарей, состоящей из 31 тома.

В Программе четко оговорены направления долгосрочного языкового строительства: «В соответствии с функциональным принципом формирования лингвистического поля в республике, закрепленным Конституцией Республики Казахстан и нашедшим отражение в Законе "О

языках в Республике Казахстан", целесообразно осуществление языкового строительства по трем направлениям на основе дифференцированного подхода: расширение и укрепление социально-коммуникативных функций государственного языка; сохранение общекультурных функций русского языка; развитие других языков народов Казахстана.

В рамках нормативно-правового обеспечения рассматривается разработка и нормативное закрепление требований в части владения государственным языком для работников ряда сфер общественной жизни, деятельность которых реализуется непосредственно в процессе социальной коммуникации. Это прежде всего государственная служба, здравоохранение, образование, наука, культура, сфера обслуживания населения, транспорт, связь» [5]. В связи с этим, подчеркивается в Программе, должен быть законодательно определен перечень профессий, специальностей и должностей, для которых необходимо знание государственного языка в определенном объеме и в соответствии с квалификационными требованиями.

В Программе подчеркивается, что сугубо административные методы развития языка, не подкрепленные дополнительными мерами стимулирующего характера, оказались недостаточно эффективными. Необходима разработка правовых основ для создания эффективной системы мер по материальному поощрению работников государственных органов, организаций и учреждений, использующих государственный язык в своей работе. Решение данного вопроса должно стать одним из наиболее действенных механизмов для овладения государственным языком.

Требуется разработка правовых механизмов регулирования переводческой деятельности в государственных организациях. В нормативном регулировании нуждается вопрос об аутентичности текстов нормативных правовых актов на государственном и русском языках и порядке их употребления в официальной практике. Подчеркивается необходимость поэтапного перехода к составлению документации в государственных органах на государственном языке в соответствии с централизованно утвержденным долгосрочным планом. Официальные международные встречи должны проводиться на государственном языке.

В сфере образования и обучения языкам предполагается организация и обеспечение стабильного функционирования полноценной системы обучения языкам по классической схеме: дошкольная организация воспитания - школа - высшее (среднее специальное) учебное заведение.

Обосновывается необходимость расширения системы дошкольных организаций с казахским языком обучения, а также увеличение количества часов на преподавание государственного языка за счет оптимизации учебного процесса. Предусматривается планомерный рост числа специальностей с казахским языком обучения. Главным направлением

самостоятельного обучения взрослого населения должны стать организация и функционирование системы бесплатных языковых курсов по интенсивному обучению государственному языку.

В Программе предусмотрен поэтапный перевод деятельности научных советов по защите диссертаций на государственный язык. Особое внимание уделено вопросам компьютеризации казахского языка, широкого внедрения его в глобальную компьютерную сеть.

Основным механизмом реализации Программы является ежегодное поэтапное выполнение системы мероприятий, предусматриваемых Планом мероприятий по реализации Государственной программы функционирования и развития языков на 2001-2010 годы (далее - План мероприятий по реализации Программы). План мероприятий по реализации Программы разрабатывается уполномоченным органом на каждые последующие два года с учетом изменений. Минимальная расчетная потребность в бюджетных средствах на реализацию Программы составляет 3087,7 миллиона тенге [5].

Следующий документ – «Концепция расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности на 2007-2010 годы» (далее - Концепция 2007) - был разработан и одобрен постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 ноября 2007 года N 1122.

Остановимся на некоторых важнейших положениях этой концепции. В Концепции-2007 приводятся показатели позитивных изменений в области языкового строительства: «в настоящее время в Казахстане действуют более 7800 общеобразовательных школ и лицеев, около 3750 из них с казахским языком обучения, функционирует более 500 колледжей, около 140 вузов. Более активной и стабильной стала и организация подготовки специалистов на государственном языке в колледжах и вузах» [6].

Вместе с тем аналитическая часть Концепции-2007 отличается критической направленностью. В частности, отмечается наличие в обществе стереотипа, когда определение функционального назначения языка ставится в зависимость от степени его распространенности, количества носителей и других факторов. Указывается, что отдельные попытки анализа сложившейся ситуации основываются на формальных, количественных показателях документооборота с упором на государственный язык в государственных органах и учреждениях, объемов передач электронных средств массовой информации, выпуска периодических печатных изданий на двух языках, как правило, в меньшем объеме и с материалами низкого качества на государственном языке.

Подготовка документов в центральных государственных органах на государственном языке составляет всего лишь 20 - 30 %, а общий документооборот - 45 - 50 %. Показатели, сложившиеся в

делопроизводстве местных исполнительных органов, также не отражают адекватную языковую ситуацию в регионах. Даже в регионах с подавляющим большинством казахского населения основная нагрузка при этом ложится на специалистов - переводчиков этих институтов.

Констатируется нехватка специалистов - преподавателей казахского языка, так же, как и специалистов – переводчиков. В документе отмечается, что многие электронные СМИ формально относятся к выполнению норм законодательства. В качестве проблемы названо низкое качество многих передач, отсутствие актуальности, привлекательности программ, которые не могут способствовать формированию культуры языка и речи, в конечном счете, его успешному овладению. «В средствах массовой информации необходимо исключить языковую безграмотность, умело и уместно применять термины, преодолевать монотонность и назидательный характер передач, увеличить объем оригинальных программ на государственном языке, уделять внимание семейному воспитанию и т.д.» [6].

Далее в Концепции-2007 говорится: «Анализ показывает, что зачастую данные статистики не могут отражать реального положения дел. Так, по данным 2006 - 2007 учебного года, казахские школы в республике составляли более 48 % от их общего количества, свыше 80 % детей школьного возраста казахской национальности обучаются в казахских школах. Однако, отмечая некоторые позитивные тенденции в развитии казахских школ, необходимо отметить, что более 80 % из них находятся в сельской местности, свыше 50 % из них – малокомплектные» [6]. Во многих сельских школах не хватает преподавателей иностранных языков, их отсутствие в некоторых городских школах объясняется недостаточной материальной заинтересованностью специалистов. В качестве существенного недостатка указывается на нехватку учебников, учебных пособий и методической литературы в общеобразовательных школах, колледжах, высших учебных заведениях.

«В последние годы на основе государственного заказа специалистами осуществляется разработка оригинальных учебников, учебных пособий, другой популярной литературы на государственном языке. Однако, несмотря на выпуск учебников, в том числе электронных, альтернативных учебников, учебных пособий, компьютерных программ для общеобразовательных школ большим тиражом, местные исполнительные органы в недостаточной степени обеспечивают ими организации образования» [6].

Анализ основных направлений и механизмов реализации Концепции-2007 позволяет остановиться на некоторых моментах, получивших разработку с учетом сложившейся ситуации. В частности, кроме уже указанных ранее в Концепции 1996 года и Программе 2001 года направлений, можно указать следующие:

- регулирование функциональных аспектов внедрения системы оценки уровня владения казахским языком КАЗТЕСТ
- использование современных информационных технологий, компьютерных программ, интернета и дистанционного обучения;
- пополнение веб-сайтов государственных органов качественной информацией и созданию электронной базы данных на государственном языке;
- разработка программ в сфере информатизации, которые должны способствовать всестороннему развитию и расширению казахского сегмента в сети Интернет

Одним из важных документов, в которых отражена языковая политика государства и языковая ситуация в стране, является и «Стратегический план Министерства культуры и информации Республики Казахстан на 2009 – 2011 годы».

В Разделе 2. «Анализ текущей ситуации» в качестве фактора единения страны впервые употреблен термин «толерантная языковая среда». В частности, указывается, что в стране функционирует Республиканский координационно-методический центр развития языков. «Развивается сеть региональных Центров обучения государственному языку: в 2005 году – их было создано 8, в 2006 – 11, в 2007 году – 15 областных, 16 районных и 5 городских центров <...>. В 10 местных и в 26 центральных государственных органах республики делопроизводство переведено на государственный язык » [7]. Что касается средств массовой информации, то в плане приведены следующие цифры: если в 2005 году в стране было поставлено на учет 244 (17,3%) СМИ на казахском языке, на русском – 549 (38,9), на казахском и русском языках – 445 (31,5%), то в 2008 году число СМИ на казахском языке составляет 463 (19%), на русском языке – 874 (34%), на казахском и русском языках – 879 (35%). Далее указывается: в 200 воскресных школах и 3 школах национального возрождения, действующих при Домах дружбы, изучается около 30 языков этносов, проживающих в Казахстане. В плане осуществления программы «Триединство языков» информация представлена довольно расплывчато: «В делопроизводстве государственный язык официально применяется наравне с русским. Для граждан, не владеющих казахским языком, организуются специальные курсы. Также создаются условия для изучения английского языка». Здесь же даны цифры, характеризующие реальные объемы финансирования: «Объем финансирования в 2005 – 2008 гг. составил 3 905 млн. тенге: в 2005 году из республиканского бюджета было выделено 133,7 млн. тенге, в 2006 году – 588,4 млн. тенге, в 2007 году – 1 639 млн. тенге, в 2008 году – 1 543,9 млн. тенге» [7].

Среди текущих и перспективных проблем отрасли выделяются следующие: «Во-первых, недостаточная степень функционирования государственного языка во всех сферах общественной жизни. Во-вторых,

недостаточно развитая инфраструктура обучения языкам. В-третьих, необходимость дальнейшего расширения связей с соотечественниками, проживающими за рубежом» [7].

Позитивные изменения языковой ситуации ставят перед субъектами языковой политики новые задачи. В частности, подчеркнув в своем выступлении на XV Ассамблее народов Казахстана, что «государственный язык – это основной фактор единства народа», Президент Республики Казахстан напомнил о необходимости разработки Государственной программы функционирования и развития языков на 2011 – 2020 годы. [8].

Оценивая языковое планирование в Республике Казахстан как успешное, казахстанские социолингвисты (Э.Д.Сулейменова, Н.Ж.Шаймерденова, Д.Х.Аканова) детально анализируют причины, обусловившие достаточно быстрые и успешные результаты. В числе главных причин ученые называют политическую и экономическую стабильность в обществе и улучшение социально-экономической ситуации в республике, изменение общей этнодемографической ситуации в стране, действенность избранных инструментов языкового планирования, конструктивное использование законодательных механизмов, последовательную языковую политику в сфере образования, осуществление квалификационно-аттестационных мероприятий, административное регулирование, взвешенную деятельность различных субъектов планирования, содействие общества языковому планированию и пр.

Анализируя такой фактор, как содействие общества языковому планированию, авторы выделяют три периода в изменении общественных настроений. Первый период характеризовался нечувствительностью к сложностям конкретной языковой ситуации, сложившейся к тому времени, склонностью к простым решениям и крайним средствам изменения языковой ситуации. «Резкий разрыв с существующей традицией и ожидание быстрой победы – функционирования государственного языка во всех сферах в полном объеме его вдохновляли одних, другие же в это время высказывали нескрываемые опасения и страх за судьбу русского языка и будущее своих детей, а также муссировали суждения о том, что казахский язык якобы «не готов исполнять предназначенную ему роль государственного языка» [1, С.60-61]. Вторым был период нетерпеливого ожидания, разочарования. Третий период характеризуется взвешенным отношением к динамике процессов языковых жизни. Пришло понимание невозможности радикальных изменений в языковой ситуации в краткие сроки, стала осознанной мотивация к изучению казахского языка, а также необходимости учета возрастных особенностей разных групп населения и дифференцированного подхода к ним.

Важно, что изменился и фокус объектов языкового планирования. Если вначале ими были объявлены все группы населения страны, то позже большие ожидания и повышенные требования стали предъявляться к русскоговорящим казахам и к младшим поколениям казахстанцев. Изменение вектора языковой политики ученые оценивают как стратегически верное: оно поддерживается самими русскоязычными казахами из-за возросшего этнического и языкового самосознания и снижает давление на представителей других этносов.

Литература:

1. Сулейменова Э.Д. Языки народов Казахстана: Социолингвистический справочник / Э.Д.Сулейменова, Н. Ж. Шаймерденова, Д. Х. Аканова. Астана: Арман –ПВ, 2007.
2. Нысанбаева А.М. Языковая политика в Казахстане // <http://www.centrasia.ru/>
3. Хасанов Б.Х. Механизм введения и реализации закона о языках в Казахской ССР и пути внедрения государственного языка в различные сферы жизни. А.: Кітап, 1990.
4. Концепция языковой политики Республики Казахстан от 4 ноября 1996 г. № 3186.
5. Государственная программа функционирования и развития языков на 2001-2010 годы от 7 февраля 2001 г. № 550.
6. Концепция расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности на 2007-2010 годы от 21 ноября 2007 г. № 1122.
7. Стратегический план Министерства культуры и информации Республики Казахстан на 2009 – 2011 годы от 23 декабря 2008 г. № 1204.
8. Национальное единство – наш стратегический выбор. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на XV сессии Ассамблеи народа Казахстана 26 октября 2009 года. Астана // <http://www.zakon.kz/>.

ДОСМУРЗАЕВА А.С.

ОРЫС ТІЛДІ АУДИТОРИЯДА АУЫЗША СӨЙЛЕУДІ ҮЙРЕТУДІҢ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ

Тірек сызбалар - қазақ тіліндегі қатысымдық тұлғаларды оқытудың деңгейін, сапасын жоғарылататын көмекші оқу құралдарының бірі.

Қазақ тілін сапалы оқыту үшін көрнекі оқу құралдарын жетілдіру қажет. Дегенмен, қазақ тілі пәнін оқытуға қажетті көмекші оқу құралдары

болып табылатын көрнекіліктер қазіргі уақытта әлі де жетілдіруді талап етеді.

Әдістеме ілімінде көрнекіліктердің алатын орны ерекше бола келіп, олардың әрқайсысының түр-түрге жіктеліп, әр қилы қызмет атқаратындығы айқын.

Жалпы, *бейнелеуіш көрнекіліктері* кесте, фотосуреттерді қамтыса, *кескін көрнекілігіне* түрлі сызбалар (схема), диаграмма, кестелер (таблицалар), сызықпен түсіндірілген бейнелер жататыны белгілі.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне қазақ тілін оқытуда *кескін көрнекіліктерінің* өте тиімді екені байқалды. Бұл көрнекіліктің *басты ерекшелігі* - оқытылатын материалдағы назар аударатын мәселеге қатысты *тірек сызбалардың* қолданылуы. Сөз, сөйлем және мәтінді меңгертуде пайдаланылатын сызбаның *ерекшелігі* – форма (пішін) мен мазмұнның бірлестігі, сәйкестігі.

Пішін мен мазмұнның, мағынаның біртұтастығы сөзге де, *сөйлемге* де, *мәтінге* де тікелей қатысты. Өйткені қатысымдық тұлғаның ең басты өзегі, ұйытқысы - сөз. Ойды тиянақты әрі түсінікті жеткізудің негізгі үлгісі - сөйлем. Осы екі тұлғаның да құрылымдық және мағыналық бірлігінен тұратын қатысымдық тұлғалардың ең күрделі түрі - мәтін. Адамдар өз ойын жеткізу үшін, сөзді тіліміздегі грамматикалық нормаларға сәйкес формаға келтіреді, сөйлемдер құрайды, ал олардың көмегімен қажетті мазмұн ашылады. Мәтінде сөйлемдер бір-бірімен байланысып тұруы қажет. Мәтін нақты сөйлеу шығармасы ретінде белгілі бір жүйелі ойдан туады. Мәтіндегі сөйлемдер байланысынсыз оның мазмұны ашылмайды да, автор алдына қойған мақсатына жете алмайды. Сол үшін мазмұн мен пішіннің бірлігі өзара сәйкес болу керек.

Тірек сызбалар арқылы сыртқы форма (пішін) да, мазмұн да бірлестікте көрсетіледі. Демек кез-келген мәтін сызбасында мазмұн пішінделеді, ал сөз, сөйлем пішінінде мазмұн айқындалады.

Тіптен мәтін жоспарының өзі осы бірлікті көрсетеді. Мәтіннің алғашқы сөздерін айта не жаза бастағаннан-ақ оқушы осы бірлік үшін жұмыс істейді. Басқа мәселе алынған пішін берілген мазмұнға қаншалықты дәл келеді, немесе берілген мазмұн берілген пішінде қаншалықты айқын білінеді. Егер олар бір-бірімен сәйкес келсе, дәл келсе, онда авторды өз мақсатына жеткізетін жақсы мәтін пайда болады. Егер олар сәйкес келмесе автордың не айтқысы келгенін түсіне алмайтын нашар мәтін жасалып шығады. Қатысымдық тұлғаларды студенттерге меңгертуде қолданылатын сызбалардың жүйесі мен түрлерінің мақсаты:

- қазақ тілін тірек сызбалар арқылы меңгертудің әдіс-тәсілдерін, жолдарын табу, ашу;

- студенттердің сөздік қорын байыту, келешекте өз пайдасына жарата білуді үйрету;

• тірек сызбалар арқылы қатысымдық тұлғалардың мағынасын түсіну үшін сызбалардың:

- а) тақырыпқа байланысты ролін, маңызын топтауға,
- ә) қасиетіне қарай сұрыптауға,
- б) қолданысына қарай жинақтауға үйрету;

• сөз үйретуге «име» сызба, сөз тіркесі мен сөйлем құрудың жеңіл жолдарын «текше» және сатылы сызбаларды қолдана білуді жете меңгерту, оларды қазақ тілін үйренуде қолайлы оқу құралы екеніне көздерін жеткізу мәтіннің мазмұнына қарай сызылған тірек сызбалар арқылы қазақ тілінің ерекшеліктері мен оның әдеби мұраларын оқу барысында, мемлекеттік тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана білуге үйретіп, студенттердің пәнге қызығушылығын, ықыласын арттыру.

Тірек сызбалар - түріне қарай қазақ тіліндегі қатысымдық тұлғаларды оқытудың сапасын жоғарылататын құралдың түрі. Көрнекіліктерді қазақ тілін оқыту істеріне байланысты түрлендіріп отыру қажет. Тірек сызбалар оқыту тәсілдері мен оқу-тәрбие үдерісіндегі атқаратын қызметтеріне қарай негізгі және қосымша болып бөлінеді.

Көрнекіліктің негізгі 3 түрі ажыратылады: *көру, есту және есту-көру*. Жұмыста көру көрнекілік құралдары ретінде қарастырылатын тірек сызбалар гуманитарлық бөлім студенттеріне қазақ тілін оқытудың ұғымды үлгісі болып табылады.

Орыс әдіскерлері А.Н.Щукин, А.Д.Ботвинников және оқытудың көрнекілік қағидасын көрсеткен Д.Әлімжанов сияқты ғалым-әдіскерлердің пікірі бойынша көрнекі құралдар табиғи, көркем-бейнелеу, графикалық (кескіндеме) болып бөлінеді.

Кескіндеме көрнекі құралдары жаңа лексикалық және грамматикалық материалмен таныстыру және оны қолдану дағдысын қалыптастыру барысында қолданылады.

Қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын тірек сызбаларды мынадай түрге бөлуге болады:

- сөзге қатысты сызбалар;
- сөйлемге қатысты сызбалар;
- мәтінге қатысты сызбалар.

Тірек сызбалардың бұл түрлері бір-бірімен тығыз байланысты бола келіп, біртұтас тілдік қатынасты жүзеге асыруға ықпал етеді. *Сөзге қатысты сызбалар* қатысымдық тұлғаның мынадай басты белгілерін көрсетеді:

- сызба сөздің лексикалық мағынасын нақтылайды;
- сызба арқылы сөздің басқа сөздермен тіркесу қабілеті анықталады;
- сөздің ауыспалы, келтірінді, көпмағыналық табиғаты аңғарылады;
- сөздің сөйлемдегі орны белгіленеді.

Сөзді үйретуде құр сөздің мағынасын үйрету жеткіліксіз. Сөзге қатысты сызбалар үйренген сөзбен өз бетінше сөз тіркесін құрап, сөйлем ойлауға жетелейді. Сөздің қатысымдық қызметін сөйлем құрамында көрсете аламыз. Сөзге қатысты сызбалар сөздердің өзара байланыста болуы, олардың мағыналық жақындығына байланысты болатынын әрдайым студенттердің естеріне салып отыруға көмектеседі.

Киіз үй

Киіз үй - ата-бабамыздың ежелден келе жатқан баспанасы. Киіз үй көшпелі ел тұрмысына өте қолайлы. Оны тез құрып, жинап алуға ыңғайлы. Кереге, есік, уық, шаңырақтарды біріктіріп баумен байлайды. Оны түндік, туырлық, үзікпен жабады. Текеметті сырмақты оюлап тігеді. Текеметті көбіне төсеніш ретінде қолданады. Түрлі өрнек салынған сырмақтар үйге ерекше сән береді. Оны киіз үй жылы болу үшін керегеге жапсырып іледі.

Жүннен жасалған бұйымдар	киіз үй түндік үзік, туырлық	А	ежелден	киіз үй қазақтың баспанасы
Ағаштан жасалған бұйымдар	кереге, уық, шаңырақ, есік т.б.	І	-ның, нін, -тың, дін	ою-өрнек-теу.
		Б	-ға, ге -қа, ке	жылы, мол
		Г	-ты, ті, -ны ні	қосу, сон
		Ж	-та, те, да де	тұрмыс
		Ш	-тан, ден тен	қайың
		К	мен, бен пен	жел, суық

Берілген сөздерді құрамына қарай талдау түрі				
түбір	туынды С	қос Ө	біріккен З	қысқарған
жүн үзік	түндік			

Белгілі психолог Қ.Жарықбаев: «Оқушы байқаудың, қабылдаудың мақсатын айқын ұғынып, қабылданатын заттар мен құбылыстардың мәнісіне қалай да түсінгені мақұл» - деп көрсеткендей бұл мәтінді ұғынып түсінуге арналған тірек сызбаның бір түрі ғана.

Әдебиеттер:

1. Ботвинников А.Д., Ломов Б.Ф. Научные основы осормирования знаний, умений и навыков школьников. М., Педагогика. 1979.
2. Жарықбаев Қ.Психология.Алматы -Мектеп. 1983.
3. Пантюшова Э. А. Графическая наглядность как средство профессиональной педагогики студентов — филологов на практических занятиях по русскому языку. Л., 1988 (Автореф. на соиск.уч.степ.канд.пед.наук. — 15 стр.

Резюме

В данной статье рассматривается вопрос о развитии устной казахской разговорной речи русскоязычных студентов с применением опорных схем.

ЖАНУЗАКОВА Ж. А.

МЕТАТІЛДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СТАТУСЫ

Метатілдің лингвистикалық статусы, оның тілде алатын орны мен функционалдық жүйесі туралы сөз етпес бұрын терминология туралы сөз қозғағанымыз орынды. Металингвистика және метатіл теориясына қатысты базалық түсініктерде терминологиялық бірлік байқалады. Мысалы, тіл-нысанды сипаттайтын синонимдік қатар: *тіл-нысан, нысан тіл, пәндік тіл, сипаттаушы тіл, талдау тілі, талдаушы тіл, нақты тіл, жалпы тіл, табиғи тіл* болса, осыған сәйкес метатіл терминінің ерекшеліктерін көрсететін төмендегідей терминдік атаулар бар: *метатіл, суреттеуші тіл, формальді тіл, формальданған тіл, функциональды тіл, жасанды тіл, символдық тіл, кодтық тіл, қосымша тіл.*

Екінші синонимдік қатарда кездесетін функциональдық тіл термині кей еңбектерде ғылым салаларының әрқайсысында қарым-қатынас жасау үшін жұмсалатын арнаулы мақсатқа бағытталған тіл деп көрсетсе, кей жағдайларда қоғамдық қатынастардың арнаулы емес салаларында қолданылатын тілдің көп түрлілігі, яғни табиғи тіл, бір жағынан жасанды тіл, осыдан келіп метатіл деген ұғымға келіп саяды [1,31-32]. Егер функционалдық тіл арнайы мақсатқа мақсатқа жету үшін пайдаланылады десек онда оны кәдуілгі тілдің дербес функциональды түрі деп санауға болады [2,65].

Құрылымдық тұрғыдан алғанда метатіл арнайы мақсатқа бағытталған тілмен ұқсас. Құрылымдық тұрғыдан салыстырғанда бұл тілдер туралы түсініктің айырмашылықтарын да көруге болады.

Кез келген ғылыми пән сияқты лингвистиканың да өз дамуының белгілі кезеңінде метатілді қажет етуінің себебі белгілі деңгейге жеткен жетістігін сипаттап жеткізуші таңбалық жүйенің қажеттілігінен туады. А.С.Гердтің көрсетуінше, ғылыми білімнің таңбалық сипатының түрлі формалары бар: 1) код, білім мазмұнын жазуға арналған белгі, сөз, сөз тіркесітүріндегі тіл. Сөйлем, таңба және олардың байланысы, т.б.; 2) Ғылыми білім көрініс табатын түрлі мәтін типтері; 3) Білімнің логико-түсініктік типтері; 4) терминдік жүйе [3,30].

Қазіргі тіл білімінде метатіл А.С.Гердтің классификациясына сәйкес ғылыми білімнің таңбалық сипатының негізгі формасы «екінші кезектегі тіл», яғни нысаны өзге тілді мазмұндау мен жеткізу болып табылатын тіл болып табылатын тіл-нысан ретінде түсіндіріледі.

Тілдің өзі нысан ретінде алынатын зерттеулерде тіл білімі терминдері жүйесінің бірлігі «метатіл» деп аталады. Мамандар арасында «метатіл» анықтамасы туралы пікірлер көп: метатіл – «екінші дәрежедегі» тіл [4, 7]; тіл білімінің «метатілі» – терминдер арасындағы жүйелі қатынастар мен жалпы ғылыми лексиканы білдіретін күрделі құбылыс [5, 297] және т.б.

Әрбір ғылым саласының дамуы тіл білімі метатілінің дамуын талап етеді. Белгілі бір ғылым метатілінің қалыптасуы мен дамуына өзара байланысты бірнеше себептер ықпал етеді: зерттеу бағыттарының күрделенуі мен тереңдеуі; жаңа бағыттардың пайда болуы; жаңа терминдік бірліктердің пайда болуы; жаңа концептуалдық аппараттың қалыптасуы мен белгілі терминдердің жаңа мазмұнмен толығуы.

Тіл білімінің метатілі лингвистиканың түрлі салаларының метатілінің бірлігінен тұрады. О.С.Ахманованың пікірінше, «тіл білімінің метатілі лингвистика салаларының термин жүйесінде қалыптасқан терминдерді, және кейбір оған кірмейтін лексикалық қабаттарды, номенклатуралық белгі-номендерді қамтиды» [6,5]. Сондықтан да терминдік жүйе метатілдің негізгі құрылымы болып табылады және сипатталушы тіл мен сипаттаушы тілдің ара жігін ажыратады.

Тіл білімі салаларының қайсысын алсақ та, әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі, терминологиялық аппараты болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары, ұғымдар жүйесі мен терминдері арнайы зерттеуді қажет етеді.

Терминологиялық лексиканы зерттеп, оның теориялық мәнін, маңызын анықтауда қазақ тіл білімінде терминология саласының ғылыми мәселелері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Қайдаров,

С.Исаев, Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Атап айтқанда, қазақ терминологиясы ғылымының тұтас тарихы, терминдік жүйе мен терминжасамның теориялық мәселелері академик Ө.Айтбайұлының ғылыми еңбектерінде жасалса, терминологиялық лексиканы зерттеп, оның теориялық мәнін, мазмұнын анықтауда Б.Қалиевтің («Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары», 1988), Ш.Құрманбайұлының («Қазақ тілі лексикасының терминденуі», 1999) монографиялық зерттеулерін, салалық терминологияға қатысты А.Исанованың, С.Әлісжановтың, Ш.Білаловтың, С.Исақованың, Г.Ақшалованың, А.Қоңырованың, Ж.Молдажаровтың және т.б. ғылыми еңбектерін атауға болады. Сонымен бірге лингвистикалық терминдерді қазақ тіл білімінің метатілі мәселелеріне қатысты тезаурустық сипатта қарастырған Е.Қ.Әбдірәсіловтің, терминдердің танымдық сипатын зерттеу нысаны еткен С.Ақаевтың зерттеулері және орыс тіл білімінде А.Реформатский, В.В.Виноградов, Н.А.Баскаков, В.И.Сифоров, Р.А.Будагов, О.С.Ахманова, В.Ф. Журавлев, В.П.Даниленко, Г.В.Степанов т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Бұл зерттеулерде терминжасамның ғылыми принциптері мен шарттары анықталып, сөздік жасау, салалық терминжасам мәселесі арнайы қарастырылды. Дегенмен қазіргі кездегі ғылыми лексиканың бір құрамдас бөлігі, жеке бір терминдік жүйені – тіл білімі терминологиясын даралап зерттеудің маңыздылығы өте зор.

Метатіл мен тіл-нысанның ара қатынасы бір-біріне қарама-қарсылық (метатілдің формальді сипаты мен сипатталушы тіл мен сипаттаушы тіл материалдары табиғатында анық бірліктің болмауы тұрғысынан) негізінде және бірлігі (метатіл мен тіл-нысан субстанцияларының бірлігін есепке алғанда) негізінде көрінеді. Ғалымдардың пікірілерне сүйене отырып шығатын қорытынды мынадай, метатіл мен күнделікті қолданыстағы қарым-қатынас тілін қарама-қарсы қою көп жағдайда «алыпсатарлық» сипат алады, себебі бұл жерде сөз не жалпы, не арнайы мақсатқа сәйкес қолданылатын бір ғана тіл жайлы болып отыр. О.М.Карпова «кез-келген ұлттық тіл материалдық иеленуші тұрғысынан алып қарағанда біреу. Тілдегі сөздің басым көпшілігі жалпы мақсатта қолданылады, сонымен қатар, тілде арнайы мақсатқа сәйкес қолданылатын да сөздер болады» [7,188]. Сипатталушы тіл мен сипаттаушы тілді қарама-қарсы қойғанда ғылыми зерттеу тілдің шынайы субстанциясынан, материалдық тәжірибесінен ауытқиды.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша ғылыми еңбектерге талдау жасай келе тіл білімі метатілінің төмендегідей өзіндік ерекшеліктерін анықтадық:

- Метатілдің жүйелілігі. Метатіл дербес, бірақ өзара байланысты элементтердің дербес құрылымы ретінде қарастырылады. Бұл элементтер бір ізге түскен, ұйымдасқан тұтас концептуальдық бірлікті құрайды.

- Метатілдің жасандылығы. Бұл логико-математикалық модельге негізделген таңбалар жүйесінің белгісі ретінде қарастырылады.
- Метатілдің функциональдық бағытының шектеулігі. Метатіл «анық, шектеулі мақсатты орындауға бағытталады.
- Тұтастай метатілдің не оның құрылымындағы элементтердің абстракттылығы. Жалпы терминдерге, кез-келген ғылымның метатіліне, лингвистиканың метатіліне жоғары дәрежедегі абстрактылық тән. Лингвистикалық терминдердің абстрактылығы терминдік бірліктердің идеализациясына негізделеді, себебі олардың денотативтік қабатының мағынасы бос және адам санасындағы нақты бейнелермен сәйкес келмейді.
- Метатіл құрылымы элементтерінің біртектілігі. Бұл нақты тілдік құбылысқа анықтама берудегі қажеттілік.
- Метатілдің шектеулі функционалдық бағыты. Метатіл белгілі және шектеулі мақсатты анықтауды орындауға бағытталғандықтан жан-жақты қамту оның қызметінің бағытына тән емес.
- Метатілдің әмбебаптығы мен жеткіліктігі. Метатіл объективті тілде термин арқылы берілгеннің бәрін жеткізе алатындай бай болуы тиіс.
- Метатілдің ашықтығы. Метатіл өз табиғатында ұғымдардың ашық жүйесі болып табылады.
- Метатілдің психологиялылығы. Метатіл ғалымның жеке көзқарасын білдіреді, яғни өзін қоршаған орта туралы жеке түсініктерінің жүйесі, әдіснамалық ұстанымдары. Себебі кез-келген метатілдік белгі (термин) өзіне сәйкес әдіснаманы бейнелейді.

Тіл білімінің метатілі өз кезегінде ғылым ретінде лингвистиканың алдында тұрған бірнеше қолданбалы мәселелерді шешуге бағытталған тілдің күрделі, көп құрамды қабатын құрайды. Сондықтан да, метатіл объективті ғылыми ойлауды нәтижесінде термин сөздер логикалық түсінікке, ал сөйлемдер байымдауға жақындайтын жоғары дәлдікте бейнелеуге ұмтылады.

Әдебиеттер:

1. Лейчик В.М. Языки для специальных целей – функциональные разновидности современных развитых национальных языков // Общие и частные проблемы функциональных стилей. -М.: Наука,1986
2. Даниленко В.П. О месте научной терминологии в лексической системе языка // Вопросы языкознания. – 1976.-№4.
3. Герд А.С. Научное знание и система языка // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер.2.-1993.- Вып.1, №2.
4. Тіл білімі сөздігі / Жалпы ред.басқарған проф. Э.Д.Сүлейменова.- Алматы: Ғылым, 1998.-544 б.

5. Большой энциклопедический словарь. Языкознания / гл.ред. В.Н.Ярцова.-М., 2000.-687 с.

6. Ахманова О.С. Предисловие// Словарь лингвистических терминов. – М., 1966. – 608 с.

7. Карпова О.М. Термины в художественном тексте и писательском словаре // Материалы международной научно практической конференций.- Пятигорск: Изд-во ПГЛУ, Ч.1.

ТАСБОЛАТОВА М.С.

СТЕРЕОТИП ЖӘНЕ ТІЛДІК СТЕРЕОТИП МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ

Стереотип терминін (грек stereos – қатты, typos – таңба) ғылымға алғашқы болып американдық әлеуметтанушысы У.Липпман енгізді. 1922 жылы басылып шыққан «Қоғам пікірі» кітабында У.Липпман стереотипке анықтама берді және оның қоғамдағы рөлін анықтағысы келді. Стереотип туралы айтқан кезде Липпман оның қоршаған ортаны қабылдаудағы ерекше формасын ескерді, яғни біздің сезімдерімізге, санамызға жеткенге дейінгі кездегі ықпалын баса айтты [1.95]. У.Липпманның пікірінше, адам қоршаған ортаны барлық қайшылықтарда қабылдауда, бақыламаған құбылыстардың «картинасын санасында жасайды» Адам өмірде көптеген заттар туралы мәліметтерді, олармен кездеспей тұрып та біледі. Бұндай стереотиптердің көрінісі сол индивидуумды қоршаған мәдениеттің ықпалынан болады.

Стереотиптер деп тұрақты, үнемі қайталанатын мінез-құлық формаларын түсіну керек. Ол өзіндік бір мінез-құлық, қалып, дайын түр, үлгі.

У.Липпманның ойынша, стереотиптер тек қана жалған құбылыс емес. Оның пайымдауынша, стереотип шын немесе жартылай шын немесе жалған болады. Липпман стереотип ұғымын ғылымға енгізіп қана қоймай, оған анықтама бере білді, сонымен қатар бұл құбылыстың маңыздылығын айта кетті. «Стереотиптер жүйесі,-деп жазды ол- біздің жеке дәстүрімізде өзекті болуы мүмкін, ол біздің қоғамдағы орнымызды қорғайды... уақытымызды сақтайды және қоршаған әлемді анық көруде сонымен қатар оны тұтастай қамтуға кедергілерден сақтайды» [1,95]. Стереотиптерге бұлай анықтама берген кезде оны екі қырын көруге болады - ол мәдениетке тәуелділігі және еңбек күшін үнемдегіштігі, сонымен қатар, сәйкесінше, тілдік құрал. Егер математикалық есептерді алгоритм арқылы шығару адамның ойлауын үнемдейтін болса, стереотиптер адамның өзін «үнемдейді». Бұл қарастырғанымыз У.Липпманның стереотип туралы тұжырымы болатын.

Ал Д.Кац пен К.Брейли келесі анықтаманы береді: «Этникалық стереотип - бұл тұрақты ұсыныс, ол елестеткен нақтылықтармен келіспейді, адам әуелі құбылысты анықтайды, содан соң оны бақылайды [2,96].

Екінші дүниежүзілік соғыс этникалық стереотиптерді зерттеуде жаңа бағыт, жаңа серпіліс берді. Яғни, халықтардың бір-бірі туралы дәстүрлі мәліметтері білгендері қандай роль атқаратындары, сонымен қатар олардың қалыптасуын білудің маңызы қандай екендігі зерттелді

Енді психолог О.Кленберг, сауалнама жүргізіп, оны сараптағанда төмендегідей байламға келеді: «...бұл адамдардың санасындағы картина, сәйкесінше олардың өздерінің немесе басқа ұлттардың топтарының. Бұндай образдар немесе құбылыстар көбіне қоғамда көп таралған: әдетте, олар өте примитивті түрде және айналадағы болмысқа қатысынсыз болып келеді»[3,97].

Когнитивті лингвистика мен этнолингвистикада «стереотип» термині тіл мен мәдениеттің мазмұндық жағына жатады, яғни ментальдік стереотип, ғаламның тілдік бейнесі және тілдік стереотип екеуі бір бөлік пен бүтін болып сәйкестенеді, сонымен қатар тілдік стереотип әлемдік тілдік емес объектіге қатысты талдау немесе бірнеше талдаулар болып танылады, заттардың субъективті терминнен ажыратылған түрі, бағалау мен бейнелеу қасиеттері - шындықтың танымдық модельдің әлеуметтік тұрғыдан талдауының нәтижесі болып табылады. Тілдік стереотип деп тек талдау немесе бірнеше талдаулардар жиынтығын емес, кез келген бірнеше сөзден құралған тұрақты тіркестерді атауға болады, мысалы, «жаңа орыс» т.б.

Стереотиптердің орнына өзге ұлттың мінездері, сонымен қатар бір ұлттың екінші бір ұлт туралы пікірі: жалпы түсінігі, тілдік қарым-қатынас жасау нормасы, тәртібі, категориясына, әдет-ғұрпына, адами және әдептілік нормалары туралы.

Ресей ғылымында 50-жылдардың соңына дейін «стереотип» термині қолданылған жоқ. Алайда бұл мәселе төңірегінде сөз қозғағандар болды. П.А.Сорокин еңбегінде бұл мәселеге жан-жақты тоқталады. «Стереотип» терминін қолданбаса да, оның әлеуметтік топтағы қызметі туралы айтады. «Үрдістер қатары және іс-әрекеті алдын ала осы немесе басқа түрде реттеледі және топ мүшелерінің көпшілігімен орындалады» [4, 13].

Зерттеушілер әр топтың өзінің белгілі өзара қарым-қатынасының тәртібі болатынына назар аудартады. Іс-әрекеттің бұл ресми топтық қалпы топтың негізгі «сүйегі» болады, осы негізгі «сүйек» арқылы іс-әрекеттің басқа да түрлері дамиды [4,21].

Бұл жерде әлеуметтік өмірдің интеграция факторы ретінде ұжымдық рефлекс қолданылады. Бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік өмір оларға шексіз реакция ретінде көрінеді. Сорокин стереотиптердің әлеуметтік-мәдени топтардағы өмір сүру механизмін суреттейді.

Тіл мен нақтылықтың қарым-қатынасына тоқталайық. Осы проблемалар қарым-қатынасқа және де шет тілдерді үйренуге өте маңызды. Адамның әлем туралы білімінде тілдер өте маңызды болып саналады. Шындық әлемді көрсете отырып, адам бір сөзде таным нәтижесін қамтиды. Егер де әлемді адам мен ортаның қатынасы деп білсек, әлемнің суреті адам мен оны қоршаған ортамен қарым-қатынасының нәтижесі. Әлемнің көрінісі - бұл әлемнің айнадай бейнеленуі емес, ол әлемнің бір субъектінің интерпретация, оның өз ерекшелігі бар. Сондықтан әлем бейнесі - ол динамикалық құбылыс. Сонымен, когнитивтік лингвистиканың өкілдері біздің концептуалдық жүйе тіл бейнесімен айтқанда тәндік және мәдениет тәжірибесіне тәуелді.

Финн зерттеушісі Паули Кайкконен «әлемнің мәдениет бейнесі» деген ұғымды ұсынады. Кайкконен айтуынша, әлемнің мәдениет бейнесі өз мәдени ортасынан, туған тілден, туған мәдениеттің қалыптарынан тұрады. Жат мәдени ортада, жат тіл жат қалыптар әлемнің мәдени бейнесінің екінші жағы болып саналады.

2. Образно, по сути, наш правореализационный механизм представляет огромный водоворот, втягивающий в свою воронку всех экологических правонарушителей, преступников. Тогда вопрос, способна ли судебная и пенитенциарная система обеспечить надлежащее судопроизводство, отправление и исполнение Закона. Закономерный ответ – «нет», в первую очередь потому, что этот поток не иссякаем на современном этапе эволюции человека, с присущей ему гипертрофированной экопсихологией и самой высокой степенью

отклонения от правильного поведения. По сути, девиантность в экологии стала нормой поведения, образом жизни.

3. Теперь совершим маленький экскурс в историю и вспомним, с каким энтузиазмом ученые взялись за создание атомной и водородной бомбы и как ужаснулись, создав ее и испытав на отдельных странах. Это экоцид и геноцид, тягчайший из видов экологической преступности.

4. Следует констатировать, что до настоящего периода международной научной практикой не определен исходный момент развития, генезис формирования экологической среды статистического преступника. Отсюда становится очевидным, что криминология и криминалистика, в целом, как и ее частные дисциплины: экокriminalология и криминалистика окружающей среды вступают в правовое пространство только лишь в конечной фазе созревания экопреступника, то есть после совершения преступления. Предшествующие фазы и должны представлять повышенный интерес в данной области, а противном случае, как бы ни была совершенна теория и практика, обеспечить в полной мере действенность Системы экобезопасности никому и никогда, по-видимому, не удастся. Вот таким образом и представляется нам камень преткновения, та заноза во всей системе экологической безопасности, а предстает она в образе «превенций». Нам думается, нет необходимости дискутировать по вопросу, что целесообразней и дешевле - предупредить формирование экологического преступника, предотвратив тем самым общественно-опасное экодеяние и пагубные последствия или только бить по «хвостам», то есть сосредоточив все усилия на конечной фазе. Если называть вещи своими именами, то во всей подсистеме предупреждения и профилактики. Все подсистемы взаимосвязаны и взаимообусловлены и должны функционировать как механизм швейцарских часов. Только в комплексе и системной взаимосвязи может проявиться действенность всей системы обеспечения экологической безопасности и жизнеобеспечения.

Все наши исследования подтверждают, что решить проблему «предупреждения» в данной специфической области возможно лишь решив проблему девиантного поведения в области экологии. Нам предстояло в наших исследованиях ответить на ряд вопросов:

-Каким образом происходят экологические отклонения?

-На какой фазе своего развития человек наиболее подвержен девиантному поведению?

-Что и кто в большей степени влияет на формирования психологии отклоняющегося поведения по отношению к окружающей среде?

-Что и в какой степени формирует экологизированное среде?

-Что и в какой степени формирует экологизованное и антиэкологичное сознание?

-Каковы причины, условия, детерминанты отклоняющегося поведения, приводящие к совершению экологических преступлений?

-Каким образом достичь ресоциализации индивидуума, обладающего явно выраженным эколого-девиантным поведением? В итоге, вопросов накапливалось больше, чем удавалось находить на них ответов.

Таким образом в научном поиске и возникла идея создания специфической междисциплинарной области знаний, которую представляется необходимым назвать- «Экологическая криминология».

Прежде чем рассмотреть предмет и дать определение «экологической криминологии», необходимо ответить, что термин «экология» был введен в науку естествоиспытателем Геккелем в 1866 году для определения образа жизни и внешних жизненных отношений организмов между собой. При этом уделялось особое внимание изучению реакций живых организмов на различные факторы окружающей среды.

Предметом современной экологии является изучение закономерностей взаимодействия систем различной сложности с окружающей средой. По мере развития промышленных технологий, связанных с выбросами в воду и воздух большого количества химических веществ, появились такие направления, как гидроэкология, биоэкология, экология, атмосферы и литосферы. Позднее возникла экология человека и, наконец, экологическая криминалистика.

Гидроэкология озаботилась чистотой природных вод, и, несмотря на значительные усилия и большие материальные расходы, проблема чистой воды на планете становится все более актуальной. В настоящее время примерно 20% поверхности Мирового океана покрыта нефтяной пленкой. Экология атмосферы первоначально занимались лишь смогом в больших городах, но постепенно включало в область своих исследований озоновые «дыры» и электромагнитные «загрязнения» от различных источников радиоизлучений, радоновые и радиоактивные выбросы в атмосферу. С бурным развитием информационных технологий электромагнитные загрязнения выходят на первый план и вырастают в серьезную проблему биоэкологии.

Экология литосферы призвана заниматься проблемами подземных атомных взрывов, захоронением радиоактивных отходов, варварской добычей полезных ископаемых, выкачиванием из недр Земли нефти, воды и газа, которые существенно меняют подземную и наземную гидросферу, загрязняют атмосферу и почву промышленными выбросами. Количество промышленных и бытовых отходов в развитых странах неуклонно растет, их утилизация вырастает в серьезную проблему.

Очевидно, что *биоэкология* тесно связана с состоянием гидро-, атом-, литосферы. В настоящее время она включает в себя не столько изучение взаимодействия биологических объектов (растений, животных) со средой обитания, сколько определяет степень вредности выбросов в атмосферу и воду промышленных и бытовых отходов, изучает изменения условий обитания в результате уничтожения лесов)легких нашей планеты и

кормовой базы большого количества видов живых существ) и бездумных манипуляций с гидросистемами планеты.

Таким образом, экологическая криминология - это наука, системная, комплексная и междисциплинарная исследующая экологические преступления, направленные против экологической безопасности общества. Основной целью, новой науки является разработка форм и методов предупреждения, профилактики экологических преступлений, формирование сознания экологизированного социально ориентированного индивидуума, обладающего современным экологическим мировоззрением правосознанием.

Дальнейшее развитие экологической криминологии позволит локализовать пробел в подсистеме превенции чрезвычайных экологических ситуаций и предупреждения экологических правонарушений. Тем самым она лаконично впишется в иерархическую структуру Системы экологической безопасности, что будет способствовать обеспечению действенности данной Системы во взаимодействии с другими подсистемами. Так как мы знаем, что криминалистика способствует раскрываемости преступления в уголовном процессе на 98% . Так таковая новая наука еще не сформирована. Некоторые теоритические и практические направления экологической криминологии начали разрабатываться на кафедре экологии Актюбинского Университета им. Академика С.Баишева совместно с учеными МГУ им.Ломоносова.

Литература:

1. Гилинский Я. Девиантология. СПб.: «Юридический центр Пресс», 2004.
2. Кудрявцев В.Н. Правовое поведение. Норма и патология. М., 1982. С.29

ФАХРУТДИНОВА Р.Р.

ГЕННАЯ ИНЖЕНЕРИЯ

Генная инженерия — это область биотехнологий, включающая в себя действия по перестройке генотипов. Уже сегодня генная инженерия позволяет включать и выключать отдельные гены, контролируя таким образом деятельность организмов, а также — переносить генетические инструкции из одного организма в другой, в том числе — организмы другого вида. По мере того, как генетики всё больше узнают о работе генов и белков, всё более реальной становится возможность произвольным образом программировать генотип (прежде всего, человеческий), с лёгкостью достигая любых результатов: таких, как устойчивость к

радиации, способность жить под водой, способность к регенерации повреждённых органов и даже бессмертие.

Генетическая информация. Генетическая информация (геном) содержится в клетке в хромосомах (у человека их 46), состоящих из молекулы ДНК и упаковывающих её белков, а также в митохондриях. ДНК (дезоксирибонуклеиновая кислота) является последовательностью нуклеотидов, каждый из которых содержит одно из четырех азотистых. С функциональной точки зрения ДНК состоит из множества блоков (последовательностей нуклеотидов), хранящих определенный объем информации — генов.

Ген — участок молекулы ДНК, в котором находится информация о первичной структуре какого-либо одного белка (один ген — один белок). Совокупность всех генов организма составляет его генотип. Все клетки организма содержат одинаковый набор генов, но в каждой из них реализуется различная часть хранимой информации. Лишь те гены активны, которые необходимы для функционирования данной клетки, поэтому, например, нейроны и по структурно-функциональным, и по биологическим особенностям отличаются от клеток печени.

Роль белков в организме. Белки являются наиболее важными молекулами в каждом живом организме, химической основой живой материи. По определению Энгельса "жизнь есть способ существования белковых тел". Белки осуществляют обмен веществ (перенос веществ в организме) и энергетические превращения, обеспечивают структурную основу тканей, служат катализаторами химических реакций, защищают организмы от патогенов, переносят сообщения, регулирующие деятельность организма. Химически белки представляют собой цепочку аминокислот, свёрнутую в пространстве особым образом. Одна из функций белков - активация генов. Некоторые гены содержат фрагменты, притягивающие к себе определённые белки. Если такие белки содержатся в клетке, они присоединяются к этому участку гена и может разрешать или запрещать его копирование на РНК. Наличие или отсутствие в клетке подобных регулирующих белков определяет, какие гены активируются, а значит, какие новые белки синтезируются. Именно этот регулирующий механизм определяет, должна ли клетка функционировать как мышечная или как нервная клетка или какая часть тела должна развиваться в этой части эмбриона. Если внести в организм (растение, микроорганизм, животное или даже человек) новые гены, то можно наделить его новой желательной характеристикой, которой до этого он никогда не обладал

Генная инженерия берет свое начало в 1973 году, когда генетики Стэнли Кохен и Герберт Бойер внедрили новый ген в бактерию кишечной палочки (*E. coli*). Начиная с 1982 года фирмы США, Японии,

Великобритании и других стран производят генно-инженерный инсулин. Клонированные гены человеческого инсулина были введены в бактериальную клетку, где начался синтез гормона, который природные микробные штаммы никогда не синтезировали. Около 200 новых диагностических препаратов уже введены в медицинскую практику, и более 100 генно-инженерных лекарственных веществ находится на стадии клинического изучения. Среди них лекарства, излечивающие артрозы, сердечно-сосудистые заболевания, некоторые опухолевые процессы и, возможно, даже СПИД. Среди нескольких сотен генно-инженерных фирм 60% работают над производством лекарственных и диагностических препаратов.

Генная инженерия в сельском хозяйстве. К концу 1980-х удалось успешно внедрить новые гены в десятки видов растений и животных — создать растения табака со светящимися листьями, томаты, легко переносящие заморозки, кукурузу, устойчивую к воздействию пестицидов. Одна из важных задач - получение растений, устойчивых к вирусам, так как в настоящее время не существует других способов борьбы с вирусными инфекциями сельскохозяйственных культур. Введение в растительные клетки генов белка оболочки вируса, делает растения устойчивыми к данному вирусу. В настоящее время получены трансгенные растения, способные противостоять воздействию более десятка различных вирусных инфекций. Еще одна задача связана с защитой растений от насекомых-вредителей. Применение инсектицидов не вполне эффективно. В генно-инженерных лабораториях Бельгии и США были успешно проведены работы по внедрению в растительную клетку генов земляной бактерии *Bacillus thuringiensis*, позволяющих синтезировать инсектициды бактериального происхождения. Эти гены ввели в клетки картофеля, томатов и хлопчатника. Трансгенные растения картофеля и томатов стали устойчивы к непобедимому колорадскому жуку, растения хлопчатника оказались устойчивыми к разным насекомым, в том числе к хлопковой совке. Использование генной инженерии позволило сократить применение инсектицидов на 40 - 60%. Генные инженеры вывели трансгенные растения с удлинённым сроком созревания плодов. Такие помидоры, например, можно снимать с куста красными, не боясь, что они перезреют при транспортировке. Список растений, к которым успешно применены методы генной инженерии, составляет около пятидесяти видов, включая яблоню, сливу, виноград, капусту, баклажаны, огурец, пшеницу, сою, рис, рожь и много других сельскохозяйственных растений.

Генная терапия человека

На людях технология генной инженерии была впервые применена для лечения Ашанти Де Сильвы, четырёхлетней девочки, страдавшей от тяжёлой формы иммунодефицита. Ген, содержащий инструкции для

производства белка аденозиндезаминазы (ADA), был у неё повреждён. А без белка ADA белые клетки крови умирают, что делает организм беззащитным перед вирусами и бактериями. Работающая копия гена ADA была введена в клетки крови Ашанти с помощью модифицированного вируса. Клетки получили возможность самостоятельно производить необходимый белок. Через 6 месяцев количество белых клеток в организме девочки поднялось до нормального уровня. После этого область генной терапии получила толчок к дальнейшему развитию. С 1990-х годов сотни лабораторий ведут исследования по использованию генной терапии для лечения заболеваний. Сегодня мы знаем, что с помощью генной терапии можно лечить диабет, анемию, некоторые виды рака, болезнь Хантингтона и даже очищать артерии. Сейчас идёт более 500 клинических испытаний различных видов генной терапии. Неблагоприятная экологическая обстановка и целый ряд других подобных причин приводят к тому, что все больше детей рождается с серьёзными наследственными дефектами. В настоящее время известно 4000 наследственных заболеваний, для большинства из которых не найдено эффективных способов лечения. Сегодня существует возможность диагностировать многие генетические заболевания ещё на стадии эмбриона или зародыша. Пока можно только прекратить беременность на самой ранней стадии в случае серьёзных генетических дефектов, но скоро станет возможным корректировать генетический код, исправляя и оптимизируя генотип будущего ребёнка. Это позволит полностью избежать генетических болезней и улучшить физические, психические и умственные характеристики детей.

Проект "Геном человека". В 1990 году в США был начат проект "Геном человека", целью которого было определить весь генетический код человека. Проект, в котором важную роль сыграли и российские генетики, был завершён в 2003 году. В результате проекта 99% генома было определено с точностью 99,99% (1 ошибка на 10000 нуклеотидов). Завершение проекта уже принесло практические результаты, например, простые в применении тесты, позволяющие определять генетическую предрасположенность ко многим наследственным заболеваниям. Высказаны, например, надежды, что, благодаря расшифровке генома, уже к 2006 году будут разработаны препараты для лечения такого опасного заболевания, как СПИД, к 2009 году будут определены гены, которые связаны со злокачественными новообразованиями, а к 2010-2015 году будут установлены механизмы возникновения почти всех видов рака. К 2020 году может быть завершена разработка препаратов, предотвращающих рак.

Перспективы контроля над генами. Развитие генной инженерии сделает возможным улучшение генотипа человека. Масштабные задачи, стоящие сегодня перед человечеством требуют людей талантливых во

многих отраслях, совершенных и высокоразвитых личностей, обладающих идеальным здоровьем, высочайшими физическими и умственными способностями. Таких людей можно будет создать методами генной, генетической и клеточной инженерии. Эти методы будут применимы как к только появляющимся на свет детям, так и к уже взрослым людям. Человек сможет многократно усилить свои собственные способности, и увеличить способности своих детей. С объективной точки зрения в этом нет ничего плохого или не этичного. Уже сегодня многие всемирно известные учёные, такие как Уотсон, один из первооткрывателей ДНК, говорят о том, что человеческая глупость, например, является по сути своей генетическим заболеванием и в будущем будет излечима. Будут полностью ликвидированы генетические причины заболеваний, все люди будут совершенно здоровыми. Старение будет остановлено и никому не придётся сталкиваться с увяданием, с упадком сил, с дряхлостью. Люди станут практически бессмертными – смерть будет становиться всё более редким явлением, перестав быть неизбежностью. Известно, например, что одной из причин старения является сокращение теломер при каждом делении клетки. В конце 1990-х ученым удалось внедрить в клетки открытый ими ген, отвечающий за выработку белка теломеразы, восстанавливающего теломеры, и тем самым сделать их бессмертными. Конечно, отдельные группы, не отягченные соответствующими знаниями, но, преследующие какие то личные, идеологические или лоббистские цели могут пытаться запретить подобные технологии, но как показывает история развития науки, надолго это сделать им не удастся.

Генная инженерия совершила прорыв в лечении рака. Стивен Розенберг (Steven Rosenberg) и его коллеги из американского Национального института рака (National Cancer Institute) опробовали на ряде пациентов новый метод борьбы с опухолями, основанный на введении в организм перепроектированных иммунных клеток. Помните, как недавно учёные сумели «обучить» иммунные системы мышей эффективной борьбе с раковыми опухолями путём простой трансплантации белых клеток крови, забранных от особей, по естественным причинам к раку невосприимчивым (ведь бывают и такие организмы)? Теперь схожий метод лечения рака опробован на людях. Сначала авторы работы взяли иммунные клетки — Т-лимфоциты — у человека, который, в силу своих природных особенностей, смог успешно «отогнать» у себя меланому. Учёные определили в них гены, отвечающие за работу рецептора, признающего раковые клетки, и растиражировали этот ген. Затем они взяли Т-лимфоциты у нескольких больных меланомой и при помощи ретровируса внебрили в них искусственный, клонированный ген. Затем пациенты перенесли процедуру химиотерапии, после которой их иммунные системы оказались ослабленными, с крайне небольшим числом выживших иммунных клеток. Тут-то этим больным

вернули их же собственные Т-клетки, забранные ранее, но теперь уже — с внедрённым в них новым геном (подробнее — в пресс-релизе института). Через месяц в 15 пациентах из 17 эти новые клетки не только выжили, но составили от 9% до 56% всего «населения» Т-лимфоцитов в организме. Но главное удивление — через 18 месяцев после лечения два пациента полностью избавились от рака, и также продемонстрировали высокий уровень Т-клеток в крови. У одного пациента раковых образований было два, одно из которых было разрушено полностью, а второе — сократилось на 89% (после чего его удалили хирургическим путём), а у второго пациента — была одна опухоль, которая «рассеялась». Розенберг отмечает, что «впервые генные манипуляции привели к регрессу опухоли у людей». «Мы теперь можем брать нормальные лимфоциты у пациентов и модифицировать их в лимфоциты, реагирующие на раковые клетки», — заявил учёный, который намерен продолжить исследование. Он хочет узнать, как генетически модифицированные клетки выживут в организме в течение большего срока, как будет работать эта терапия в комплексе с другими методами лечения рака, как она сможет помочь при борьбе с другими типами раковых образований (здесь будут работать иные гены, кодирующие строительство других рецепторов). В общем — вопросов ещё немало. Если немного отойти то можно сказать еще и о ультразвуковой абляции HIFU терапии. Лидером в этой области являются врачи КНР. Ее технология заключается в сжигании раковых клеток ультразвуком, при температуре 100 градусов Цельсия опухоль буквально тает. Лидером в производстве специализированной техники является пекинская компания Haifuning HIFU Technology, которая совместно с американской компанией General Electric создала полностью компьютеризированный аппарат с управляемым температурным режимом - FER BY 02.

Литература:

1. Сингер М., Берг П. Гены и геномы. — Москва, 1998. [1]
2. Стент Г., Кэлиндар Р. Молекулярная генетика. — Москва, 1981. [2]
3. Sambrook J., Fritsch E.F., Maniatis T. Molecular Cloning. — 1989. [3]
4. Патрушев Л. И. Искусственные генетические системы. — М.: Наука, 2004. [4]
5. Щелкунов С. Н. Генетическая инженерия. — Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2008. [5]
6. Свобода слова (газета, материалы с номера №4(348) 2.02.2012) [6]

Түйін

Генетика — бүкіл тірі организмдерге тән тұқым қуалаушылық пен өзгергіштікті зерттейтін биология ғылымының бір саласы. Тұқым

қуалаушылық пен өзгергіштіктің заңдылықтарын ашып, оларды қоғамды дамыту үшін пайдаланудың жолдарын шешуде генетика ғылымы зор үлес қосты. Сондықтан, биология ғылымының басқа салаларының арасында маңызды орын алады.

Rezume

Genetic engineering – is field of biotechnology including itself action reconstruction of genety'pes. Nowadays Genetic engineering let fo turn on and turn off separate genes , constructiny.

ЖУБАНЫШЕВА Г.И.

ШЕТТІК ЕСЕПТЕР.

Шеттік есептердің қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін Коши есебінен айырмашылығы бастапқы функция бір нүктеде емес шешімі ізделініп отырған аралықты шектейтін екі нүктесінде беріледі. Шеттік есепті шешу үшін

$$l(y) \equiv a(x)y'' + b(x)y' + c(x)y = f(x), a \leq x \leq b, \quad (1)$$

$$\alpha y(a) + \beta y'(a) = 0, \gamma y(b) + \delta y'(b) = 0, \quad (2)$$

(1)-ші теңдеудің жалпы шешімін табу қажет және жалпы шешім құрамындағы кез келген тұрақты (2)-ші шеттік шартты қанағаттандыруы қажет. Шеттік есептің Коши есебінен айырмашылығы шешімі әруақытта табыла бермейді, табылған жағдайда шешім жалғыз болмауы да мүмкін.

(1),(2) шеттік есептегі Грин функциясы $x \in [a, b], s \in (a, b)$ анықталған $G(x, s)$ функциясы деп аталады және әрбір $s \in (a, b)$ аралығында келесі қасиеттермен сипатталады

1) $x \neq s$ болғанда $G(x, s)$ функциясы

$$a(x)y'' + b(x)y' + c(x)y = 0; \quad (3)$$

теңдеуді қанағаттандырады.

2) $x=a$ және $x=b$ болғанда $G(x, s)$ функциясы (2)-ші шеттік шарттарды қанағаттандырады.

3) $x=s$ болғанда $G(x, s)$ функциясы x бойынша үзіліссіз, ал x бойынша туындысы $\frac{1}{a}(x)$ болатын үзіліс нүктесі болады?

$$G(s+0, s) = G(s-0, s), G'_x(s+0, s) - G'_x(s-0, s) = \frac{1}{a}(s). \quad (4)$$

(1),(2) шеттік есептің шешімін табу үшін алдымен (3)-ші теңдеудің (2) шеттік шартты қанағаттандыратын $y_1(x)$ және $y_2(x)$ шешімдерін табу қажет.

Егер $y_1(x)$ функциясы екі шеттік шартты да қанағаттандырса, онда $G(x, s)$ Грин функциясы табылады және оны

$$G(x, s) = \begin{cases} \varphi(s)y_1(x), & a \leq x \leq s, \\ \psi(s)y_2(x), & s \leq x \leq b, \end{cases} \quad (5)$$

түрде іздейміз. Мұндағы $\varphi(s), \psi(s)$ функциялары (5)-ші функция (4)-ші шартты қанағаттандыратындай болып таңдалады, яғни

$$\psi(s)y_2(s) = \varphi(s)y_1(s), \psi(s)y'_2(s) - \varphi(s)y'_1(s) = \frac{1}{a}s \quad (6)$$

Егер $G(x, s)$ Грин функциясы табылса, онда (1), (2) шеттік есептің шешімі

$$y(x) = \int_a^b G(x, s) f(s) ds. \quad (7)$$

Формула түрінде болады.

Сызықты шеттік есептің шешімін тапқанда келесі тәсілдерді қолдану ыңғайлы болады.

Екі шеттік шартпен берілген (1)-ші түрдегі сызықты дифференциалдық теңдеу берілсін және оның $x=a$, $x=b$ нүктесінде туындысы бар болсын, онда шеттік есептің шешімі

$$y = y_0(x) + \alpha u(x) + \beta v(x) \quad (8)$$

түрінде болады. Мұндағы $y_0(x), u(x), v(x)$ функциялары үш Коши есебінен табылады.

$$\begin{aligned} l(y) = f(x), y(a) = y'(a) = 0; l(y) = 0, y(a) = 1, y'(a) = 0; \\ l(y) = 0, y(a) = 0, y'(a) = 1. \end{aligned} \quad (9)$$

Шеттік шарттарды (8)-ге қойып, 2 теңдеулер жүйесін аламыз.

$$a(x)y'' + b(x)y' + c(x)y = \lambda y \quad (10)$$

$$\alpha y(a) + \beta y'(a) = 0, \gamma y(b) + \delta y'(b) = 0 \quad (11)$$

Түрдегі шеттік есептің меншікті мәні болып $\lambda = \lambda_0$ саны табылады және есептің $y = \varphi(x)$ тривиалды емес шешімі болады. Бұл шешім меншікті функция деп аталады.

1-мысал, $y(0) = 3, y(1) - y'(1) = 1$ шеттік шарттарын қанағаттандыратын $y'' - y' = 0$ теңдеуінің шешімін табу қажет.

Шешімі: Берілген дифференциалдық теңдеудің барлық шешімдері $y = c_1 + c_2 e^x$ түрінде өрнектеледі. Мұндағы: c_1, c_2 – кез келген тұрақты. c_1, c_2 тұрақтыларын берілген шеттік шарттарды қанағаттандыратындай етіп таңдап аламыз, яғни c_1, c_2 мәндерін $c_1 + c_2 = 3, c_1 + c_2 e - c_2 e = 1$ теңдеуінен табамыз. Бұдан $c_1 = 1, c_2 = 2$ Олай болса шеттік есептің шешімі $y = 1 + 2e^x$

2-мысал: $y'' + y = 0$ теңдеуінің $y(0) = 0, y(a) = y_0$ шарттарына қанағаттандыратын шешімін табу керек.

Шешімі: Берілген дифференциалдық теңдеудің жалпы шешім $y = c_1 \cos x + c_2 \sin x$ түрінде болады. $y(0) = 0$ шарты $c_1 = 0$ болғанда орындалады, бұдан $y = c_2 \sin x$ егер $a \neq \pi$ мұндағы π -бүтін сан, онда екінші шекаралық шарттан $y_0 = c_2 \sin a, c_2 = \frac{y_0}{\sin a}$

Бұл жағдайда берілген шеттік есептің $y = \frac{y_0}{\sin a} \sin x$ жалғыз шешімі болады.

Егер $a = \pi$ болса, онда екінші шеттік шарттан $c_2 \sin \pi = y_0$ шығады. Бұдан $y_0 = y$ шеттік есептің $y = c_2 \sin x$ түріндегі ақырсыз шешімдер жиыны болады. Мұндағы c_2 - кез келген сан.

Егер $a = \pi, y_0 = 0$ болғанда берілген дифференциалдық теңдеудің шешімдерінің ешқайсысы көрсетілген шеттік шарттарды қанағаттандырмайды. Яғни, шеттік есептің шешімі жоқ.

3-мысал: $y'' = f(x), y(-1) = y(1) = 0, -1 \leq x \leq 1$ шеттік есептің Грин функциясын тұрғызу керек.

Шешімі: Теңдеудің жалпы шешімі $y'' = 0, y = c_1 + c_2 x, y_1(x) = 1 + x, y(-1) = 0$ шартын қанағаттандырады. $y_2(x) = 1 - x$ шешімі $y(1) = 0$ шартын қанағаттандырады. Берілген шеттік есептің Грин функциясын

$$G(x, s) = \begin{cases} \varphi(s)(1+x), & -1 \leq x \leq s, \\ \psi(s)(1-x), & s \leq x \leq 1, \end{cases}$$

түрінде іздейміз. $\varphi(x)$ және $\psi(x)$ функциялары $\psi(s)(1-s) = \varphi(s)(1+s), -\psi(s) - \varphi(s) = 1$ шарттарынан анықталады. Бұдан

$\varphi(s) = -\frac{1-s}{2}, \psi(s) = -\frac{1+s}{2}$. Сондықтан ізделінді Грин функциясы

$$G(x, s) = \begin{cases} -\frac{1}{2}(1-s)(1+x), & -1 \leq x \leq s, \\ -\frac{1}{2}(1+s)(1-x), & s \leq x \leq 1, \end{cases}$$

түрінде болады. Грин функциясын тұрғызып берілген шеттік есептің шешімін

$$y = \int_{-1}^1 G(x, s) f(s) ds = -\frac{1+x}{2} \int_{-1}^x (1-s) f(s) ds - \frac{1-x}{2} \int_x^1 (1+s) f(s) ds$$

түрінде жазамыз.

Әдебиеттер:

1. Арнольд В.И. Обыкновенные дифференциальные уравнения. – М: Наука, 1971.
2. Бугров Я.С., Никольский М.С. Сборник задач по высшей математике. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1997.
3. Пискунов Н.С. Дифференциальное и интегральное исчисления. – М: Наука, 1972.
4. Самойленко А.М., Кривошея С.А., Перестюк Н.А. Дифференциальные уравнения примеры и задачи. – М: Высшая школа, 1989.
5. Степанов В.В. Курс дифференциальных уравнений. – М: ГИТТЛ, 1952.
6. Хартман Ф. Обыкновенные дифференциальные уравнения. – М: Мир, 1970.

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

КОПТЛЕУОВА Г.М.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

«Инновация» ұғымын экономикалық теорияға өткен ғасырдың 30–жылдарында Й.Шумпетер енгізді. Қазіргі кезде көптеген әдебиеттерде инновацияға әртүрлі анықтамалар берілген:

инновация дегеніміз жаңа идеяларды түрлендіруге байланысты қызмет түрі немесе рынокқа енгізілген жетілдірілген өнім;

инновация – практикалық қызметте пайдаланылған жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдіс;

инновация – әлеуметтік қызметтерге жаңа тәсіл.

Жалпы алғанда инновация дегеніміз – ғылыми–техникалық, ұйымдастырушылық, қаржылық және коммерциялық іс–шаралар кешенін болжайды.

Шет елдік зерттеушілер Э.Дж.Долан, Я.Корани, П.Хейне, П.Ф.Друкер, Н.Г.Менкью, Г.Хоскинг, Й.Шумпетер, В.Леонтьев және т.б. өндірістік сферадағы кәсіпкерліктің инновациялық сипатын бейнелейтін экономикалық қатынастардың қазіргі заманғы теориясын дамытты [1].

Алайда бұл ғалымдардың еңбектерінің басым бөлігі жалпы ғылымдық сипатта жазылған немесе мәселенің жеке тұстарын ғана шешуге арналған. Қазіргі уақытта инновациялық өнімді тиімді жасап, ұтымды пайдалану қатынастарын сапалы түрде қарастырылмайынша елдегі аса маңызды әлеуметтік–экономикалық міндеттерді шешу мүмкін еместігін түсіну енді жеткілікті емес. Ал бұл өзіне тән арнайы мамандырылған қызмет субъектілері, инфрақұрылым институттары, өзіндік нарықтық қатынастары бар елдің барлық инновациялық потенциалының дамуын талап етеді.

Индустриалды–инновациялық қызметтердің өндірістің тиімділігі мен өнімнің бәсеке қабілеттілігін арттырудың пәрменді тәсіліне айналуы инновация сферасындағы меншік қатынастарын жүзеге асыру, инновациялық үрдістерді мемлекеттік реттеуде жетілдіру мәселелеріне дұрыс қарауды талап етеді.

Қазақстан Республикасының индустриалды–инновациялық потенциалының орнын, ролін, қызметін ғылыми–тәжірибелік тұрғыдан талдау инновациялық қызметтің сан қырлы мәселелерін зерттеудің танымдық маңызын арттырып қана қоймайды, сондай–ақ дәстүрлі салалық

талдауды жалпы ұлттық және аймақтық тұрғыдан толықтыра түседі.

Шағын инновациялық бизнес мәселелері жақсы зерттелген шет елдерде оны қолдаудың бірқатар тиімді бағдарламалары бар. Алайда шетелдік тәжірибені қазақстандық болмысқа дәлме–дәл тікелей көшіру мүмкін емес және ол шет елдегідей тез және оң нәтиже бере алмайды. Осы мақсатта экономикалық құралдарды отандық жағдайға бейімдеу үшін өтпелі ғылыми–зерттеу жүйесінің қалыптасу кезеңінде шағын инновациялық кәсіпкерліктің айрықша секторын жан–жақты зерттеу қажет.

Экономикалық әдебиеттерде инновацияның көптеген түрлерінен технологиялық және технологиялық емес инновацияларға айрықша көңіл бөлінеді. Әлеуметтік жаңалықтар, басқару формалары мен әдістерінде болатын өзгерістер мен тағы басқаларды техникалық емес инновацияға жатқызамыз. Ал технологиялық инновация – жаңа немесе жақсартылған тауарлар мен техникалық үрдістерді әзірлеу мен енгізу болып табылады.

Инновацияны жаңалықтардан айыра білу тиіс, өйткені бұл екеуі мүлдем әртүрлі ұғым. Жаңалық – бұл тек идея немесе жаңа технологиялық үрдіс пен жаңа өнімнің жобасы. Алайда ол нарыққа жетпегенше инновация болмайды. Нарықтық экономикада ғылыми зерттеулердің тек 6–8%–ы жаңа тауарға немесе үрдіске айналады.

Ч.Фрименнің жіктеуінше, технологиялық инновациялар өнімдік және үрдістік инновацияларға айналуы мүмкін. Өнімдік инновация дегеніміз – жаңа материалдар мен жартылай фабрикаттарды пайдалана отырып, жаңа өнім алу немесе технологиялық жаңа және технологиялық жетілдірілген өнімдерді әзірлеу және енгізу болып табылады. Ал үрдістік инновацияға технологиялық жаңа немесе өнімдерді табыстау әдістерін қоса технологиялық едәуір жетілдірілген өндірістік әдістерді әзірлеу және енгізу кіреді. Мұндай инновациялар жаңа өндірістік жабдықты, өндірістік үрдісті ұйымдастырудың жаңа әдістерін немесе олардың жиынтықтарын пайдалануда, сондай–ақ зерттеулер мен әзірлемелер нәтижелерін пайдалануда негізделуі мүмкін. Әдетте мұндай инновациялар өндірістің тиімділігін арттыруға немесе кәсіпорындарда бар өнімдерді табыстауға бағытталған, бірақ сондай–ақ кәдімгі өндірістік тәсілдерді пайдалана отырып өндіруге немесе жеткізуге келмейтін технологиялық жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді өндіруге немесе жеткізуге арналуы мүмкін. Өнеркәсіпте технологиялық инновацияға мынадай өзгерістер жатпайды: өнімдердегі (түсінде, сәнінде және т.б.) эстетикалық өзгерістер; оның конструкциялық орындалуын өзгеріссіз қалдыратын, осы немесе басқа өнімнің параметріне, құрамына, құнына жеткілікті елеулі әсер етпейтін елеусіз техникалық немесе өнімнің сыртқы өзгерісі, сондай–ақ оған енетін материалдар мен компоненттер.

Сонымен қатар инновациялар өнімнің маңыздылығы мен қызмет ету сфераларына байланысты: салааралық, салаішілік, кәсіпорын ішіндегі

инновация деп бөлінеді.

Салааралық ішіндегі инновация – екі немесе одан да көп сала арасындағы байланыстың нәтижесінен пайда болған инновация. Салаішілік инновация – белгілі бір сала ішінде ашылған жаңалық. Кәсіпорын ішіндегі инновация – кәсіпорын ішіндегі инновациялық жаңалық, яғни кәсіпорын жұмысының сапасына тиімді әсер ететін фактор.

Инновацияны зерттеушілер жаңа өнімнің «өмірге келу» процесін 7 элементке жіктеп көрсетеді:

1. Инновациялық идеяның тууы.
2. Жаңа өнімді шығару.
3. Өнімді өткізу нарығын анықтау.
4. Сұранысты анықтау.
5. Өнімді жарнамалау.
6. Сату процесін ұйымдастыру.
7. Өнімді өткізу.

Сонымен қатар, инновациялық өнімді нарықтық жағдайда өткізу көлемін арттыру, оған деген сұранысты жоғарылату мақсатында тауарлардың бағасын төмендету, тұтынушыларға қосымша сыйлықтар ұсыну сияқты жанама тәсілдерді қолданылады. Белгілі бір мерзімді аяқтап, өзін-өзі өтеген инновациялық өнім ескіріп кетпеу үшін оны келесі нарыққа немесе аймаққа ауыстыру қажеттілігі туындайды [2].

Қазіргі кезеңде әлемдік экономикалық жүйенің қарқынды дамуы ғылымды қажетсінетін өнімдер мен оны өндіретін технологияларды тиімді құру және пайдалануға байланысты. Ол үшін негізделген ғылыми–зерттеулер жүргізу қажет және олардың нәтижелерін шұғыл түрде өндіріске енгізу үлкен жетістік. Сонымен, ғылымда жаңа технологиялық бағыттар пайда болады. Осылардың бәрін дұрыс бағытқа салу, тиімді пайдаланып нақтылы нәтижеге жету үшін арнайы инфрақұрылым қажет.

Әдетте инновациялық инфрақұрылымның мынадай жүйелік буындарын бөліп көрсетуге болады:

өндірісті–технологиялық: технопарктер, инновациялы–технологиялық орталықтар, бизнес–инкубаторлар және т.б.;

қаржылық: қорлардың әртүрлі типтері–бюджеттік, венчурлік, қамсыздандыру, инвестициялық;

ақпараттық: орталық–талдау, статистикалық, ақпараттық және т.б.;

кадрлық: дайындау, қайта дайындау, оқу мекемелері (әсіресе инновациялық менеджмент саласынан), технологиялық аудит, маркетинг және т.б.

Бәсекеге қабілеттілік мәселелерін шешу үшін Қазақстанда көп деңгейлі инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуы қарастырылған. Оған мыналар жатады:

білім-инновациялық кешендер – жоғары оқу орындары, ғылыми–зерттеу институттары, ғылыми орталықтар, оқытатын компаниялар. Бұлардың бәрі білікті кадрлар дайындау мен жаңа ой–пікірлер ұсынады;

бизнес-технологиялық кешендер – жаңа ғылыми пікірлерді өндіріске енгізу мен жаңа тауарларды әзірлеумен айналысады;
қолдаушы кешендер.

Инновациялық қызметті қолдау және қаржыландыру, маркетинг, көрме жұмыстары, интеллектуалды меншіктерді қорғау мәселелерімен шұғылданатын құрылымдар кіреді.

Инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін жоғарыда келтірілген жағдайлар міндетті түрде қажет. Олардың барлығының жиынтығы аймақтық инновация жүйесін құрайды.

Инновациялық үрдістерге мынадай ерекшеліктер тән:

әрдеңгейдегі қатысушылардың болуы;

қатысушылардың қызығушылықтарының жүйелілігі және келісімділігі;

шығындар мен нәтиже арасында уақыттық, кеңістік, құндылық бөлшек болуы;

болжамдық сипат;

экономикалық және әлеуметтік мән.

Инновациялық үрдістерде қатысушылар ретінде макро-, мезо- және микродеңгейлерде әртүрлі экономикалық субъектілер бар: мемлекет; корпоративтік құрылымдар; кәсіпорындар; академиялық; салалық; ғылыми зерттеу орындары.

Инновациялық инфрақұрылымның субъектілерінің жұмысы бас кезінде инновациялық кәсіпорындардың қызметіне тиісті жағдай жасау, жоғары технологиялар және оларды өндіріс аясында іс жүзінде пайдалану.

Қазақстан республикасының экономикасына байланысты технопарктердің үш үлгісін пайдалану орынды: ұлттық технопарктер; аймақтық инновациялық орталықтар; жоғары технологиялық аумақтар.

Ұлттық технопарктер республикалық бюджеттің қаржысына құрылады. Олардың ерекшеліктері болып мыналар саналады:

ғылыми–зерттеу мекеменің негізінде белгілі мамандандыруды құру;

нақтылы ғылыми бағыттарды дамыту;

отандық ғылыми жетістіктерді пайдалану;

жаңадан өндірілген өнімдердің күрделі дәрежелігі.

Ұлттық технопарктерді құру мақсаты отандық ғылыми–техникалық әуелетті толық пайдаланып өз аясына тарту.

Аймақтық инновациялық орталықтардың инфрақұрылымның элементі ретінде ерекшеліктері төмендегідей:

бір инновациялық орталықтың шеңберінде әртүрлі ғылыми бағыттарды дамыту;

орталықтарды жеке аймақтық ғылыми–зерттеу кешенінің негізінде құру;

қызмет нысанасы жеке аймақтық ресурстары мен қажеттілігіне сүйенеді.

Қазақстанда жоғары технологиялық аумақтарды құрудың алдыңғы себептері:

ұтымды географиялық орналасуы;

өндірістік инфрақұрылымының жеткілікті деңгейде дамуы;

бай минералдық ресурстардың барлығы;

экономикалық және саясаттық тұрақтылық.

Ұлттық инновациялық жүйенің дамуы барлық компоненттердің болғанын қажет етеді.

Инновациялық жүйеге бірнеше инфрақұрылымдар кіреді:

мемлекеттік ғылыми ұйымдар – ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, жобалау институттары;

ұлттық компаниялар, күрделі кәсіпорындар жанындағы ғылыми ұйымдар;

меншік ғылыми–зерттеу және жобалау институттары;

ғылыми зерттеулермен айналысатын шағын және орта кәсіпкерлік;

ғылыми кадрлар және жеке өнертапқыштар;

материалдық–техникалық база.

Тиімді инновациялық жұмыс мүмкін егерде мынадай функциялар атқарылса:

көпдеңгейлі инновациялық инфрақұрылым (өндірістік, ақпараттық, білім беру) инновациялық қызметті іске асыру үшін тиісті жағдай жасалса;

қаржылық инфрақұрылым инновациялық жүйенің негізгі элементтерін қаржыландырумен қамтамасыз етілсе.

Сонымен инновацияның құрылымы келесідей: технопарктер, технологиялық инкубаторлар және инновациялық орталықтар.

Технопарктер дегеніміз – ғылымды, білімді және өндірісті территориялық жағынан біріктірудің капиталистік елдердегі жаңа, бірақ қазірдің өзінде кеңінен таралған тиімді нысаны, ол ғылыми–техникалық талдамалардың және жаңа технологияның өндірісіне жедел енгізілуіне септігін тигізеді. Жақсы жарақтандырылған ақпараттық – эксперименттік базасы құрылған және білікті кадрлар жоғары дәрежеде шоғырланған жағдайда жұмыс істейтін ғылыми, конструкторлық және өндірістік бөлімшелердің бірлестігі болып табылады.

Технологиялық инкубатор – ғылыми ұйымдардың, инновациялық кәсіпорындардың, жоғары оқу орындары және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуетін бір ортаға біріктіруге мүмкіндік береді.

Инновациялық орталық – конструкторлық–технологиялық жаңалықтарды жетілдіру мен өндірістерді дайындауға, бәсекеге қабілетті ғылымды қажетсінетін өнімдерді және жоғары технологияларды әзірлеу

кезінде инновациялық кәсіпорындарды өндірістік–технологиялық қолдауға және бұл құрылымдардың ғылыми–техникалық әзірленімдерді және маркетингті, жарнамалық және көрме қызметін, патенттік – лицензиялық жұмысты және интеллектуалдық меншікті қорғауды қоса алғанда, жергілікті және шетелдік нарықтарға ғылымды қажетсінетін өнімдерді жылжыту үшін құрылған инфрақұрылымдар [3].

Сонымен инновация – инновациялық үрдістерді ғана емес, тауарларды өткізу нарықтарын маркетингтік зерттеу, сонымен қатар ақпараттық, консалтингтік, әлеуметтік және басқа қызметтерге деген жаңа зерттеудің нәтижелерін енгізетін техникалық, технологиялық және ұйымдық жаңалықтарды құрастыру мен тәжірибелік меңгеру сферасы.

Инновациялар бірігіп инновациялық жүйені құрайды. Инновациялық жүйе әр алуан қатынастардың – фирмалардың, жаңа білім жасаушылардың технологиялық және аналитикалық орталықтардың кешенді үлгісі. Осы орайда зерттеудің негізін қалаушы ретінде өткен ғасырдың 80–ші жылдарының соңында жаңа заманға сай білімдерді жасауға, сақтауға, таратуға, оларды халық тұтынатын жаңа технологияларға, өнімдерге, қызметтерге түрлендіруге қатысушы экономикалық субъектілер мен қоғамдық ұйымдардың күрделі жүйесі ретінде инновациялық жүйе ұғымын енгізуші ретінде К.Фридманды айтуға болады. Лундвал мен Нельсонның классикалық анықтамаларына сәйкес инновациялар дегеніміз – бір–бірімен көптеген күрделі байланыстар арқылы біріккен жүйе болып табылады [4].

Әдебиеттер:

1. Салықов Ғ.С., Әжмұрат Н.Т. Өндірістік менеджмент: Оқу құралы - Ақтөбе: С.Бәйішев ат. АУ редакциялық баспа бөлімі, 2010 – 150 б.
2. Ескожин Ч.Б. Инновационный менеджмент: Учеб.пособие – Ақтөбе: Актюбинский университет им. С.Баишева, 2011г. – 250 с.
3. Жұмамбаев С.К. Өндірістік менеджмент: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011 – 268 б.
4. Иновациялық экономика (монография). –Алматы: «Триумф «Т», 2011. – 400 б.

Резюме

В статье рассматриваются основы теории инновации и виды инновации, а также формирование инновационной инфраструктуры.

Resume

In the article the foundations of innovation theory and its kinds, as well as the formation of innovation infrastructure are considered.

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ ҚОЛДАУДАҒЫ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Еліміз егемендік алғаннан бері нарықтық экономикаға өту барысында жекешелендіру жүргізіліп, көптеген салаларда серпіліс болды. Қазақстанның экономикалық өсуге жетудің бірден-бір алғышарты - мемлекетіміздегі зейнетақы реформасының нәтижелері ретінде анықталады. Зейнетақы жүйесі елдің ең өзекті мәселелерінің бірі деп айтуға болады. Себебі, зейнетақы жүйесі тек әлеуметтік мәселелермен қатар экономикалық маңызы бар мәселелерді де шешуге көмектеседі. Қазақстанда зейнеткерлікті қамтамасыз етуді мемлекеттің шығысы ретінде қарастырмай, экономиканың дербес аймағы, яғни қажетті әлеуметтік-экономикалық даму институты және қоғамның тұрақтылығы деп қарастыру қажет.

Қазақстанның нарықтық қатынастарға көшуі барысында экономикалық және әлеуметтік салаларды қаржыландыруда бір ғана бюджет қаражаттары жеткіліксіз бола бастады. Сондықтан қосымша қаржы көздерін іздестіру қажет болды. Бюджет қорымен қатар 1991 жылдан бастап мақсатты бюджеттен тыс қорлар құрылып, жұмыс істей бастады.

ТМД елдерінің арасынан зейнетақы жүйесіне Қазақстан бірінші болып көшті. Елде өндірісті дамытуға, жұмыс орнын құруға бағытталған көптеген капитал аккумуляцияланған. Қандай да инвестициялық жобаны қолдауға қабілетті қаржы қаражаттарының ішкі құралы көздері бар.

1991 жылдан бастап бюджеттен тыс қорлардың пайда болуы әлеуметтік-экономикалық дамудың қажеттіліктерінен туындады, атап айтқанда қатаң функционалдық мақсаттарға жұмсалатын мемлекеттің қаржы ресурстарының бір бөлігін оқшауландыру, мемлекеттік бюджетті оған тән емес шығыстардан жеңілдету, бір жағынын бюджет тапшылығын төмендету қажет болды.

Бұл міндеттерді Зейнетақы қорының, Әлеуметтік сақтандыру қорының, Халықты әлеуметтік қорғаудың одақтық-республикалық қорының, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорының шешуін қажет етті.

Сонымен қатар қорларды құру және пайдалану кезінде қайта бөлгіштік процестер пайда болды, бұл процестер шаруашылық жүргізуші субъектілердің бір бөлігі үшін уақытын белгілі бір межелдемесінде баламасыз болып табылады, яғни олардың экономикалық мүдделерінде нұқсан келтіреді.

Сол бір мезгілде бүкіл қоғам ауқымында бюджеттен тыс қорлар арқылы әлеуметтік-экономикалық теңгерімділікпен тұрлаулық қолдап отырылады, өйткені халықтың жеке топтарын әлеуметтік қолдау, бүкіл экономика немесе аймақтың мүдделері үшін белгілі бір мақсатты бағдарламаларды орындау, әлеуметтік-экономикалық дамуды теңестіру жөніндегі жергілікті және жалпы мемлекеттік ауқымды теңестіру жөніндегі жергілікті және жалпы мемлекеттік ауқымдағы мәселелерді шешу мүмкін болды.

Бұл орында бюджеттен тыс қорлардың қызметінде топтық және қоғамдық мүдделердің қарама-қайшылығы көрініп, білінеді. Жалпы бюджеттен тыс қорлардың қызмет ету, сайып келгенде, бүкіл қоғам мүддесі үшін жүзеге асырылады. Оны нығайтуға бағытталған және қаржы қатынастарының бұл нысанның әлеуметтік-экономикалық мәні осында. Бюджеттен тыс арнаулы мемлекеттік бюджетпен бірге қосарлана қызмет етуі қаржы қатынастарын саралауға, олардың бір бөлігін кейбір сфераларға бағыттауға, қаржылық қызметін әртүрлі бағыттарында бұл қатынастардың өзіндік әртараптандыруына жетуге мүмкіндік береді. Бюджеттен тыс қорлар өзінің функционалды-мақсатты арналымы бойынша да, басқарудың деңгейі жағынан да өте әр түрлі.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін жақсы әлемдік стандарттармен жетістіктерге сәйкестендіріп шаруашылық аймағына ауыстыруға барлық негіздер бар. Мұндай шаруашылық аймақты құру мерзімі 5-10 жылға шектелген. Осы қысқа мерзімде зейнетақы жүйесінің материалдық-заттай базасы құрылуы тиіс.

Тұрғын-коммуналды шаруашылыққа көптеген қаражаттар салынуы қажет. Жаңа принципіалды қоныстандыру типін құру қажет. Ол тұрғын үйлер (пансионаттар, қалаларда ғимараттар, кварталдар) зейнеткерлерге қатысты инфраструктурада болуы қажет: коммуналды, әлеуметті, медициналық, мәдениетті. Жаңадан ерекше коммуналдық қызметтер жүйесі қажет.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қаражаттарын бағыттайтын шаруашылық саласының экономикалық ережесіне талдау қажет. Қаражаттарды орналастыруға ұсынылған салалардың қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа бағыттарын өңдеу қажет, әйтпесе салынған салымдар тиімсіз болуы мүмкін, яғни өндірілген өніммен қызметтер зейнеткерлер үшін қымбатқа түседі. Салалар және әрбір инвестициялық жоба бойынша қор қайтымдылығын, еңбек өнімділігін, пайда және басқа да көрсеткіштерін зерттеу керек. Сонымен, жұмыс істейтіндердің саны және тұрғындардың жалпы қартаю тенденциясының өсуіне қатысты зейнеткерлер санының өсуі макроэкономикалық өзгерістерге әкеледі. Осыған байланысты болашақтағы жағдайға макроэкономикалық болжам жасау міндетті.

Елдің өнеркәсіптік балансының құрылымында өзгерістер болатындығы белгілі. Тұрғындар тұтынатын дәрі-дәрмектер, медициналық қызметтердің өсуі, өнеркәсіптік емес ассортименттегі тауарларды тұтытуда алынатын табыстарды болжау қажет.

Зейнетақы жүйесінің материалдық-заттай базасын құру үшін жинақтау зейнетақы қорының ақша массасына бағытталуы тиіс. Зейнетақы резервтерін зейнеткерлер тұтынатын өндіріс тауарлары мен қызметтерімен қамтамасыз ететін зейнетақы сферасымен экономиканың нақты шаруашылық секторындағы салалардың негізгі даму бағыттарын қаржыландыруға қолдану керек.

Жинақтаушы зейнетақы қаражаттарын нақты бір жобаға тарту тікелей және туынды қаржылық құралдармен құрылуы тиіс, яғни корпоративті акциялар мен облигацияларға, мемлекетпен кепілденген банк қаражаттарына.

Зейнетақы резервтері зейнеткерлерді қартайған шақта қамтамасыз етуге, болашақта зейнеткерлерге қажетті қаражаттарды екі есе көбейтетін инвестициялық қаражаттарға салынуы тиіс.

Нарықтағы ресурстардың сұраныс пен ұсынысқа сәйкес оңтайлы түрде пайдаланылуы экономикалық тиімділікке қол жеткізді. Сол себепті, бүгінгі таңда зейнетақы қорларының тиімді жұмыс жасап, мақсатты дамуы үшін келесідей басты міндеттерді атап көрсетуге болады:

- зейнетақы мен балаларға жәрдемақы төлеу үшін мақсатты алым және қаражат жинақтау, оларды қаржыландыруды ұйымдастыру;
- халықты әлеуметтік қолдауға байланысты республикалық және аймақтық бағдарламаларды қаржыландыруға келісім-шарт негізінде қатысуы;
- өзін-өзі қаржыландыру қағидаларының негізінде қор қаражаттарының ұдайы өндірісін ұлғайту.

Қазіргі кезде, батыс елдері біздің республикамыздағы зейнетақы жүйесіндегі субъектілер қызметіне қызығушылық білдіреді. Әлемдік бірлестіктердегі тәжірибелі елдер бірігіп, эксперттері жинақтау жүйесі негізінде зейнетақы жүйесінің жүргізілуін зерттеген кезде Қазақстан қызметінің біршама болашағы бар екендігі айтылды.

Қорға әрдайым максималды қорытындыға жетуге, болатын мәселелердің жаңа оригиналды түрлерін іздестіру, ұлттық нарықты жетісті меңгеру, жоғары сапалы қызметті, менеджменттің қазіргі деңгейіне қол жеткізуді мақсат ету қажет.

Елімізде тұрақты экономикалық өсуді қолдау ұзақ мерзімді инвестицияларды, халықтың ақшалай қаражаттарын сақтау мен көбейтуді, жаңартпалы қызмет пен күрделі құрылысты жүргізуді талап етеді. Бұл үдерістердегі ЖЗҚ-ның рөлі басым болу керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы, 24.12.2008 жыл (Өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
2. Үкіметтің, Ұлттық Банктің, Қаржы нарығын қадағалау агенттігінің 2009-2010 жылдарға арналған экономиканы және қаржы секторын тұрақтандыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл Жоспары.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан 06.03.2009 жыл.

БАРЫШЕВА Ж.Б.

«ОСНОВНЫЕ ЭЛЕМЕНТЫ ОЦЕНКИ БАНКОВСКИХ РИСКОВ»

Одной из основных и значимых целей деятельности банка является получение максимальной прибыли при минимально возможном риске.

3. Инфраструктура, обслуживающая население или социальная инфраструктура – жилой дом, коммунальные и транспортные услуги, субъекты систем образования, культуры и здравоохранения, фирмы, занимающиеся трудоустройством населения, бытовое обслуживание населения, юридическое обслуживание населения и т. д. Большая их часть существовала и до рыночной экономики, однако они были подвержены реформированию и в условиях рыночных отношений ориентированы на платное обслуживание, т. е. на коммерческую деятельность.

4. Инфраструктура, обслуживающая информационное обеспечение – различные компании и фирмы, занимающиеся сбором, обобщением и продажей всякого рода информации, данных, необходимых для экономической деятельности; фирмы, оказывающие юридические и экономические консультационные услуги. В этой сфере за период независимости, как и в других выше перечисленных направлениях инфраструктуры, сделано много дел. Юридические и экономические информации являются необходимыми для предпринимателя. На основе этих информаций субъект предпринимательства совершает юридические и экономические действия, такие, как планирование своего бизнеса, осознанное на юридическую основу отношений, куда и для чего израсходовать деньги, в каком количестве производить товар, в случае невыполнения или ненадлежащего выполнения обязательств участниками отношений определяет меры по защите своих интересов.

Известно, что экономический прогресс зависит от непрерывности производства, являющегося базой общественной жизни. Поскольку непрерывность производства должна иметь тенденцию к непрерывному росту, чтобы удовлетворить не только временные потребности общества, но и потребности будущего поколения. Непрерывность производства помимо соответствия оборотов производства продукции и товаров, полагается на субъекты инфраструктурного комплекса обслуживающего производства, а именно системы, оказывающей высокое технологическое обслуживание.

Следует отметить, что на основе признания производства общественной деятельностью лежит индивидуально – человеческие и материально – вещественные факторы. Проще говоря, трудоспособность

и инициативность главного фактора производства – человека, прямо зависит от степени удовлетворения его экономических и духовных потребностей. Лишь в случае удовлетворения этих потребностей человека, повышается его трудоспособность и инициативность. Поскольку, никакой человек не удовлетворяя свои личные потребности, не служит интересам предприятия. Вместе с тем, человек из - за неудовлетворенности своих личных потребностей не может отказываться от основного источника, удовлетворяющего его материальные потребности, то есть от оплачиваемой работы. В результате рабочий вместо того, чтобы заботиться о качестве и производительности продукции, с нетерпением ожидает завершения рабочего времени. Пока не удовлетворяются социально – экономические потребности человека, несколько дней проходят непроизводительно, т. е. снижается производительность труда и следовательно, качество продукции.

Общество должно развивать свои производственные возможности ориентируясь на потребности. Иначе не будут удовлетворены многие части человеческих потребностей. Расширение производственных возможностей обуславливают развитие сферы услуг, обслуживающее производство. Поскольку, как отметил Президент нашей страны, формирование сферы обслуживания и развитие малых предприятий, поощрение предпринимательства, восстановление ремесленного искусства и народного художественного мастерства в сельских местностях разрешит чрезмерно важную проблему для республики, т. е., обеспечивается соответствие количества рабочих мест возрастающему количеству трудовых ресурсов. В то же время создается возможность для расширения объема и ассортимента потребительских товаров и услуг, соответствующих вкусам потребителей.

Структурная политика в непроизводственной сфере должна ориентироваться на решение задач по укреплению материальной базы сфер здравоохранения, народного образования и культуры, повышению жизненного уровня в городах, поселках и сельских местностях, улучшению газоснабжения и водоснабжения, особенно в сельских местностях.

В этом плане приоритетными являются задачи по всестороннему содействию развитию деятельности субъектов сферы обслуживания, социально – экономических потребностей населения в повседневной жизнедеятельности, созданию благоприятных условий для развития сферы услуг, удовлетворяющей потребности населения на медикаменты, а также на бытовые, юридические, экономические, транспортные и информационные услуги, а также и условий для развития тех отраслей производства, которые способствуют повышению благосостояния населения.

Актуальность задач по устранению проблем на пути развития сферы обслуживания, благоприятствующей повышению непрерывности и качества производства, что является основой экономического прогресса и вызывает необходимость проведения учеными нашей страны исследований по определению позитивного решения задачи.

КОНАКБАЕВА А.У., ДАУЛЕТОВА Р.С

ИНДУСТРИЯЛДЫ - ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Алдағы уақытта үдемелі индустриялды - инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын табысты іске асыру ел экономикасының ұзақ мерзімді тұрақты өсімін қамтамасыз етіп, өнімнің бәсекеге қабілетті түрлерін өндіруге, сондай-ақ шикізаттық емес саладағы экспорттың елеулі түрде өсуіне мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта ел экономикасының мақсатқа сәйкес жаңғыруы инновациялық индустрияландыру жүйесіне негізделіп отырғандығы баршамызға белгілі. Осы кезге дейін, индустриялық-инновациялық даму нәтижесінде экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалану жақсарып, менеджмент және маркетингтік зерттеулер, өнімді стандарттау, сертификаттау және т.б. маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. Еліміздің 2020 жылға дейінгі ҰИИД бағдарламасын жүзеге асырудың бірінші және екінші кезеңінде минералдық - шикізат ресурстарын тиімді игеру, сонымен қатар өндіруші өнеркәсіптің ахуалын жақсарту еліміздің индустриялды - инновациялық өсуі үшін қуатты құрал болып табылады. Осыған байланысты, минералдық - шикізат ресурстары саласында басты міндеттердің бірі жер қойнауын пайдалану тиімділігін арттыру арқылы жер қойнауын ұтымды, әрі кешенді пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің минералдық-шикізат базасын нығайтып, пайдалы қазбалар қорларын ұлғайту болып табылады. Сол себепті, әлемдік экономикалық үрдіске, перспективалық жобалар мен стратегияларға сәйкес, ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, елдің минералдық - шикізат ресурстарын игерудің жаңаша бағытын іздестіру қажет. Өйткені, Қазақстан әлемдік қауымдастыққа қолда бар шикізат үлесінің көптігінен емес, сол шикізаттан өндірілетін дайын өнім есебінен кіруі керек. Осы мақсатта, республикада жер қойнауын пайдалану саласында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жетілдіру арқылы жер қойнауын пайдалану құқығын алу тәртібін оңайлату көзделді. Атап айтқанда, заң жобасында жер қойнауын пайдалану құқығын берудің конкурстық рәсімдері, сондай - ақ конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі қысқартылып, конкурсқа қатысушылар беретін

конкурстық ұсыныстың мазмұнына қойылатын талаптар қайта қаралды. Сонымен қатар, жер қойнауын пайдалануға арналған келісім - шарттарды жасасу рәсімдерін оңайлату және мемлекеттік органдарда келісім - шарттарға қайтадан сараптама жүргізу практикасын жою ұйғарылды. Бұдан басқа да, әзірлеуге тартылмаған жер қойнауынан минералдық шикізатты қайта өңдеуді көздейтін «серпінді» жобаны іске асыруды жүзеге асыратын инвестормен тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беруге ұсыныстар әзірленгені белгілі. Жер қойнауын пайдалану құқығын берудің оңайлатылған тәртібі шикізатқа мұқтаж «серпінді» инвестициялық жобаларды мемлекеттік қолдау шаралары ретінде әрекет етіп отыр. Жер қойнауын пайдалану құқығын инвесторға инвестициялар саласындағы уәкілетті органмен «серпінді» макрожобаны іске асыруға арналған инвестициялық келісім-шарт жасасу жолымен, сондай-ақ ол жүргізетін инвестициялық жобаларды конкурстық іріктеу негізінде беру үшін Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» және «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңдарына бірқатар заңнамалық түзетулер енгізу қажет болғаны айқын. Бірақ та, жер қойнауынан минералдық шикізатты қайта өңдеп, дайын өнім түрінде экспортқа шығаруды жүзеге асыратын инвестордың жұмысына бірінші кезекте мемлекеттік бақылауды күшейту қажет. Себебі, бұл алдағы уақытта шикізат көзінің ысырап болмауына, аймақтағы экологиялық қауіпсіздіктің сақталуына, бюджет түсімін мақсатты қалыптастыруға мүмкіндік береді. 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын табысты жүзеге асырудың тағы бір бағыты электр энергиясын тиімді пайдалану. Яғни, қазіргі заманғы инфрақұрылымды дамыту үрдісіне сәйкес, энергетика саласына энергия үнемдеуші, оның ішінде ғылымды қажетсінетін технологияларды енгізу тетіктерін әзірлеу арқылы Қазақстанның электр энергетикасы саласын дамыту қажет. Жалпы, еліміздегі электр энергетикасы саласының бар әлеуеті экономиканың, сондай - ақ республика тұрғындарының электр және жылу энергиясына деген қажеттіліктерін соңғы онжылдықта ғана тұрақты түрде қамтамасыз етті. Енді, алдағы уақытта өнеркәсіптік өндірістің тұрақты дамуын және электр энергиясын тұтынудың тиісті өсімін ескере отырып, ұлттық маңызы бар электр станцияларында да, өңірлік энергия көздерінде де генерациялайтын қуаттарды өсіру қазіргі заман талабы болып отыр. Осы ретте, республикадағы электр желілік объектілерді қайта жаңарту мен қалпына келтіруді жүргізуде маңызды. Осындай мәселелерді шешу үшін, электр энергетикасын дамытуға, соның ішінде электрлік қуат көздерін беруге мүмкіндігі бар, жел және күн энергияларын пайдалану саласына едәуір инвестиция салу қажет. Бұл ретте электр энергетикасы саласында тартымды инвестициялық ахуал құру, жаңа объектілер салу, қолданыстағыларын кеңейту және қайта жаңарту мәселесі негізгі проблемалық мәселелердің бірі болып қалып отыр. Қазіргі кезде осы

саланың дамуы үшін ынталандыру шаралары, дәлірек айтсақ салықтық және өзге де преференцияларды ұсыну арқылы мемлекеттік қолдау көрсетілуде. Электр-энергетикалық сала көп капитал салуды талап ететіні, инвестициялық жобалардың өтеу мерзімі өте ұзақ екендігі белгілі. Сондықтан да, инновациялық технологияларды өндіріс саласына, жалпы қолдынысқа көптеп тарту жағдайында, электр энергиясының тұтыну тарифтерін бірқалыпты ұстап тұру маңызды. Жалпы, энергетика саласындағы кәсіпорындар айналым қаражаттарының жетіспеушілігінен жаңа заманға сай энергетикалық жабдықтарды сатып алуға мүмкіншілігі болмай отыр. Сол себепті, бүгінгі күні энергетикалық жабдықтар беру кезінде салықтық жеңілдіктер беру, сондай-ақ энергия жабдықтарының лизингін ұйымдастыруды жандандыру қажет. Сонымен, индустриялық инновациялық даму барысында «серпінді» жобаларды іске асырудың табыстылығын айқындайтын қазіргі заманғы индустриялық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін мемлекет пен жеке меншік бизнесінің мүмкіндіктерін белсенді пайдалану тиімді болып табылады. Қазақстан экономикасын әртараптандыру және әлеуметтік мәселелерді шешу кезінде қазіргі заманғы индустриялық инфрақұрылымды қалыптастыру стратегиялық мәнге ие болуда. Индустриялық саясаттың осы бағытын іске асырудың өзектілігі мыналарға негізделген: ел экономикасына салынған инвестициялардың зор ағынына қарамастан, негізгі инвестициялар әлі де өнеркәсіптің өндіруші салаларында, сондай-ақ құрылыстың, сауданың, қызметтер мен демалыс орнының кірістілігі жоғары салаларында генерациялануда. Қазіргі заманғы жаһандық бәсекелестікті және Қазақстанның әлемдік экономика жүйесіне кіруін ескере отырып, мемлекеттің негізгі міндеті ірі жүйе құраушы серпінді жобаларды іске асуын ынталандыру және мемлекеттік қолдау болуға тиіс. Қазақстандағы қазіргі заманғы индустриялық инфрақұрылымды салу және дамыту ерекше катализаторы ролін алуы қажет. Республикада арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар мен технопарктерді құру мен дамыту мақсатында мыналар:

- арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың өңірлердің экономикалық қызметімен тығыз кіріктірілуін қамтамасыз ету тетіктерін, елдегі жеке индустриялық аймақтарды құруды ынталандыру жөніндегі шараларды анықтап, әлемдік үздік тәжірибені ескере отырып, Қазақстанда индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды (арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, технопарктер және бизнес-инкубаторлар) жандандырудың бірыңғай тұжырымдамасын қабылдау;
- стратегиялық міндеттерге сәйкес арнайы экономикалық аймақтар мен индустриялық аймақтарды дамыту және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- ел экономикасын жаңғырту және әртараптандыру;

- Қазақстанды халықаралық инфрақұрылымдық нарыққа кіріктіру;
- өңірлердің экономикалық белсенділік орталықтарын дамыту;
- ірі «серпінді» макрожобаларды іске асыру;
- инфрақұрылымның алуан түрлері (энергетикалық, көлік, коммуникациялық, сумен жабдықтау, әлеуметтік және т.б.) арасында технологиялық өзара іс-қимыл жасау қажет.

Индустриялық инфрақұрылымды дамыту міндеттерін шешу үшін мемлекеттік және жеке меншік секторларды шоғырландыру процестерін, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде ұлттық холдингтер мен даму институттарының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажет. Үкіметтің және ұлттық холдингтердің күш-жігерін жеке меншік сектормен бірлесіп, құрылған арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды сапалы толықтыруға, сондай-ақ Өзбекстанмен, Ресеймен және Қытаймен шекаралас өңірлердегі капиталды қажетсінетін өндеуші өндірістерді өрістету және кеңейтуге бағыттау қажет. Еліміздің индустрияландырудан кейінгі дамуында және экономикалық серпілісті қамтамасыз етуде жетекші ролге экономиканың басым секторларындағы «Индустрияландыру картасына» енген жобалар ие болады, оларды жүзеге асыру мемлекеттің ұзақ мерзімді кезеңдегі экономикалық саясаттың маңызды бағыты ретінде танылуда. Жалпы, экономика салаларын одан әрі жылдам жаңғырту мақсатында Үкіметтің жеке құрылымдармен тығыз ынтымақтастығына негізделген ірі жобаларды жүзеге асыру міндеті қойылған. Мемлекеттің экономикалық әртараптандыру мен жаңғыртуға қатысуы отандық компанияларды дамыту мен өсіру үшін жағдай жасаумен, сондай-ақ мемлекеттің экономикалық серпінді қамтамасыз етуде белсенді әрі жетекші рөл атқаруымен сипаттылып отыр. Өз кезегінде «Индустрияландыру картасына» енген алдағы уақытта іске қосылатын жобалар Қазақстан экономикасында жетекші орын алуға және өңірлік, жаһандық экономиканың бәсекелестеріне айналуға тиіс. Жетекші кәсіпкерлік және қаржылық құрылымдар өзіне корпоративтік көшбасшылар функциясын алуға және серпінді жобаларды табысты іске асыруға әлеуетті қабілеттілікті таңдайтындығы белгілі. Қазіргі уақытта ішкі және сыртқы активтер басқару жөніндегі жүйе құраушы тәсілдерді жетілдіру мақсатында басым серпінді жобаларды іске асырудың барынша тиімділігін қамтамасыз ету үшін экономикалық саясатты одан әрі жетілдіру маңызды. Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін ең алдымен тек ғылыми-техникалық қызметтің өнімі ретіндегі инновациялық жобаны айқындаудан арылу қажет. Сондай-ақ жоғары тәуекелді жобаларды қаржыландыруға отандық және шетелдік жеке инвесторларды тарту тетігін әзірлеу қажет. Қазіргі таңда елдің индустриалды-инновациялық дамуы төңірегінде көптеген мәселелердің көтерілуі оның экономикадағы

маңыздылығын дәлелдейді. Қазақстана шикізаттық саладағы өнеркәсіптердің дамуы байқалғанымен, шикізаттық емес салада өндірістің, атап айтсақ машина жасау, металл, пластмасса және резина бұйымдары, химия саласының жоғары технологиялы өнімдері, электро-техникалық жабдықтар мен дайын тамақ өнімдерін өндіру салаларында даму қарқыны біршама төмен. Жалпы, шикізаттық емес саладағы өндірістің өсу қарқынын зерттеу және оның даму бағыттарын айқындау экономиканың қалыпты дамуы үшін өте маңызды екені сөзсіз. Осыған байланысты, шикізаттық емес салада экспортқа бағдарланған өнім өндіріп, экономиканың барлық саласын әртараптандыру мақсатында келесідей міндеттер бірінші кезекте жешілуі қажет деп есептейміз:

Біріншіден, қолда бар минералдық-шикізат ресурстарын тиімді пайдалану арқылы шикізаттық бағыттан шикізаттық емес салада экспортқа бағдарланған өнім түрлерін көбейту қажет.

Екіншіден, экономиканы инновациялық индустрияландыру барысында электрлік қуаттың басқа да көздерін іздестіру керек.

Үшіншіден, индустриялық инфрақұрылымдарды құра отырып, кластерлік бастаманың дамуын одан әрі жандындыру қажет.

Төртіншіден, ұлттық инновациялық жүйені қазіргі заман талабына сай дамыту.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының индустриалдық - инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы. ҚР Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығымен бекітілген, Астана.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Ақтөбе облысының индустриялық - инновациялық дамуының 2004-2015 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 12 желтоқсан №311 шешімімен бекітілген, Ақтөбе.
4. www.aktobegazeti.kz.
5. «Ұлттық инновациялық жүйені іске қосу және дамыту жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы
6. Қазақстанның ғылымы және инновациялық қызметі. Статистикалық жинақ

Резюме

В статье характеризуется инновационно - промышленное развитие в Казахстане; описаны пути, направления, приоритеты, а также результаты инновационно-промышленного развития.

Resume

The article is characterized the innovative industrial development in Kazakhstan; it is determined the ways. The priority, anal the results of the innovative industrial development.

ИСМАГУЛОВА Р.А.

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ ҚОЛДАУДАҒЫ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Еліміз егемендік алғаннан бері нарықтық экономикаға өту барысында жекешелендіру жүргізіліп, көптеген салаларда серпіліс болды. Қазақстанның экономикалық өсуге жетудің бірден-бір алғышарты - мемлекетіміздегі зейнетақы реформасының нәтижелері ретінде анықталады. Зейнетақы жүйесі елдің ең өзекті мәселелерінің бірі деп айтуға болады. Себебі, зейнетақы жүйесі тек әлеуметтік мәселелермен қатар экономикалық маңызы бар мәселелерді де шешуге көмектеседі. Қазақстанда зейнеткерлікті қамтамасыз етуді мемлекеттің шығысы ретінде қарастырмай, экономиканың дербес аймағы, яғни қажетті әлеуметтік-экономикалық даму институты және қоғамның тұрақтылығы деп қарастыру қажет.

Қазақстанның нарықтық қатынастарға көшуі барысында экономикалық және әлеуметтік салаларды қаржыландыруда бір ғана бюджет қаражаттары жеткіліксіз бола бастады. Сондықтан қосымша қаржы көздерін іздестіру қажет болды. Бюджет қорымен қатар 1991 жылдан бастап мақсатты бюджеттен тыс қорлар құрылып, жұмыс істей бастады.

ТМД елдерінің арасынан зейнетақы жүйесіне Қазақстан бірінші болып көшті. Елде өндірісті дамытуға, жұмыс орнын құруға бағытталған көптеген капитал аккумуляцияланған. Қандай да инвестициялық жобаны қолдауға қабілетті қаржы қаражаттарының ішкі құралы көздері бар.

1991 жылдан бастап бюджеттен тыс қорлардың пайда болуы әлеуметтік-экономикалық дамудың қажеттіліктерінен туындады, атап айтқанда қатаң функционалдық мақсаттарға жұмсалатын мемлекеттің қаржы ресурстарының бір бөлігін оқшауландыру, мемлекеттік бюджетті

оған тән емес шығыстардан жеңілдету, бір жағынын бюджет тапшылығын төмендету қажет болды.

Бұл міндеттерді Зейнетақы қорының, Әлеуметтік сақтандыру қорының, Халықты әлеуметтік қорғаудың одақтық-республикалық қорының, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорының шешуін қажет етті.

Сонымен қатар қорларды құру және пайдалану кезінде қайта бөлгіштік процестер пайда болды, бұл процестер шаруашылық жүргізуші субъектілердің бір бөлігі үшін уақытын белгілі бір межелдемесінде баламасыз болып табылады, яғни олардың экономикалық мүдделерінде нұқсан келтіреді.

Сол бір мезгілде бүкіл қоғам ауқымында бюджеттен тыс қорлар арқылы әлеуметтік-экономикалық теңгерімділікпен тұрлаулық қолдап отырылады, өйткені халықтың жеке топтарын әлеуметтік қолдау, бүкіл экономика немесе аймақтың мүдделері үшін белгілі бір мақсатты бағдарламаларды орындау, әлеуметтік-экономикалық дамуды теңестіру жөніндегі жергілікті және жалпы мемлекеттік ауқымды теңестіру жөніндегі жергілікті және жалпы мемлекеттік ауқымдағы мәселелерді шешу мүмкін болды.

Бұл орында бюджеттен тыс қорлардың қызметінде топтық және қоғамдық мүдделердің қарама-қайшылығы көрініп, білінеді. Жалпы бюджеттен тыс қорлардың қызмет ету, сайып келгенде, бүкіл қоғам мүддесі үшін жүзеге асырылады. Оны нығайтуға бағытталған және қаржы қатынастарының бұл нысанның әлеуметтік-экономикалық мәні осында. Бюджеттен тыс арнаулы мемлекеттік бюджетпен бірге қосарлана қызмет етуі қаржы қатынастарын саралауға, олардың бір бөлігін кейбір сфераларға бағыттауға, қаржылық қызметін әртүрлі бағыттарында бұл қатынастардың өзіндік әртараптандыруына жетуге мүмкіндік береді. Бюджеттен тыс қорлар өзінің функционалды-мақсатты арналымы бойынша да, басқарудың деңгейі жағынан да өте әр түрлі.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін жақсы әлемдік стандарттармен жетістіктерге сәйкестендіріп шаруашылық аймағына ауыстыруға барлық негіздер бар. Мұндай шаруашылық аймақты құру мерзімі 5-10 жылға шектелген. Осы қысқа мерзімде зейнетақы жүйесінің материалдық-заттай базасы құрылуы тиіс.

Тұрғын-коммуналды шаруашылыққа көптеген қаражаттар салынуы қажет. Жаңа принципіалды қоныстандыру типін құру қажет. Ол тұрғын үйлер (пансионаттар, қалаларда ғимараттар, кварталдар) зейнеткерлерге қатысты инфраструктурада болуы қажет: коммуналды, әлеуметті, медициналық, мәдениетті. Жаңадан ерекше коммуналдық қызметтер жүйесі қажет.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қаражаттарын бағыттайтын шаруашылық саласының экономикалық ережесіне талдау қажет.

Қаражаттарды орналастыруға ұсынылған салалардың қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа бағыттарын өңдеу қажет, әйтпесе салынған салымдар тиімсіз болуы мүмкін, яғни өндірілген өніммен қызметтер зейнеткерлер үшін қымбатқа түседі. Салалар және әрбір инвестициялық жоба бойынша қор қайтымдылығын, еңбек өнімділігін, пайда және басқа да көрсеткіштерін зерттеу керек. Сонымен, жұмыс істейтіндердің саны және тұрғындардың жалпы қартаю тенденциясының өсуіне қатысты зейнеткерлер санының өсуі макроэкономикалық өзгерістерге әкеледі. Осыған байланысты болашақтағы жағдайға макроэкономикалық болжам жасау міндетті.

Елдің өнеркәсіптік балансының құрылымында өзгерістер болатындығы белгілі. Тұрғындар тұтынатын дәрі-дәрмектер, медициналық қызметтердің өсуі, өнеркәсіптік емес ассортименттегі тауарларды тұтынуда алынатын табыстарды болжау қажет.

Зейнетақы жүйесінің материалдық-заттай базасын құру үшін жинақтау зейнетақы қорының ақша массасына бағытталуы тиіс. Зейнетақы резервтерін зейнеткерлер тұтынатын өндіріс тауарлары мен қызметтерімен қамтамасыз ететін зейнетақы сферасымен экономиканың нақты шаруашылық секторындағы салалардың негізгі даму бағыттарын қаржыландыруға қолдану керек.

Жинақтаушы зейнетақы қаражаттарын нақты бір жобаға тарту тікелей және туынды қаржылық құралдармен құрылуы тиіс, яғни корпоративті акциялар мен облигацияларға, мемлекетпен кепілденген банк қаражаттарына.

Зейнетақы резервтері зейнеткерлерді қартайған шақта қамтамасыз етуге, болашақта зейнеткерлерге қажетті қаражаттарды екі есе көбейтетін инвестициялық қаражаттарға салынуы тиіс.

Нарықтағы ресурстардың сұраныс пен ұсынысқа сәйкес оңтайлы түрде пайдаланылуы экономикалық тиімділікке қол жеткізді. Сол себепті, бүгінгі таңда зейнетақы қорларының тиімді жұмыс жасап, мақсатты дамуы үшін келесідей басты міндеттерді атап көрсетуге болады:

- зейнетақы мен балаларға жәрдемақы төлеу үшін мақсатты алым және қаражат жинақтау, оларды қаржыландыруды ұйымдастыру;
- халықты әлеуметтік қолдауға байланысты республикалық және аймақтық бағдарламаларды қаржыландыруға келісім-шарт негізінде қатысуы;
- өзін-өзі қаржыландыру қағидаларының негізінде қор қаражаттарының ұдайы өндірісін ұлғайту.

Қазіргі кезде, батыс елдері біздің республикамыздағы зейнетақы жүйесіндегі субъектілер қызметіне қызығушылық білдіреді. Әлемдік бірлестіктердегі тәжірибелі елдер бірігіп, эксперттері жинақтау жүйесі негізінде зейнетақы жүйесінің жүргізілуін зерттеген кезде Қазақстан қызметінің біршама болашағы бар екендігі айтылды.

Қорға әрдайым максималды қорытындыға жетуге, болатын мәселелердің жаңа оригиналды түрлерін іздестіру, ұлттық нарықты жетісті меңгеру, жоғары сапалы қызметті, менеджменттің қазіргі деңгейіне қол жеткізуді мақсат ету қажет.

Елімізде тұрақты экономикалық өсуді қолдау ұзақ мерзімді инвестицияларды, халықтың ақшалай қаражаттарын сақтау мен көбейтуді, жаңартпалы қызмет пен күрделі құрылысты жүргізуді талап етеді. Бұл үдерістердегі ЖЗҚ-ның рөлі басым болу керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы, 24.12.2008 жыл (Өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
2. Үкіметтің, Ұлттық Банктің, Қаржы нарығын қадағалау агенттігінің 2009-2010 жылдарға арналған экономиканы және қаржы секторын тұрақтандыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл Жоспары.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан 06.03.2009 жыл.

НУРЖАНОВА М.Н. КЕНБЕЙЛОВА Г.А.

АВТОМАТИЗАЦИЯ НАЛОГОВОГО УЧЕТА РК.

Изменения, происходящие в ходе общего процесса экономических реформ в Казахстане, обуславливают необходимость трансформации системы хозяйственного учета и совершенствования технологий автоматизированного учета. Если в качестве точки отсчета взять систему бухгалтерского учета конкретной организации, то можно выделить две составляющие, оказывающие влияние на деятельность организации - внешнюю и внутреннюю. Наиболее существенную роль играют внешние по отношению к организации факторы. К ним относится реформирование финансовой отчетности в соответствии с МСФО и налоговой системы. Из внутренних составляющих процесса функционирования организации наиболее существенной является система управления организацией. Здесь можно выделить компоненты, связанные с выбором оптимальной финансово экономической политики, а также обусловленные необходимостью получения информации для налогового учета. С началом рыночных реформ в Казахстане ведется активная работа по реформированию бухгалтерского учета с тем, чтобы придать ему оптимальный вид и интегрировать в систему мировых стандартов. Параллельно протекает и реформирование налогообложения организаций. И хотя налогообложение регулируется отдельными самостоятельными правовыми актами, оно тесно связано с бухгалтерским учетом, поскольку

базируется на его данных. Такой вывод следует из содержания п.2, ст. 56 НК РК, в которой указывается, что организации исчисляют налоговую базу на основе данных регистров бухгалтерского учета. Тем самым признается, что бухгалтерский учет является базой для налогового учета. Последний рассматривают как систему сбора, фиксации и обработки бухгалтерской экономической информации для исчисления налоговых обязательств плательщика. Основная задача налогового учета состоит в том, чтобы определить размер налогов, подлежащих уплате в бюджет. Информация в данной системе формируется в два этапа. Сначала на основе первичных документов производится сбор учетной информации, затем ее систематизация и группировка. Если первый этап является для систем бухгалтерского и налогового учета общим, то на втором этапе между ними проявляется противоречие, поскольку налоговый учет располагает специфическими методами расчета налоговой базы (уникальной для каждого налога), которые не укладываются в рамки бухгалтерского учета. К их числу можно отнести корректировку расходов для целей налогообложения и др.

Существуют две точки зрения на сосуществование и взаимодействие систем налогового и бухгалтерского учета: обособленное ведение бухгалтерского и налогового учета и ведение налогового учета по данным бухгалтерского.

При обособленном рассмотрении системы налогообложения исчисление налоговой базы происходит в регистрах налогового учета или вне системно. При этом для устранения диспропорции достоверного отражения фактов экономических событий, оказывающих влияние на имущественное состояние и финансовые результаты, такие факты обосновываются в пояснительной записке к годовой финансовой отчетности. С позиции информационного обеспечения такая методология имеет существенный недостаток, заключающийся в том, что накопление и систематизация данных представляют большую сложность при несовпадении налоговых и бухгалтерских процедур. Вторая точка зрения базируется на постулате, что налоговый учет является дополнением системы бухгалтерского учета. При этом задачи первого решаются:

- введением дополнительных аналитических признаков на балансовых счетах рабочего Плана счетов бухгалтерского учета;
- использованием вспомогательных «забалансовых» счетов;
- ведением бухгалтерского и налогового учета на параллельных планах счетов;
- использованием специальных документов налогового учета.

В нынешних компьютерных системах бухгалтерского учета необходим дифференцированный подход в отношении каждого вида налога исходя из уровня трудоемкости автоматической систематизации группировки данных для формирования показателей налоговой декларации. На этом

основании технологии налогового учета можно условно разделить на мало-, средне- и высоко затратные. Выбор технологии для каждого налога определяется, с одной стороны, техническими возможностями используемой системы автоматизации и диапазоном имеющихся настроек, а с другой – тем, насколько применима для исчисления налоговой базы бухгалтерская оценка объекта учета.

Во-первых, классификации технологий налогового учета образуют налоги, которые могут быть исчислены автоматически по данным бухгалтерского учета. Это достигается путем введения дополнительных аналитических признаков на балансовых счетах, использованием вспомогательных «забалансовых» счетов или наделением специальных документов налогового учета функцией формирования проводок. При соответствующей настройке по малозатратной технологии можно организовать ведение учета, например, по налогу на имущество организаций, социальному налогу и др.

Во-вторых, это налоги, для исчисления налоговой базы, по которым необходима корректировка данных бухгалтерского учета. Сюда можно отнести КПП, НДС.

В-третьих, составляют налоги, для которых экономически оправдано вести исчисление налоговой базы внесистемно. Это налог на транспорт, налог на землю и др.

Порядок определения налогооблагаемого дохода предусматривает исчисление налоговой базы по итогам каждого отчетного (налогового) периода на основе данных налогового учета.

Налоговой учет должен отражать:

- порядок формирования суммы доходов и расходов;
- порядок определения доли расходов, учитываемых для целей налогообложения в текущем отчетном (налоговом) периоде;
- сумму остатка расходов (убытков), подлежащую отнесению на расходы в следующих налоговых периодах;
- порядок формирования сумм создаваемых резервов;
- сумму задолженности по расчетам с бюджетом по КПП.

Законодательно установлено, что подтверждением данных налогового учета являются:

- бухгалтерская документация;
- налоговые формы;
- налоговая учетная политика;
- учетные регистры и иные документы, являющиеся основанием для определения объектов налогообложения и объектов, связанных с налогообложением, а также для исчисления налогового обязательства.

Учетные регистры предназначены для систематизации и накопления информации, содержащейся в принятых к бухгалтерскому учету

первичных документах, аналитических данных налогового учета, с тем, чтобы отразить ее в расчете налоговой базы. Под такими регистрами понимаются сводные

формы систематизации данных налогового учета за отчетный (налоговый) период, сгруппированных в соответствии с требованиями главы 8 НК РК, без отражения по счетам бухгалтерского учета. Формы регистров и порядок отражения в них аналитических данных налогового учета, данных первичных учетных документов налогоплательщик разрабатывает самостоятельно и включает в приложение к налоговой учетной политике. Следует отметить, что для определения налоговой базы налогоплательщику разрешено использовать регистры бухгалтерского учета. Если же содержащейся информации там недостаточно для определения налоговой базы в соответствии с требованиями главы 8 НК, организация вправе вводить в эти регистры дополнительные реквизиты, формируя тем самым регистры налогового учета.

В типовой конфигурации «Бухгалтерский учёт» регистры налогового учёта представляют собой группу самостоятельных специализированных отчётов, которые можно условно разделить на три группы. Первую группу образуют регистры учёта хозяйственных операций. Они предназначены для обобщения информации о фактах деятельности организации, приводящих к возникновению объекта налогового учёта. В зависимости от вида совершаемой операции последняя отражается, например в одном из следующих регистров сведений: «Объекты имущественного налога», «Объекты транспортного налога», «Объекты земельного налога», «Коды строк декларации». Вторая группа состоит из регистров, предназначенных для сбора информации о наличии и движении объектов налогового учёта (регистры накопления), в частности: «Взаиморасчеты организации с контрагентами» (расчет налогов при поступлении активов и услуг), «Выплаченные доходы работникам организации по налоговому учету», «СН: сведения о доходах работника организации» и т.д. Особую группу образуют регистры расчёта. Они выполняют вспомогательную функцию, используются как источник информации для формирования отчётных данных. В эту группу, в частности, входят следующие регистры расчёта: «Основные начисления работников организации», «Удержания с физических лиц организации». Источником информации для построения аналитических регистров налогового учёта в типовой конфигурации «Бухгалтерский учёт» являются документы налогового учёта, счета налогового и бухгалтерского учёта. Так как налоговый учет ведется на основании бухгалтерских документов, при вводе в информационную базу документа налоговые проводки сформируются автоматически, если в экранной форме документа будет проставлена отметка «Отразить в налоговом учете». Если признак не установлен, программа будет расценивать доходы или расходы как постоянные разницы. Есть

специальные налоговые документы, типа: «Расчет налогов при поступлении активов и услуг», «Регистрация прочих доходов в целях налогообложения», «Расчет СН и СО» и т.д. Источником информации для построения регистра расчёта амортизации основных средств являются данные на счетах налогового учёта, предназначенных для обобщения информации о стоимости амортизируемых объектов основных средств и суммах начислений амортизации, а также данные налогового учёта из справочника «Основные средства». Предлагаемая база системного анализа в условиях автоматизации приведена на рисунке 1. Новая версия «1С: Бухгалтерии 8 для Казахстана» обеспечивает параллельное ведение бухгалтерского и налогового учета. Налоговый учет организован в соответствии с требованиями Налогового Кодекса РК и МСФО (НСФО).

Налоговый учет организован на следующих базовых принципах:

- независимость данных налогового учета от данных бухгалтерского учета;
- сопоставимость данных налогового учета с данными бухгалтерского учета;
- совпадение суммовых и количественных оценок доходов и расходов, активов и обязательств по данным налогового и бухгалтерского учета, при отсутствии объективных причин их расхождения.

В течение месяца, совершаемые хозяйственные операции, оформленные первичными документами бухгалтерского учета, параллельно отражаются в регистрах бухгалтерского и налогового учета. Для отражения хозяйственных операций в налоговом учете используется специальный план счетов налогового учета. Структура и организация аналитического учета в плане счетов налогового учета приближена к бухгалтерскому плану счетов. Вместе с тем он отражает специфику налогового учета. Его особенности состоят в следующем:

- все счета налогового учета являются забалансовыми, то есть в налоговом учете могут быть проводки без корреспонденции счетов, хотя в большинстве случаев все же используется корреспонденция;
- отсутствуют счета учета объектов, которые в любом случае не влияют на налог на прибыль.

Во всех документах, которые влияют на доходы и расходы организации присутствует группа реквизитов по налоговому учету. Эти поля заполняются автоматически на основе соответствия счетов БУ и НУ. Способом отображения хозяйственных событий в налоговом учете является запись налоговых проводок. Принципиальное отличие налоговой проводки от бухгалтерской заключается в том, что в записи налоговой проводки не требуется соблюдать правило двойной записи. При вводе в информационную базу документа налоговые проводки сформируются автоматически, если в экранной форме документа будет проставлена отметка "Отразить в налоговом учете". Если признак не установлен, программа будет расценивать доходы или расходы как постоянные разницы.

Построение регистра учета расчетов с бюджетом производится как по документам налогового учета вида «Учёт начисления налогов и других обязательных платежей, относимых на вычеты», так и по данным бухгалтерского учета по счетам подраздела «Обязательства по налогам».

Мы считаем, что компьютерное моделирование, вычислительный эксперимент, системы поддержки принятия решений в налоговом планировании позволяют отсеять ошибки стратегии и тактики налогообложения. Из-за длительности и сложности, а также плохой структурированности процессов в этих системах математическое и компьютерное моделирование часто может стать наиболее рациональным, адекватным и эффективным орудием исследования этих систем и управления процессами.

В последнее время все острее ощущается необходимость прогнозирования воздействия уровня налогообложения на деятельность организации. Необходимо определить ту предельную норму, превышение которой влечет потери общества и государства. Определение совокупной величины налоговых сборов таким образом, чтобы она, с одной стороны, максимально соответствовала государственным расходам, а с другой – оказывала слабо отрицательное воздействие на деловую активность, относится к числу главных задач государственного управления.

Литература:

1. Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» от 10 декабря 2008 года № 100-IV .
2. С.А. Харитонов Технология ведения учета в программе «1С: Бухгалтерия 8.0» - Издательство: 1С - Пабблишинг, 2005, 416 с.
3. Конфигурация «1С: Бухгалтерия 8 для Казахстана» - М: Фирма 1С, 2009.
4. Бюллетень бухгалтера №6 ,2011 г.

Резюме:

Мақала ұйымның стратегиясына және негізгі өндірістік процесстердің көмегімен салық өндіруді ықшамдауды қамтамасыз ету бойынша талаптарды кезеңді енгізуге, салықтық есептің информатизациясының жүйелік талдауына арналған.

Rezume

Article is devoted the system analysis of information of the tax account, which is representing a technique which helps stage by stage take root requirements on maintenance of optimisation of the taxation into strategy of the company and the basic productions.

ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ЖӘНЕ КАПИТАЛДЫҢ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҚАРЖЫ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШАРАЛАРДЫ ТАЛДАУ.

Өткен үш - төрт жылдықта орын алған әлемдік қаржы дағдарысы халықаралық экономикалық жүйені біршама өзгеріске ұшыратты. Осы ғаламдық қаржы дағдарысы жағдайында әлемнің жетекші дамыған АҚШ, Жапония, ЕуроОдақ елдерінің экономикасының өсімінің құлдырауы 2008-2009 жылдары шикізат өнімдеріне деген сұранысты екі есе азайтты. Сол уақытта әлемде шикізат өнімдерінің арзандап кетуінен шикізаттық компаниялардың бағалы қағаздары құнсызданып, көптеген өндіріс орындары жұмысын тоқтатты. Осындай экономикалық тоқыраудың және қаржы секторындағы тұрақсыздық салдарынан әлемдегі беделді деген қор индекстерінің барлығы да құлдырады.

Қазақстан Республикасы ғаламдық қаржы жүйесімен тығыз байланысты болғандықтан, әлемдік қаржылық дағдарыс ел экономикасына біршама әсер етті. Дағдарыс жағдайында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қаржы-несие, салық бюджет саласында тиімді саясат жүргізу, жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңа жұмыс орындарын ашу, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрғындардың нақты кірісін төмендетпеу көзделді.

Әсіресе, елдің қаржылық тұрақтылығын сақтап қалу мақсатында банк саласында жасалған іс - шараларды атап айтуға болады. Қаржы дағдарысы кезінде банктер капиталдың сыртқы нарықтарының жабылуы салдарынан сезіле бастаған қорландырудың жетіспеуі 2009 жылға қарай барынша өткір проблема болған кезде олардың кредиттік белсенділіктерінің айтарлықтай қысқаруына әкелді. Қазіргі бар портфельдің сапасы нашарлаған кезде жаңа кредиттердің берілмеуі кредиттік портфельдің біршама «сығымдалуына» (басым жағдайда провизиялардың ауқымды көлемдерін есептеу есебінен) әкеліп соқтырды.

Айтарлықтай мөлшерде портфельдің сығымдалу әсері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл - ауқат қоры (ҰӘҚ)» АҚ-ның, ҚР Үкіметінің, ҚРҰБ - нің және ҚҚА-ның 2009 - 2010 жылдарға арналған экономиканы тұрақтандыру жөніндегі бірлескен іс - қимылдары жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізіп отырған банк секторын қолдау жөніндегі шаралардың арқасында еңсерілді. 2009 жылы қосымша қорландырудың жиынтық көлемі 922,7 млрд. теңгеден астам болды, оның ішінде 308 млрд. теңге мемлекеттің 3 жүйе құрушы банктің капиталына кіруіне жіберілді (БТА Банк, Халық Банкі, Қазкоммерцбанк) және тағы да 24 млрд. теңге Альянс Банкке оның акциялары кепілдігімен депозитке орналастырылды. Бұл ретте активтерінің сапасына және өтімділікке қатысты проблемалары

ағымдағы жылдың басында шиеленісті сипатта болған БТА Банкін оның жай акцияларын сатып алу арқылы капиталдандыру көлемі 212,1 млрд. теңге болды (дауыс беретін жай акцияларының 75,1%). Осылайша, мемлекет БТА Банкінің негізгі меншік иесі болды.

Қазақстанның банк жүйесінің дағдарыстық құбылыстарға жоғары сезімталдығы экономиканы қаржыландырудың әртараптандырылмаған көздері, қор нарығының дамымауы, экономиканың сегменттелген нақты секторы, экономиканы және банк жүйесін долларландырудың жоғары деңгейі, кредиттік тәуекелді салалық шоғырландырудың жоғары деңгейі, сондай - ақ банктік экспансияның агрессиялық қарқындарына байланысты тәуекелдерді басқарудың тиімді емес жүйелері сияқты құрылымдық проблемалардың болуына себепші болды. Осы жүйелік осалдықтардың бірқатары нарықтық экономикасы қалыптасып жатқан басқа елдерге де тән болып отыр, олардың банк секторы түзетудің салыстырмалы немесе барынша терең ауқымдарын көрсетті.

ҚР ҰБ - нің Қаржылық қадағалау комитеті берген мәліметтер бойынша 2012 жылдың 1 наурызда жағдайы бойынша банктердің жиынтық активі 13,127 трлн. теңгені құрады. Банктік сектордың жиынтық меншікті капиталы 2,007 трлн. теңгені құрады. (банкаралық займдарды есепке ала отырып) банктердің несиелік портфелі 10,515 трлн. теңгені құрады, ал шетел валютасында берілген несиелер жиынтық қоржынның 43,3% құрады.

90 күннен астам төлемдер бойынша өтелмеген берешегі бар несиелер банктердің несиелік портфелінің 31,8 % құрады.

Банктік сектордың жиынтық міндеттемелері 2012 жылы 1 наурызда 11,916 трлн.теңгені құрады.

Меншікті капиталдың өсуі банктердің берешегін есептен шығару, борыштың бір бөлігін банктердің жай және артықшылық берілген акцияларына айырбастау кезінде жарғылық капиталды ұлғайту, сондай-ақ ағымдағы кезеңнің бөлінбеген таза пайдасының өсуі есебінен қол жеткізілді.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ атынан 1140 млрд. теңге сомаға, сондай-ақ банк акционерлері тарапынан 595,0 млрд. теңге мөлшерінде қосымша капиталдандыру нәтижесінде 1735,0 млрд. теңгеге ұлғайды.

Сыртқы міндеттемелердің төмендеуі аясында депозиттердің банк жүйесін қорландырудың негізгі көзі ретіндегі рөлі нығаюда. Алайда экономиканы кредиттеудің бұрынғы қарқынын қалпына келтіру кредиттік консерватизмнен бас тартудан басқа банктерден оларды одан әрі тарту бойынша белсенді саясат жүргізуді талап етеді.

Өз кезегінде банк жүйесіне тұрақтылығын қолдауға бағытталған мемлекеттік қорландыру банктердің ықтимал өтімділігін қамтамасыз ету, мемлекет белгілеген бағдарламалар шеңберінде нақты секторды кредиттеу,

сондай-ақ, банктік жүйеге деген сенімділікті арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Банктердің сақталып отырған консервативтік саясатының және банк жүйесіндегі қызмет көрсетілмейтін кредиттердің жоғары деңгейінің нәтижесі кредиттік портфельдің тарылуы және соның нәтижесі ретінде банктердің тұрақты қызметіне арналған негізгі пайданы әкелетін активтердің азаюы болып табылды.

Әдебиеттер:

1. www.newskaz.ru
2. /ИА Новости - Казахстан, 18.04.12/
3. www.kursiv.kz
4. Қазақстан Республикасының банк құқығы. Омурчиев. Алматы 2009ж

КОНАКБАЕВА А.У., ДАУЛЕТОВА Р.С

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Қазақстанның әлеуметтік, өндірістік потенциалын қалыптастыру, ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету, жалпы алда тұрған әлеуметтік-экономикалық жоспарларды іске асыру инвестицияларсыз мүмкін емес.

Ел экономикасында инвестициялар маңызды рол атқарады. Олар тұтастай мемлекеттің, оның жекелеген шаруашылық субъектілерінің алдағы кезеңдегі мүмкіндіктерін анықтап, экономика дамуының қозғаушы күші болып табылады. Ал ел экономикасына шет ел инвестицияларды тарту және оларды игеру экономиканың өндірістік потенциалын жоғарылатуға ықпал етеді.

Елдегі кәсіпкерлік және инвестициялық қызмет, экономикадағы ахуал мемлекеттің жүргізетін саясатына байланысты қалыптасады. Мемлекет қажетті іс-шаралар арқылы экономикадағы процестерді жеделдетіп немесе оларды тежей алады.

Мемлекет елдің ұлттық қауіпсіздігі мен ондағы жалпы жағдайды, оның ішінде инвестициялық қызметтің дамуын қамтамасыз етуге мүдделі. Сол себепті мемлекет экономикаға инвестицияларды тартуға қажетті жағдайды қамтамасыз ету үшін шаралар жүргізеді.

Нарықтық қатынастарға бет бұрған тәуелсіз Қазақстанның қазіргі кездегі дамуы экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз ететін

және экономиканың тиімділігін арттыруға бағдарланған инвестициялық саясатты жүргізуге бағытталып отыр.

Ішкі қаржыландыру көздерінің шектеулілігі жағдайында аталған міндеттерді шешу үшін, сонымен бірге реформалар жүргізу бойынша үкіметтің бағдармалар негізінде экономиканы қайта құрылымдауды қамтамасыз үшін экономикаға шетелдік капиталды тартудың маңыздылығы артты. Ел экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану Қазақстан мен шет мемлекеттер арасындағы өзара тиімді экономикалық әріптестіктің негізгі бағыттарының бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастарға көшу барысында инвестициялау бойынша нормативтік-заңнамалық негізі қалыптасты.

